Н. Любимов «Перевод – искусство» атты еңбегінде өзінің ойлағанындай нәтижеге жету үшін барша көркемдік құралдарды жұмылдыруға тиіс дей келіп, бұған не көмектеседі деп өзіне-өзі сұрақ қояды да былай жауап береді: «Бәрінен бұрын – орыс тілі кез келген қиындықты еңсереді, бәрін де бейнелей алады, бәрін де жеткізе алады, бұл тіл үшін алынбайтын қамал жоқ деген айқын сана, қаны мен жанына сіңіп кеткен сенім көмектеседі. Бұл сенім болмайынша, ана тіліне сүйіспеншілік болмайынша аудармашының алдан шығар қиындықтардан қаймып қалуы да мүмкін. Оны айтасыз, өзге тілдің құрсауында қамалып қалуы да ғажап емес» [2]. Бұл сөзді орыс тілінің орнына қазақ тілі деп қойып алып, өзіміз-ге айтудың әбден реті бар. Мұхтар Әуезов «Уақыт және әдебиетте»: «Аударма мәдениеті үздіксіз өсіп келеді. Сонымен бірге қазіргі бар аудармалардың өзінің де маңызын елемей, оны «мәртебелі ғылымның» назар аударуына арзымайтын нәрсе деп кемсітуге болмайды. Ондай пікірден қауіпті қорытынды шығып кетуі мүмкін. Аудару арқылы, тұтас алғанда, түпнұсқаның бар қасиетін беруге болмайды деу, сөйтіп әдебиет жайындағы ғылым үшін көркем аударманың маңызын жоққа шығару – түпнұсқаның тілін екінші тілде бейнелеуге келмейтін әлдеқайда бір құпия жазу деп бағалағандық болар еді» [3].

Әр аударма, шынтуайында, өзінше эксперимент. Кез келген туынды – автор қолымен дүниеге келген қайталанбас дүние. Ол жақсы болар, жаман болар, автор талантты болар, талантсыз болар – бәрібір, бұрын мұндай шығарма жазылмаған, енді қайтадан дәл осындай шығарма жазылмайтыны тағы рас, демек қайталанбас дүние. Аударма сол қайталанбас дүниенің басқа тілде қайталанған нұсқасын жасауы, яғни басқа тілде дүниеге қайта әкелуі керек. Көркем аударма ұғымының өзі өнердің барлық түрінің ішінен тек сөз өнеріне қатысты. Кескіндеме, мүсін өнеріне, биге, музыкаға аударма керек емес, белгілі бір дәрежеде киноны да түсінбейтін тілде көріп, ұзын-ырғасын ұғып шығуға болады. Ал түсінбейтін тілдегі әдеби шығарма – тек әріптер мен тыныс белгілер жиынтығы ғана. Оған жаңа өмір сыйлайтын адам – аудармашы.

Аударма – тәуелді өнер. Ешкім де барлық замандарға бірдей жарай беретін аударма жасай алмауы мүмкін. Сондықтан да әр дәуір өз аудармасын талап етеді делінеді. Аудармашы өз тілінде оқырман үшін жазады. Ол ұлттық ерекшелікті оқырманның түсінік-пайымын, танымын, талғамын, қалыптасқан дәстүрлерді ескермей отыра алмайды. Аудармашы өз оқырманының талғамын жаңа өрістерге тартып жатса, күнес биіктерге көтеріп жатса ғанибеттің ғанибеті. Өзге тілдегі үздік үлгіні қолға алған ақын өз оқырманының эстетикалық тұрғыдан қабылдампаздығын тәрбиелеуді де дәйім есте ұстағаны, өзге ұлттық мәдениеттердің өлең өрімдерінен өзімізге де өнеге болатындай өрнектер тауып жатқаны абзал. Зерттеудің өн бойында жалпы бір тілден екінші тілге аудару мүмкін бе дегеннен бастап, көркем шығарма аударыла ма, аударылса түпнұсқаға теңдес етіп шығаруға бола ма деген тұрғыда неше түрлі пікірлер келтірілген. Бұл арада негізгі мәселе – тәржімеші тұлғасы [1].

Тәржіменің ғажап қасиетін мынадан білуге болады. Адам ойы деген атқан оқтай түзу, төселген тақтайдай тегіс нәрсе емес. Бір ойдың өзі бір тілде қағазға түскенде бар қырын бірден аша салмайды, бәлкім, тіпті аша алмайды. Әлем әдебиетінің айналымына түскен туындылар сан түрлі тілдерге аударыла-аударыла жүріп, мәтіннің қатпар-қалтарыстарындағы астар, емеуріндер табыла беруі де мүмкін. Тіпті бір ойдың төл тілдегі көмкерілген түрінен гөрі басқа тілдегі көмкерілген түрі сәттірек болып шығуы да ғажап емес. Олай болмаған күннің өзінде әр аударма сайын қайта бағамдалудың өзі шығарманың бойына жасырылған жұмбақты шешуге, көркемдік кестелерін жаңаша жайып көрсетуге көмектесетіндігі анық. Аудармаларды оқу, салыстыру, зерттеу арқылы біз түпнұсқаның өз бойындағы қасиеттерге ерекше тың көзбен қараймыз, жаңаша бағалаймыз, оның соны қырларын, бұрын байқамаған бояуларын ашамыз. Мәтінге қайта-қайта үңіле жүріп, түпнұсқаны оқыған тұстағыдан да гөрі зеректік танытамыз [1].

Тәржіме теориясына байланысты өз шешімін күткен мәселелер әлі де баршылық. Бүкіл әлемде осы тақырыпты жан-жағынан қаузаған мыңдаған мақалалар, жүздеген монографиялар жарық көре тұра, әлі күнге ортақ терминологияға тоқтам жасалмай отыр. Ю.Л. Оболенская «Художественный перевод и межкультурная коммуникация» атты еңбекте «аударма» және «аударма үдерісі» секілді түйінді ұғымдардың өзінің басы ашылмағанын жазады [4]. Тәржіме – әдебиет аясынан да, жалпы мәдениет аясынан да шығып кететін құбылыс. Зертеуде аударма әр қырынан – лингвистикалық (психолингвистика-

лық), әдеби-тарихи, мәдениеттанушылық, философиялық-эстетикалық, ақпараттық, текстологиялық немесе семиотикалық тұрғыдан қарастырылады.

Мәдениеттердің үн қатысуы аудармасыз жүзеге аспайтыны әр аударма түпнұсқаның жаңа байыптамасы болатындықтан ғана емес, мәселе әр аударма түп мәтінге жаңа өлшем алып келетіндігінде. М. Бахтин «Эстетика словесного творчества» еңбегінде былай деген: «Өзге мәдениет басқа мәдениеттің көзімен қарағанда ғана өзін толығырақ, тереңірек таныта алады... Бір мағына олардың арасында сол мәдениеттердің томаға-тұйықтығы мен біржақтылығын еңсеретін *үн қатысу* басталғандай болады [5]. Толыққанды ұлттық әдебиеттің толыққанды аударма әдебиетінсіз кемеліне келмейтіні сондықтан.

Аударманың түпнұсқаға қаншалықты жақын келетініне байланысты еркін аударма, бейімдей (адаптация), сөзбе-сөз аударма, сайма-сай (эквивалентті) аударма, барабар (адекватты) аударма деген түрлері бар.

Еркін аудармада аудармашы шығарманың айтар ойын дәл ұстайды, сөз түйінін де дәл табады. Жалпы, еркін аударманың ерекшелігі де алдымен авторды өз қалпынша қайта сөйлетуге емес, оның айтар ойын жеткізуге күш салатындығында. Еркін аударманың хрестоматиялық мысалы, классикалық үлгісі – Лермонтовтың Гетеден аударған «Тау шыңдары». Гетедей алыптан алшақтаған, өз бетінше кеткен деп осынысы үшін Лермонтовты айыптау ешкімнің ойына келмейді. Еркін аударманың ерен түрін Абайдан да табамыз. Абайдың «Евгений Онегиндегі» талай тұсы сондай.

Қазақ әдеби аудармасында әлемдік тәржіме өнеріндегі әдіс-тәсілдердің барлығы дерлік кездесетіні анық. Солардың арасында бұрыннан бары – бейімдей аудару (адаптация). Оның мәнісін Мұхамеджан Сералиннің «Айқапта» басылған «Рүстем-Зорапқа» түсініктемесінен тәп-тәуір тануға болады: «Қадірменді оқушыларымыздың алдына салып отырған мына «Рүстем-Зорап» қиссасы фарсы тілінде жазылған атақты «Шахнама» деп алып, бір жағы тәжірибе, бір жағы ұйқастыру секілді қылып немісше жазған... Соны орыс шайыры Жуковский 1846-1847 жылдары өлең қылып, арттырып, кемітіп, қалыбына лайықты етіп (астын сызған біз – С.А.) істеп шығарған. Мен оны шамамның келгенінше қазақ тіліне Жуковскийдің шығарған қалыбынан дым алыстатпай аударуға тырыстым» [6].

Сөзбе-сөз аударманың қазақ өлең тәржімесіне жасаған теріс ықпалы бар екені белгілі. Сөзбе-сөз аударманы әріпшілдік аударма деп тану кездеседі. Бұл аударманың өзінің жөн-жобасы, жолы бар. Аударманың бұл түрі көбінесе саяси құжаттар, әсіресе дипломатия саласындағы аудармаларда көптеп кездеседі. Ол көркем әдебиетке тиімсіз тәсілдердің бірі болы табылады.

Сайма-сай (эквивалентті) аудармада мәтіннің негізгі күш түсетін тұстарын (доминанттарын) сақтау мақсатында саналы түрде жоғалтуға тура келеді. «Эквивалентті» сөзінің әу бастағы латындық этимонын еске түсіріп қойған артық емес: «эквивалентті» – «күші тең» деген сөз. Яғни аудармашы шығарманың оқырманға әсер күшін тең сақтауға ұмтылуы керек. Сайма-сай аударманың барабар (адекватты) аудармадан негізгі айырмашылығы да түпкі нәтижеге бағдар ұстайтындығында. «Барабарлықпен салыстырғанда сайма-сайлық түпкі нәтижеге көбірек бейім тұрады» [7]. Сайма-сай аударманың денодаттық,

коннотациялық, мәтіндік-нормативтік, прагматикалық, формалық түрлері болады, солардың бәрінің де тірілер жері – бір-біріне теңдестірілген бірліктердің мағыналық ортақтастығы.

Барабар (адекватты) аудармада түпнұсқаның ерекшеліктері мен мазмұнын, оның тілдік пішінін, аударма жасалатын тілдің құрылымын, стилін, лексикасы мен грамматикасын тілдің мінсіз дұрыстығымен үйлестіре отырып ескеру арқылы дұрыс, дәл және толық беру талап етіледі.

Жолма-жол аудармада аударманың көптеген кемшіліктерімен қатар даусыз бір артықшылығы бар, ол артықшылық – түпнұсқадан тікелей жасалатындығы. Жолма-жол (подстрочный) аударма мен жолына жол (строка в строку) аударманың арасын ашып алу керек. Жолма-жол аударма деп түпнұсқаның мәтінін егжей-тегжейіне дейін, дәлме-дәл түсіріп беретін сөзбе-сөзге жақын аударманы айтамыз, ал жолына жол аударма – түпнұсқаның жолына тәржіменің жолы тап түсетіндей етіп аудару. Өлеңде жолына жол келтіре тұрып шебер шығару, жатық жеткізу болмайды емес, болады.

Адамды түсіну қандай қиын болса, оның жазғанын түсіну одан да қиын. Иржи Левыйдың «Дұрыстап оқу – жұмыстың жартысын жасап тастау» [1] деген сөзі бар. Аударылатын мәтіндегі өмір болмысын дұрыс әрі терең түсіну – аудармашыға қойылар басты талап.

Аудармадағы ағаттықтардың, қателіктердің, кемшіліктердің әр кезеңдегі сипаты әртүрлі. Тәржімешінің когнитивті тәжірибесінің жетіспеуінен жіберілетін кемшіліктердің бірі – тастап кету. Семантикалық деңгейдегі қателіктер өзгеру, ауысулардың, яғни трансформацияның дәл ұғынылмауынан орын алады.

Өлең аудармасында бір тұста ұтып, бір тұста ұтылып жүріп барып шығармашылық жеңіске жетуге болады. Әр жол сайын дөп табамын, әр жол сайын дәл түсемін деген адам дәл сол жолдарда тауып кеткендей болып көрінгенімен, шығарманы тұтастай алып қарағанда өлеңдік өзегінен айырылып қалып жатады. Белгілі бір дәрежеде «құрбандықтарға» саналы түрде бармайынша, шын мәніндегі көркем аудармаға қол жеткізу қиын.

Түйсікке сене беру, шабытқа арқа сүйей беру түптің түбінде бір опындырмай қоймайтыны сөзсіз. Аудармашының ақын ғана емес, тарихшы, этнограф, тілші, сыншы, мәдениеттанушы болып жатқаны керек. Аудармашылық өнер мен ғылымның арасында тұруға тиіс дейтініміз де сондықтан.

Реалиялар аудармаларына да назар салынған. Ең алдымен түпнұсқаның рухын дәл табу, негізгі айтар ойын дәл аңдау, басты бейнелерін жеткізу шарт. Қалғаны – екінші қатардағы нәрселер. Тіпті бір қарағанда реалия сияқты көрінетін сөздердің, атаулардың өзі шыңдап келгенде өлең өрнегін айшықты ете түсуге, дыбыс үндестігін күшейту арқылы әсерді арттыруға қызмет етіп қана тұрғанын көреміз.

Бір қоғамның басқа елде немесе басқа дәуірде пайда болған әлеуметтік және мәдени формаларды қабыл алуы әдеби ауыс-түйістен алдымен көрінеді. Көркем мәтінді қабыл алушы, пайымдаушы ретінде аудармашының өзі субъективті тұлға екені талассыз. Әрі тәржімеші мен автордың дүниетанымында да өзгешілік болатындығы сөзсіз. Оның үстіне қабыл алушы (реципиент) – коммуникативтік актінің қатысушы ретінде оқырманның өзі де субъективті тұлға.

Аударылған мәтіннің қабыл алуында оқырман менталитетін, тіл заңдылықтарын ескерудің қандайлық үлкен орын алатыны айтылады. Қазақ тілінде орыс тіліндегідей род жоқтығына байланысты туындайтын проблемалардың өзі бірқыдыру. Мысалы, Абайдың Лермонтавтан аударған «Жартас» өлеңіндегі суреттелген жайт қазақ оқырманын толқыта қоймайды. Себебі біз жартасты, яғни мужской родтағы «утес-ті» ер кісінің метафорасы, ал женский родтағы «тучканы» жас қыздың метафорасы ретінде соншалықты табиғи қабыл алмаймыз. Мұндай ойлау жүйесі бізге тән емес. Тегінде, ұлттық ойлау жүйесінен шалғай тұрған шығармалар аудармаға көнбейтін болуы да мүмкін.

Тәржіме тіліне қарап сол кезеңдегі ұлттық әдеби тіл деңгейіне баға беруге болады, әр тілдің тарихын қалыптастыруға да мүмкіндік ашылады. Аударма шығармаларында пішін мен мазмұн бірлігінің маңызы үлкен. Белинский аудармашы талантын пішінді дәл табу таланты деп бағалаған болатын. П. Скосырев «Наследство и поиски» еңбегінде: «Ұлттық пішін дегеніміз – халықтық ойлау машығының көркем бейнелерде көрініс тапқан тұтас жүйесі. Ол әрбір халықтың тарихының, тұрмысының, сенім-нанымының, әдет-ғұрыптарының, үйренген үрдістерінің, талғамының ерекшелігінен құралады. Аудармашының еңсеруіне тура келетін қиындықтарының ең үлкенінің бірі – ұлттық пішіннің ерекшеліктерін дәл ұстай білу, соны өзге тілде жеткізе білу» [8].

Аударма – әрбір ұлттық мәдениеттің ажырағысыз бөлігі. Мұхтар Мағауин «Ғасырлар бедері» атты еңбегінде: «Тарихи қысқа мерзімде қазақ әдебиеті өзінің озық үлгілері арқылы Европа классикалық әдебиетінің өресіне жетті» [9]. Бұл істе әдеби аударманың өзіндік орны ерекше. С. Талжанов «Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері» атты еңбегінде: «Аударманың сапасы сол елдегі төл әдебиеттің сапасына сай келеді. Көш бастайтын төл әдебиеттің соңына еріп, аударма әдебиеті жедел жүреді. Кейде аударма әдебиет те төл әдебиеттің өсіп-өркендеуіне көмек беріп отырады» [10]. Нақты мысал атасақ, орыс әдебиетіне де көптеген жанрлар аударма арқылы ауысқанын айта аламыз. Жуковскийдің Шиллерден жасаған аудармалары болмағанда орыс тарихи балладасы қашан дүниеге келері белгісіз. Орыста көпке дейін роман болмағаны белгілі. Кейін романдарды аудару арқылы бұл жанр да пайда болды. Аударма арқылы орыс тілі де байи түсті. Мысалы, В. Тредиаковский бесполезность, безпристрастность, благодарность, независимость, сущность цельность және т.б. сөздерді аударма арқылы алған [11].

Аударманың құдіреті өлі тілдерді тірілтуінде. Көне еврей, көне грек, латын, ескі славян, ескі орыс тілдерінен жасалған аудармалар арқылы қаншама мәдени мұра адамзат игілігіне айналғаны жақсы мәлім. Тәржімешілер болмаса олардың бәріне де санаулы полиглоттардың, тіл мамандардың ғана қолы жетер еді.

Өнердің қай түріне де сынның әсер-ықпалы үлкен. Аударма да солай. Соңғы жылдары бой көрсеткен қазақ аударма сыны осы уақыт аралығында тәржіме өнерінің қалыптасуына көмек көрсете білді. Ол оның жетістіктері мен кемшіліктерінің аражігін ашуға бел салысты, ықпал етті.

Көркем аудармада елеулі кемшіліктердің бірі – барлық аудармашылардың дерлік осы іспен шығармашылығының негізгі арнасы, өмірлік кәсібі ретінде

айналыспағандығы. Көркем аударма саласындағы көрнекті із қалдырған суреткерлердің қай-қайсысын алсақ та, осы іске жылдар бойы бар күш-жігерін жұмсағанын, жүйелі айналысқанын, көлемді дүниелерге құлаш ұрғанын көреміз. Аудармашылық – жалғыз шабытпен шалып түсетін, тек алымдылықпен алып түсетін шаруа емес. Тәржіменің машығын алмайынша, аударма техникасын емін-еркін меңгермейінше, көркем аударманы алақанында ойнататын зергерлікке қол жеткізбейінше аударма асуы алдырмайды.

Талантты шығарманы өзге тілде өз деңгейінде қайта туындатудың басты шарты – оқи білу... Талантты тәржімеші тек талантты оқырманнан шықпақ деп айтсақ, бұл сөзімізбен әрине, дауласуға, таласуға болады. Әлем әдебиетінен, өзіміздің төл әдебиетімізден оқуға онша зауқы соқпаған, сонда да табиғат берген дарынымен талай шаруа тындырған дара дарындарды атауға да болады. Шығармашылық дегеннің өзі кейде сырын адам біліп болмайтын тылсым дүние екені белгілі. Бірақ көп оқымай, көп тоқымай аудармада асқар асулар алған адамды атау қиын.

Қазақстан Республикасында үш тілдік тұғырнамасы мемлекеттік саясат деңгейіне көтерілген, ел халқының үш тілді – қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қатар игеруі адамзат жасаған білім мен мәдениет қазынасына еркін қол жеткізудің, ұлт ретінде шынығып-шираудың, Отанымыздың әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылуының бір шарты деп қарастырылып отырған бүгінгі таңда аударма – шын мәнінде жас мемлекетіміздің жаңа ғасыр сынақтарына лайықты төтеп беруінің бір тетігі.

Елдің бәсекеге қабілеттілігінің бір шарты – тілдің бәсекеге қабілеттілігі. Өркениетті дүниенің додасына өз тілімен өмір сүре алатын ұлт қана қаймықпай түсе алады. Тілдің бәсекеге қабілеттілігінің нақты көрінісі – мына дүниедегі барша құбылысты айқын айта алатындығы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Абдрахманов С. Өлең аудармасының теориясы мен поэтикасы: Филол. ғыл. д-ы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дис. – Алматы, 2007. – 10-12, 14, 38, 119 б.

2 Любимов Н. Перевод – искусство. Мына кітап: Перевод – средство взаимного сближения народов. – Москва, 1987. – 141-142 б.

3 Әуезов М. Уақыт және қаламгер. – Алматы, 1962. – 142 б.

4 Оболенская Ю.Л. Художественный перевод и межкультурная коммуникация. – М., 2006. – 5 б.

5 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – Москва, 1979. – 334-335 б.

6 Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы, 1986. – 212 б.

7 Нелюбин Л. Толковый переводовеческий словарь. – Москва, 2004.

8 Скосырев П. Наследство и поиски. – Москва, 1963. – 285-286 б.

9 Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы, 1991. – 250 б.

10 Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы, 1975. – 147 б.

11 Сдобников В., Петрова О. Теория перевода. – Москва, 2006. – 19 б.

ӘОЖ 811.512.122

Г.Н. Зайсанбаева, Б.С. Жақсылықова

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті, Өскемен қаласы

ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНА ҚАТЫСТЫ МЕТАФОРАЛЫ АТАЛЫМДАРДЫҢ КОГНИТИВТІК СИПАТЫ

Мақалада қазақ тіл білімінде жаңа бағыт болып табылатын когнитивтік лингвистика мәселелері қарастырылады. Қазақ халқының дүниетанымы көрініс табатын «табиғат» семантикалық сферасының номинация мәселелеріне талдау жасалады.

В статье рассматриваются проблемы когнитивной лингвистики, являющейся новым направлением казахского языкознания. Анализируются проблемы номинаций семантической сферы «природа», где отражается мировоззрение носителей языка.

The article considers problems of cognitive linguistics that is a new direction of Kazakh linguistics. Problems of naming units in semantic sphere of "nature" are analyzed where native speakers' world outlook, their assessment and observation are reflected.

Қазақ дүниетанымындағы табиғатпен ажырамас үйлесімділік, сәйкестік атаулардың жасалуынан да айқын көрінеді. Қоршаған табиғат әлемінің бір ажырамас бөлшегі ретінде адам өз тұрмыс-тіршілігі, бағалауы, бақылауына сәйкес табиғи құбылыстар, жан-жануар, өсімдік т.б. нысандарға атау береді. Табиғат құбылыстарына қатысты бірліктердің жасалуына метафоралы ойлау кеңінен қатынасады. Бұл атаулардың жасалуынан Б. Қасым атап көрсеткендей, «ұлттық ойлаудың ерекшеліктерін, ұлттық болмыстың (менталитеттің) бояуларын көруге болады» [1] .

Ғарыш әлемі: аспан және аспан денелері, ауа-райына байланысты туындаған атаулардың жасалуына тоқталамыз. Мысалы, темірқазық – көкжиектің терістік жағына орналасқан кіші аю шоқ жұлдызындағы ең жарық жұлдыз (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі – ҚТТС). Бұл аталымның жасалуына бейнелілік тең, өйткені жұлдыздың орналасуы үнемі терістікте болғандықтан, оны темір қазыққа ұқсатады. Қолданыста атаудың бір нәрсенің мызғымас берік негізі мағынасында жұмсалуына аталым денотатының білім қорындағы ақпарат себепкер болып тұр. Шоқжұлдыз (созвездие), жұлдызтас (метеорит), ғаламшар (галактика) бірліктерінің жасалуына ассоциациялық ойлау себепкер болып отыр.

Табиғат құбылыстарына атау бергенде халық өзіндік дүниетанымға, әлемді өз тәжірибесіне сай бағдарлау, бағалау ерекшеліктеріне жүгінеді. Этнограф-ғалым Тоқтасын Өмірзақов «Мифологиялық таным» мақаласында табиғат құбылыс атауы – өліара туралы мынандай деректерді ұсынады: «Ежелгі наным бойынша, Жақсылық пен Жамандықтың жан алысып, жан беріскен шайқасы жыл санатына қосылмай қалған. Дәл осы уақыт қазіргі 15-21 наурыз аралығының жігіне дөпе-дөп келген. Осынау "жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер", "өлінің әрі тартар, тірінің бері тартар", "қара қатқақ, аш өзек" жыл мезгілін халқымыз «өліара» деп атаған» [2]. Қыс мезгілі мен көктем аралығының өліара аталуы қатал дала табиғатымен алысып келген қазақ тұрмыс-тіршілігінің оның дүниетанымына тигізген әсерінен

де хабардар етеді. «Сондай-ақ тілімізде жаңа ай тумас бұрын ескі ай батып, көк жүзінде жаңа ай көрінбейтін 2-3 күн уақыт та өліара деп аталған» [2]. Осы аталымның ішкі мағыналық құрылымының бейнелілігі оның метафоралы ойлау жемісі екенін дәлелдей түседі.

Мезгіл атауы ретінде ұзынсары бірлігі де – бейнелі жасалған атаулардың бірі. «Ұзынсары деген адам да емес, қонақ та емес, ол – жыл мезгілінің көктемдегі күн ұзарған шағы» (Ана тілі, 2001). Аталым қолданысында жеңіл әзілдің ізі бар.

Ауа-райына байланысты туындаған аталымдардың ішінде сөзқосым бірліктері: көксүң – жаңбыр аралас қар жауып, шөп басына мұз қату (Қазақ тілінің сөздігі – ҚТС), керімсал – Қазақстанның оңтүстігінде шілде кезінде соғатын аңызақ, ыстық жел (ҚТС), бесқонақ – жаз бен күз мезгілі арасында болатын ызғырық, суық күн (ҚТС) метафоралы жасалған. Мұз қатудың бейнесі сүңгіні елестетуі, желдің ұзақ, ыстық соғуына қарай керімсал аталуы, суық күнді қонаққа теңеудің астарында халық ойының ұшқырлығы, тереңдігі жатыр.

Табиғат құбылыстарының атауы ретінде зілзала, алақаншық (боран), қызылсу, қаракөлеңке аталымдарының жасалуында сол құбылыстардың өту сипатына қарайтын ассоциациялар, ұқсатулар себепкер болған. Мысалға, «Ғалымдар зілзаланы алдын ала болжайды» (Жас Алаш, 2001), «Мына қаракөлеңкеде түстей алмай қалып едім. Сенің әкең қайсы? – деді кемпір» (Ғ. Мүсірепов). Осындағы зілзала табиғи апаттың жойқын күшін сипаттаушы құбылысты бейнелі түрде атап тұр, қаракөлеңке аталымы кешкі мезгілдің беретін ассоциациясы негізінде жасалған.

Табиғат құбылыстары атауларының ішінде құсқанаты – көктемнің алғашқы қары, алақұйын – тез басталып, тез қоятын алай-дүлей ұйтқи соғатын жел, алтынкүрек – жыл басының алғашқы желі бірліктерінің уәждемесі құбылыстардың өту үрдісіне байланысты. Осындай атаулар туралы Т. Өмірзақов: «Жыл басының қары – құсқанаты, жыл басының алғашқы желі – алтынкүрек, жыл басының алғашқы төлі – дүбіраяқ, тамағы – “ұйқыашар”» – деген дерек келтіреді [2].

Жер асты-үсті табиғи байлықтары атауларында жанартас (фосфор), телқоспақ (минерал), тақтатас (кварцит) сияқты атаулар өзге нысандардың ұқсастығы негізінде жасалған. Жер бедері, тау-тас, жазықтық атауларының жасалуында жердің шүйгіндігіне байланысты апайтөс, жарамсыздығына, алыстығына байланысты айтатыр, айдала және де итжеккен, барсакелмес сияқты ассоциациялық байланыстар нәтижесінде туындаған аталымдар метафоралы жасалған. Сондай-ақ жонарқа (жота), қойтас, итжеккен, қанжайлау, жерұйық бірліктері де ұқсастықтар мен ассоциациялық байланыстарға негізделіп жасалған.

Осындай аталымдардың жасалуында халықтың дүниені өз тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы сүзгісі арқылы қабылдап, оның тілдік бейнесін жасау үрдістерінің ізі жатқанын байқауға болады. Тіл сол халықтың қоршаған әлемге деген өз көзқарасын суреттейді. Бұл туралы Г.В. Колшанский мынандай пікір айтады: «Тіл тәжірибесі – дүниеге деген көзқарас, өйткені тәжірибе тек тілде сақталады. Тілден жырақ дүниені қабылдау мүмкін емес» [3].

Өсімдік әлемі семантикалық тобының атауларында сыртқы пішін, қасиет ұқсастығына негізделіп жасалған аталымдар молынан кездеседі. Өсімдік

атауларының лексика-семантикалық және морфологиялық құрылымын зерттеген ғалым Б. Қалиев олардың жапырақтарының, сабақтарының, гүлдерінің, жемістерінің басқа нысандарға ұқсастығынан жасалатынын атап көрседі [4]. Арыстанауыз, биемшек, тайтұяқ, қозықұлақ сияқты аталымдарының жасалуынан бұл айқын көрінеді. Өсімдіктердің сыртқы пішінінің өзге нысандарға ұқсастығын негізге ала отырып, осы семантикалық топ бірліктерінің жасалуына кеңінен тоқталған ғалым оларды төмендегідей белгілері бойынша жіктейді:

– үй жануарларының (атқұлақ, ботагөз, ешкіқұлақ);

– жабайы аңдардың (аюқұлақ, қасқыртабан, қоянерін, түлкіқұйрық);

– құстардың (қарғатұяқ, тауықбас, үкікөз);

– жәндіктердің (құртшөп, шыбынбас);

– адамның (бармақтамыр, кемпіршаш, қызбалтыр) дене мүшелеріне ұқсастығы бойынша жасалған атаулар. Өзге нысандарға:

– өсімдіктерге (шиесабақ, миядән, бедебас);

– үй тұрмысы бұйымдары мен заттарына (егеубас, жіпжапырақ, оймақгүл, түймебас) ұқсастығы бойынша жасалған атаулар [4].

Өсімдік атауларының жасалуы – қазақ тілінде жан-жақты қарастырылып келген тақырыптардың бірі. Қазақ тілінде өсімдік атауларының көпшілігі – метафораның жемісі. Бұлар көбінесе сыртқы пішін, сапалық белгілердің, өсу ерекшеліктерінің, иісінің, дәмінің өзге бір нысандармен ұқсата отырып бейнеленуінен туындайды. Тіл қолданушылардың сол ерекшеліктерді тани білуі және де тілде бейнелеуі адамның табиғатты танудағы білім қорының толығуына әкеледі.

Өсімдік әлемі атауларының жасалуында олардың түр-түсі, әртүрлі органикалық қасиеттері де атаудың уәждемесіне негіз болады. Мысалға, түсінің қызылдығына қарай қанның түсімен ассоциациялау.

Қаншие – таулы жерде жабайы түрде өсетін бұта (ҚТТС), қандыағаш – биіктігі 20-30 см-дей, қабығы қара қоңыр, сүрегі жеңіл, жалпақ жапырақты ағаш (ҚТТС), қандышөп – шабындықта өсетін көпжылдық шөп (ҚТТС) атауларын жасаған.

«Піспеген», «жеуге жарамсыз» сипаттарына қарай ит лексемасының ассоциациясы негізінде иттүйнек – піспей, жетілмей қалған қауын-қарбыз (ҚТТС), итжидек – майда, домалақ, жемісі жеуге жарамайтын өсімдік аталымдары туындаған. Сонымен қатар өсімдіктің өсу ерекшеліктеріне байланысты, тасжарған – тасты жерде өсетін бұта (ҚТТС), нарқайсар – сарғыш қызыл гүлді, биіктігі бір метр шамасындағы тік өсетін өсімдік (ҚТТС) сияқты бірліктер де кездеседі.

«Жан-жануарлар, жәндіктер, құстар» семантикалық тобындағы метафоралы жасалған сөзқосым аталымдарының біршамасы «сыртқы пішін» ұқсастығына негізделетіні тілдік бірліктерден байқалады. Бұл ұқсастық негізінде жасалған атаулар мыналар: алақоржын – тышқан тұқымдасына жататын кеміргіш жануар (ҚТТС); жыланбалық – тұрқы 3 метрге, салмағы 65 килограмға жететін, терісі тегіс, қабыршақсыз, жылан тәрізді балық (ҚТТС). Осы тәріздес егеуқұйрық, тараққұйрық, сабауқұйрық (тышқан), кезқұйрық (құс), балтатұмсық (құс), бөрітіс (жылан), орақтұмсық (құс), айнакөз (балық) атауларындағы уәждемелік белгі ұқсастық негізінде таңдалған. Аталым бірліктерінің ішкі мағыналық құрылымын: сабауқұйрық, тараққұйрық, егеуқұйрық атауларында құйрығы сабауға, егеуге, тараққа ұқсас тышқан деп сипаттауға болады. Бұл аталымдарда адамның ассоциациялық ұқсата білуі екі нысанның арасында жүргізіледі.

Тіл бірліктерінің шынайы өмірдегі нысандарға қатысы олардың бір белгісінің көзге түсуіне байланысты бейнелі сипатталуында жатыр. Атаулардағы ұқсастықтардың таңдалуы жөнінде Т.А. Муминов былай дейді: «Сходство объектов именования выявляется в результате выделения параллельных свойств сопоставляемых объектов. Этот процесс предполагает достаточно подробный анализ свойств и качеств именуемой реалии, причем характер этого анализа позволяет опустить преобладающую массу специфических и уникальных признаков, носящих нестабильный характер» [5]. Атау беруде басты көңіл ерекше белгілерге түседі.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, нысанға атау берудегі уәждеме үрдісінде танымдық және категориялық белгілердің таңдалуы және оның тілдік бірліктерімен бекітілуі жүзеге асырылады. Аталымдардың «сыртқы пішін» ұқсастығы бойынша танылуы да олардың көзге бірден түсетін белгілерінің белсенділігін арттырады. Жан-жануар, жәндіктер, балықтар семантикалық тобындағы аталымдарда белгілі бір қасиетіне қарай метафоралы жасалатын атауларда кездеседі. Мысалы, еттілігі майлылығына байланысты балық ақмарқа аталады. Сондай-ақ есекара – араның бір түрі, тұрқы 25-30 мм ағаш қуыстарына ұялайды (ҚТТС), атау араның еңбекқорлығы қасиетіне байланысты есекпен ұқсатылған деген ойдамыз. Сол сияқты жаукөбелек – ауылшаруашылық өсімдіктеріне зиян келтіретін көбелек (ҚТТС), көксерке – алабұға тұқымдасына жататын жыртқыш балық (ҚТТС), оқжылан – шөл және шөлейт жерлерде болатын денесі жіңішке, жылдам қозғалатын жылан (ҚТТС), жауторғай – топталып жүріп, егіске зиян келтіретін торғай (ҚТТС) бірліктері әртүрлі қасиеттердің өзге нысандардың ақпараттары арқылы берілуімен жасалған. Жау «зиян», серке «жыртқыш», оқ «жіңішке, жылдам» сияқты қасиеттерді сипаттау үшін ассоциациялық ойлау арқылы метафораланып, сөздің ішкі құрылымына енген.

Жан-жануарлар әлемі атауларының ішінде төрт түлік малға байланысты көкжұлын (жүйрік ат), желжүйрік, балқоспақ, біртума, желмая сияқты аталымдардың жасалуына метафоралы ойлау кеңінен қатынасқан. Мысалы, көкжұлын – жүйрік майталман (ҚТТС), «қазақ ең жүйрік, шабысқа тоймайтын, талмайтын аттарды көкжұлын дейді» (Қ. Жұмалиев), осы бірліктің жасалуы – таза метафораланудың жемісі. Біртума – лөк пен айыр інген буданынан болған бірінші ұрпақ (ҚТТС); балқоспақ – бура мен нармаядан туған будан (ҚТТС) атауларында түйе малының тұқымын алу ерекшеліктеріне қарай уәждемелік белгінің таңдалғаны байқалады. Көшпелі тұрмыстың ерекшелігіне сай жақсы аттар көкжұлын, желжүйрік аталса, шабан аттарды менсінбеу мағынасымен бұтартар, аяқартар атаған.

Құс аттарының жасалуында сыртқы пішін ұқсастығы бойынша балтатұмсық, ементұмсық, түйетауық, түйеқұс сияқты аталымдар молынан кездеседі. Табиғи орта тіршілік иелеріне атау беруде олардың көзге түсер ерекше белгілері таңдалынады. Сол белгі аталымның уәждемелік белгісі болып алынады. Сонымен қатар қасиеттердің ұқсастығынан жауторғай – топтанып жүретін, егіске зиянды торғай (ҚТТС); молдаторғай – сексеуіл арасында жорғалап жүріп тіршілік ететін сұрторғай (ҚТТС) аталымдары да метафоралану арқылы, яғни “зиянды” мағынасы жау лексемасымен, «жорғалап жүру» молда нысанының ассоциациясымен жасалған.

Жан-жануар, жәндіктер әлемі атаулары адам мен оны қоршаған әлем нысандары арасындағы байланыстың көрінісі іспетті. Адам өзінің тұрмыстық, салт-саналық қажеттілігіне қарай өзін, қоршаған әлемді таниды. Бұл атаулардың ішкі мағыналық құрылымынан көрінеді.

Жан-жануарлар атауларындағы метафораның қатысы жануарлардың шығарған дыбыстарының, сыртқы пішінінің, тіршілігі мен қылықтарының ұқсастығы біздегі өзге заттар, жануарлар немесе адамның өзіне қатысты ассоциацияларының шақыруымен байланысты болуы мүмкін. Шығарған дыбысы өгізді елестетуіне байланысты өгізшағала, сыртқы пішін ұқсастығына қарай бізтұмсық, егеуқұйрық, ементұмсық, бұзаубас, тіршілік ету ерекшелігіне қарай қаптесер, ешкемер сияқты атаулар жасалған.

Жан-жануарлардың ауру атаулары қазақ тілінде көбінесе төрт түлік малға қатысты ауруларға қойылған. Мысалы, ақшелек – негізінен түйеде, кейде итте, мысықта кездесетін індет; жауырынтақ – жауырынның қалақ басындағы шеміршектің өсіп кетуінен болатын ауру; жем түсу – жылқы тұяғының іріңсіз қабынуы; көңқотыр – терінің жүні түсіп, беті қабыршықтанған кезі; қылкүпек – күпек тарылғандықтан еркек мал қамшысының сыртқа шықпауы, шыққанда орнына түспеуі; тасөкпе – өкпенің беріштеніп, семіп қалуы (ауру). Ауру атаулары олардың өту сипаты және аурудың тигізген әсеріне қатысты уәжделетіні байқалады.

Ақшелек, қылкүпек аурудың өту сипатына қарай, яғни ісінуге және күпектің таралуына байланысты метафоралы жасалған. Ауру нәтижесін көрсететін атаулар – жауырынтақ, тасөкпе, жем түсу бірліктері. Шеміршектің өсуі таққа ұқсатудан, беріштелуі тас арқылы сипаттаудан, жылқының дұрыс күтілмей, азықты суытпай тұрып беруінен болатын ауруды жем түсумен ассоциациялаудан бірліктердің ішкі мағыналық құрылымы түзілген.

Ғаламзат семантикалық тобының бірліктерінің сөзқосым тәсілі арқылы жасалуында метафора кеңінен қолданылатынын тілдік деректер дәлелдейді. Аталымдардың жасалуынан адамның өзін қоршаған әлемнің нысандары туралы ақпараттарды аталым мақсатында кеңінен қолданатыны көрінеді. Ойлау әрекетінің тілде көрініс табу ерекшеліктері сөзжасамды аталым шеңберінде қарастыруда айқын байқалады. Сондықтан да аталымдардың ішкі мағыналық құрылымында ол нысанға тікелей қатысы жоқ, тек адамның ассоциациялы ойлай білуі арқасында танылған ұқсастықтардың әсерінен нысандардың білім қорын толықтыра түсетін, олардың қасиеттерін аша түсетін сөздердің метафоралы қолданылуы аталым қажеттілігін өтеп жатады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қасым Б. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым. – Алматы, 2001. – 205 б.

2 Өмірзақов Т. Мифологиялық таным // Жас алаш. – 2003. – № 35-36.

3 Колшанский Г.В. Объективная картина мира. – М., 1987. – 170 б.

4 Калиев Б. Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. – Алматы, 1996. – 200 с.

5 Муминов Т.А. Проблемы вторичной номинации в лексике: Автореф. дисс. ... канд. фил. наук. – М., 1978. – 26 с.

ӘОЖ 811.512.122’27:396

А.А. Амангелді

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Өскемен қаласы

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Мақалада қазақ тіліндегі гендерлік ерекшеліктерге қатысты тілдік бірліктер жөнінде сөз қозғалады.

В статье рассматриваются языковые единицы, связанные с гендерными особенностями казахского языка.

In this article distinguish language’s units connected with gender specialties of Kazakh language.

Кейінгі уақытта тілді антропоцентристік тұрғыдан зерттеу кең қанат жайып келеді. Сонымен қоса тілге экстралингвистикалық факторлардың әсерін зерттеуге ерекше ден қойыла бастады. Тіл мен этнос, тіл мен ойлау, тіл мен таным, тіл және мәдениет сабақтастығын жеке пәндік тұрғыдан саралай зерттеу проблемалары алға шықты. Тілді «Адам – Қоғам – Табиғат» үштігінде тануға ден қойылды. «Мифология – Таным – Тіл» сабақтастығы мәселесін де айтуға болады. «Аталым – Ұғым – Ұлттық таным» арақатынасы мәселесі «дүниенің тілдік бейнесі» контексінде қарастырылып, этнолингвистикалық зерттеулерге негіз болды. Тіл білімінің психолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика салалары қарыштап дами бастады. Тілге деген жаңа көзқарас қалыптасты. «Тіл өмірлік мәселелердің алдыңғы шебіне шықты. Тілдің әлеуметтік қызметін дамыту – XXI ғасыр тіл білімінің бірден-бір сұранысы, уақыт уағызы» [1]. тілдің әлеуметтік қызметін дамыту үшін, сөз жоқ, адамның биологиялық айырмасына емес, әлеуметтік және мәдени құрылымын көрсететін жынысы, яғни гендер мәселесіне назар аударылады.

Гендерлік лингвистика – (ағылш. Gender – грамм. тек (род) және франц. Linguis+igues. Лат. Lingua – тіл) гендер мен тілдің өзара байланысын зерттейтін гендер мен лингвистика аралығындағы ғылым саласы. Гендерлік лингвистика әйел мен ер адамның тілдік бірлікті қолдану айырмасы, әйел мен ер адам сөйлер сөзінде қолданылатын тілдік және бейтілдік бірліктер, әйел мен ер адам беретін мәлімет құрамындағы тілдік және бейтілдік бірліктер, әйел мен ер адам сөзінің жалпы адамдық айырмасы, тіл мен жыныс (жас пен жыныс) айырмашылығы, өзара байланыстылығы, әйел мен ер адамның ұлттық-этникалық деңгейдегі айырмасы т.с.с. мәселелерді қарастырады.

Қазақ тіл біліміндегі гендерлік зерттеу халқымыздың ірі ғалымдары Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов еңбектерінен бастау алады. Арнайы зерттеу нысаны болмаса да, Т. Айдаров, Ә. Ахметов, А.Н. Самойлович зерттеулерінде табу, тыйым салынған сөздер, эвфемизмдермен қоса гендерлік ерекшеліктер де қарастырылады. Кейінгі кезде гендерлік ерекшеліктерді зерттеуге назар аударыла бастады. Әлеуметтанушы ғалым Б. Хасанұлы қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастыру жолдарын

көрсетіп берген болатын [2].

Қазақ қоғамында тіл мәселесінің өзектілігі жағдайында тілдік бірліктердің ер және әйел тілі өзгешеленуін зерттеудің мәні зор. Ер адам және әйел арасындағы «қарым-қатынас, мінез-құлық айырмасы – адамзатқа туа біткен табиғи қасиеттер емес, әлеуметтік институттар мен мәдени дәстүрлер ықпалы нәтижесінде қалыптасатын конструкт, жасанды құрылым» [3]. «Жыныс – жаратылыстан берілген үлес болса, гендер – әйел мен ердің қоғам туғызған әлеуметтік моделі» [1]. Демек ұлттық салт-дәстүрлер, ырым-тыйымдар – гендерлік ерекшеліктердің бастау көзі дер едік. Белгілі бір халықтың ер және әйел тілінің ерекшеліктерін зерттеу арқылы сол халықтың мәдени, рухани және әлеуметтік, қоғамдық өміріндегі әйел және ер адамның орнын, халықтың гендерлік тұрғыдағы көзқарасын байқауға болады. Сондай-ақ гендерлік тілдік бірліктерде халықтың танымы, «дүниенің тілдік бейнесі» көрініс тапқан.

Қазақ тілінде туыстық және жақындық қарым-қатынастарға қатысты атаулардың ішінде гендерлік тілдік бірліктер өте көп. Олар сөйлеушінің жынысына, жасына, туыстық дәрежесіне қарай өзгеріп отырады. Мәселен, ер адам өзімен бірге туысқан кіші қызды қарындас десе, әйел адам сіңлі деп атайды. Қазақтарда туыстықтың ерлер жағынан таратылуы да осы гендерлік атаулардың пайда болуына ықпал еткен. Этнограф-ғалым Х. Арғынбаевтың сөзімен айтсақ, «қазақтағы туыстық және құдандалық жақындық жүйесінің атаулары айтушыға аталушының жасының үлкен-кішілігіне, жынысына қарай жіктеледі. Айтушы ер не әйел жынысынан болуы мүмкін. Сондықтан оларға туыстарының не жақындарының арақатынасына қарай атауларда да өзгешелік болып тұрады» [4].

Антропологиялық зерттеулер бойынша, тілдің гендерлік ерекшеліктері табу сөздерде айқын көрініс тапқан. Әдетте тыйым не әйел қауымына, не ер адамдарға салынады. Сөйтіп табу тілде гендерлік белгілердің айқын байқалуына негіз болды. Әсіресе әйел тілінің ерекшеліктері зерттеушілер назарын аударып, алғашқы зерттеулер осы әйел тілінің ерекшеліктері төңірегінде жүргізілді. Ертеде өте кең тараған қазақ халқының ат тергеу салтынан әйел тілінің белгілерін бірден байқауға болады. «Торғай облысының Жангелдин ауданында Шақшақ Жәнібек ауылында Ә. Кекілбаевтің “Үркер” романында аталатын Қарабас батырдың ұрпақтары тұрады. Ат тергейтін әжелер Қарабас, жалпы қара деген сөзді атамайды. Қарабас дегенді Бараншеке, қара дегенді баран деп сөйлейді. Ол кісілердің айтуынша олардың енелері де солай атаған көрінеді» [5]. Ал «торы руының келіндері аталарының атының бір буыны кетіп қалмасын деген мақсатпен торғай деген сөзді тергеп, оның орнына шымшық, шөже немесе «жау шөже» деген эвфемистік атауларды қолданған. Ал жылқыайдарлардың келіндері «жылқы» деген жалпы есім мағынасындағы сөзді де тергеп, оның орнына мінгіш немесе туар сияқты эвфемизмдерді пайдаланған» [6].

Қазақ келіндерінің шеберліктеріне қайран қалмасқа шараңыз қалмайды. Өзеннен су алуға барған жас әйелдің тапқырлығы туралы аңыз-әңгімені білмейтініміз кемде-кем. Мұндағы сылдырама – қамыс, сарқырама – өзен, ұлыма – қасқыр, маңырама – қой, білеме – пышақ, жаныма – қайрақ. Ал ол әйелдің қайын жұртының аттары Қамысбай, Өзен, Қасқырбай, Қой, Пышақбай, Қайрақбай болса керек. Қазақтың келіндері, әсіресе қайын сіңлілері мен қайындарына небір

тамаша аттар берген: Айнамкөз, Еркеқыз, Төрежігіт, Шашбаулым т.с.с. Ауылдың жасы үлкен, жалпақ жұртқа сыйлы кейуаналарын бүкіл ауыл болып атын тура атамай түрлі есімдер берген. Әйелдер күйеуіне отағасы, пәленшенің әкесі деген сөздерді жиі қолданған.

Гендерлік айырым белгілер вербалды ғана емес, бейвербалды амалдар арқылы да көрініс табады. Ер адамдарға тән ишаралар: төс соғыстыру, сақалын саумалау, сақалының ұшын тістеу, бөркін аспанға ату т.б. Ал бет шымшу, ернін сылп еткізу, бет сызу, бетін жырту, шашын жаю, орамалын бұлғау, бүйірін таяну т.б. кинемалары әйел адамдар қарым-қатынасында кездеседі. Бұл жөнінде қазақ гендерлік лингвистикасының негізін қалаушы ғалым Қ. Жұбанов [6] еңбектерінде айтылған: «әйелдерге ғана арнаулы, жүйелі болмаса да, әйел тілінің өзгешелігі қазақта да жоқ емес. Сол өзгешеліктердің бірі әйелдерде ғана болатын «ернін шығару» (кеміткенде), «бетін шымшу» (ұятсынғанда), «аузын шылп еткізу» (таңданғанда), «аузын быртылдату» (кекеткенде). Міне мұның соңғы екеуінде үнсіз ым ғана емес, дыбыс шығару да бар. Бірақ дыбыс айырынды (членораздельный) емес» [7].

Қазақ тілі фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерге өте бай. Сол сияқты гендерлік мазмұндағы тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдер де жеткілікті. Жалпы тілдік зерттеулерде «әйел» концептісі «ана», «әйел», «әпке», «қыз», «келін», «ене» семантикалық өрісінде қарастырылады. Сондай-ақ мақал-мәтелдерге бинарлық жүйеде зерттеу жүргізілген, мәселен, ер//әйел, жігіт// бойжеткен, отағасы//отанасы, ұл//қыз. Қазақтың әйел қауымына қатысты мақал-мәтелдерінде әйелдің жақсы-жаман, әдепті-әдепсіз, әдемі-өңсіз т.с.с. қасиеттері қарама-қарсы қойылады: «Жақсы әйел жаман еркекті би етеді, Жаман әйел жақсы еркекті құл етеді», «Жақсы әйел теңі жоқ жолдас, Түбі жоқ сырлас», «Қызың кер әдеп болса – қорлық, Балаң бейәдеп болса – қорлық», «Қалыңдығың сиықсыз болса, Қайын енеңнің сұлулығынан не пайда?».

Гендерлік мазмұнды мақал-мәтелдерде ер жігітке тән батырлық, мәрттік, өткірлік т.с.с. қасиеттер дәріптеледі: «Ер өзі үшін туады, Елі үшін өледі», «Ақылды жігіт атқа да мінер, таққа да мінер», «Ер қайыспас қара нар», яғни «Әйел – үйдің көркі» болса, «Еркек – түздің көркі».

Алайда гендерлік мазмұндағы мақал-мәтелдерде әйелге шектеу қою, әйелді ер адамнан төмен санау айқын көрініп тұрады. Мақал-мәтелдердегі ер адамның үстемдігі халқымыздың менталитетінен, ұлттық сана-сезімінен хабардар етіп тұрады: «Қызға қырық үйден тыю», «Келін кейін отырар болар, Көтерілуге бейім отырар болар», «Қатын бастаған ел оңбас», «Құл жиылып, ел болмас, Қатын жиылып, бас болмас», «Алтын басты әйелден бақыр басты еркек артық», «Байтал шауып бәйге алмас». Әйел затын «төмен етекті» деп төмендету қалыпты жағдай ретінде қаралады. Бұл көзқарас қоғамдағы «ұл», «қыз»-дың әлеуметтік сипатынан да көрініс береді. Әулеттегі ұлдың үлкені еншісін алар болса, кішісі – «қара шаңырақтың» иесі. Ал қызға енші берілмейді. «Қыз» бен «ұлдың» әлеуметтік дәрежесінің айырмашылығын мынадай мақал-мәтелдерден байқауға болады: «Қос ұл туған қатынды Ханым десе болады. Ел қорғаған батырды Нарым десе болады», «Кешкі күн құлақтанса, Қатының ұл тапқандай сүйін, Ертеңгі күн құлақтанса, Еліңді жау шапқандай күйін», «Ұл туғанға – күн туар», «Жаман қатын қыз туар», «Ұл туғанда күн туады», «Қыз – қонақ», «Қызға

қараған күн – айсыз қараңғы түн» т.б. Дегенмен «Әйел – үйдің ажары, Бала – үйдің базары», «Бір жақсы қыз екі ұлға татиды», «Ер жігіттің аты жақсы болса, бір бақыт, Алған жары жақсы болса, мың бақыт», «Үйді қырық еркек толтыра алмайды, Бір әйел толтырады», «Ырыс алды – қыз» т.с.с. мақалдарда әйелсіз өмірдің мәнсіз екендігі мойындалады.

Гендерлік мән тұрақты сөз тіркестерінде де мол қамтылады. Жалпы гендерлік тілдік бірліктер тілдің өзге салаларына қарағанда лексикада мол ұшырасатындығы байқалады. Бұл тілдік гендерлік ерекшеліктер басқа салаларда кездеспейді деген сөз емес. «Ер адам құраған сөйлем әдетте әйел құраған сөйлемнен қысқа болып келеді. Еркектер көбінесе дерексіз (абстрактылы) зат есім қолданса, әйелдер нақты зат есіммен (жалқы есімдермен) сөйлеуге әуес. Ерлер зат есім мен сын есімді қолдануға бейім болса, әйелдер етістікті көп қолданады. Синтаксистік байланысты қолдану жағынан ер адам көбіне сабақтас сөйлемге ден қояды, сондай-ақ мезгіл, мекен, мақсат бағыныңқылыны қолданады, ал әйелдерде қарсылықты бағыныңқылыны қолдану басым [8]. Сондай-ақ еркектерге рационалистік стиль тән болса, әйелдерге эмоциональды стиль тән [9].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Шоқым Г. Гендерлік лингвистика – жаңа ғасырдың ғылымы. – Ізденіс. – № 2. – 2006. – Б. 170-176.

2 Хасанұлы Б. Қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың өзекті мәселелері // Психолингвистика және әлеуметтік тіл білімі: қазіргі жай-күйі және болашағы: Халықар. конф. матер. – Алматы, 2003. – 285-б.

3 Репина Л.П. Постмодернистский вызов перспективы новой культурной и интеллектуальной истории. – СПб., 1996. – С. 236.

4 Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Алматы: Қайнар, 2005. – 26-28-б.

5 Шүкіруұлы С. Сөзтаным. Баран. – Ана тілі. – № 38. – 12 қыркүйек, 2002. – 5-б.

6 Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 18, 40-б.

7 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 41-б.

8 Хасанұлы Б. Қ. Жұбановтың гендерлік жіктелімдер жөніндегі пайымдаулары // «Жұбанов тағылымы» атты халықар. ғыл.-практ. конф. матер. – Ақтөбе, 2005. – 17-18-б.

9 Белянин В.П. Психолингвистика: Учебник. – М.: Флинта, 2003. – 201-203-б.

ӘОЖ 811.512.122'276:821.512.122.09

А.З. Кикумова

«Мектеп-Лицей» ММ, Зырян қаласы

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ВАРВАРИЗМДЕР (О. БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ БОЙЫНША)

Автор көркем мәтінде варваризмдерді қолдану мәселесін көтереді. Оралхан Бөкей шығармаларында ана тілімен қатар шетел сөздері мен оралымдары кеңінен қолданылады.

Автор затрагивает проблему употребления варваризмов в художественном тексте. В произведениях Оралхана Бокея в сочетании с родной речью часто применяются иностранные слова и выражения.

The author addresses the problem use barbarisms in a literary text. In the works of Oralkhan Bokey in conjunction with the native speech are frequently used foreign words and phrases.

Оралхан Бөкей – заман келбетін адам келбетінен іздейтін нәзік суреткер. Ол – өткен ғасырдың 60-жылдары ешкімге ұқсамайтын айрықша талантымен шын суреткер ретінде әлемге танылған прозашы.

Заманымыздың зор тұлғалы қаламгерлерінің бірі Ә. Кекілбаев былай деп жазады: «Әр ұлттың әдебиеті сол ұлттың өлкесінің, өңірінің, өмірінің барынша терең, барынша дәл көркем кескінін жасауға міндетті. Ол сол арқылы әр халықтың өзін тануына, өзгелерге танылуына жағдай жасайды» [1]. Бұл тұрғыдан алғанда О. Бөкейдің барлық шығармалары қазақ ұлтының көркем бейнесін жасай отырып, оны өзіне де өзгелерге де таныта алады. Оралхан азғантай ғұмырында асқаралы биікке өзін де, елін де, туған әдебиетін де шығарып үлгерді.

Әр қаламгердің өзіне тән стилі, сөз саптау мәнері, ой-толғау әдістері болады. Қаламгер ойын билейтін қуатты құрал – тіл, шұрайлы сөз. Осы шұрайлы сөз – халықтың тіл байлығы.

О. Бөкей шеберлігі – халық тіліндегі қарапайым сөздермен айтарын оқырманына бейнелі, мәнерлі, айқын етіп жеткізуінде.

Көркем әдебиетте қандай да бір әлеуметтік топтың қоғамдағы орнын, қарым-қатынасын даралап көрсетуде сол топтың тілдік қолданысына тән тілдік құралдар ерекше мәнге ие болады. Мұндай тілдік құралдар көркем шығармада кейіпкердің, тұтастай алғанда белгілі топтың әлеуметтік ерекшелігінен хабар беретін стильдік көрсеткіштер болып саналады. Көркем образ жасауда қажетті көптеген амал-тәсілдер қатарында үлкен маңызға ие нәрсе – кейіпкер тілі. Кейіпкер тілі арқылы өзінің болмыс-бітімі мен қабілетінен хабардар етіп, өз орнын айқындайды. Сол кейіпкер бейнесі артында тұрған әлеуметтік топтың бейнесін танытады. Бұдан кейіпкер бейнесін сомдау – тілдік құралдардың қаншалықты маңызды екендігін, сондай-ақ тіл мен әдебиет арасындағы байланысты айқын аңғарамыз. Ғалым Х. Кәрімов «Көркем текстi өнер туындысы ретінде зерттегенде таза лингвистикалық әдіс-тәсілдермен шектеліп қалу жеткіліксіз. Себебі көркем туынды (көркем текст), даралық көркем стиль – жазушы шығармаларының көркем құрылысы ғана емес, әр жазушының шығармаларына тән мазмұн мен түрлі ерекшеліктері. Көркем әдебиет стилистикасында шығарманың тілін оны идеялық мазмұнынан бөліп алып қарауға болмайды», – дейді [2].

Көркем шығарманы талдау филологиялық зерттеу дәрежесіне лайық. Өйткені филологиялық зерттеу – тіл мен әдебиеттің тоғысуы мен түйісуінің, екі ғылым саласының амал-тәсілдерін керегінше әрі орынды пайдаланудың нәтижесі.

Шығарма кейіпкерінің дүниетанымы мен адами келбеті образ жасауда ескерілетін маңызды жайт болуы тиіс. Өйткені көркем әдебиетте олардың көрінуіне тілдік ерекшеліктердің қосар үлгісі аз емес.

Көркем туынды – қоғамның айнасы. Жазушы кейіпкердің қайталанбас портретін жасау үшін оған тән барлық белгіні, оның ішінде тілдік ерекшеліктерді де пайдалануға тырысады. Яғни ұлттық ерекшеліктен бастап, кәсібі мен мекен өткен жеріне байланысты тілдік қолданыстар, сондай-ақ жас ерекшелігін, әлеуметтік сипатын танытатын білім деңгейіне қатысты сөз саптауындағы тілдік

ерекшеліктер назардан тыс қалмайды.

Кез келген тілдік құрал көркем шығарма тілінде орынсыз қолданылмайды. Ондағы күрделі синтаксистік құрылымдар, лексемалар, жеке дыбыстар, фразеологизмдер – бәрі де көркемдік идеяға қызмет ететін тілдік құралдар болып табылады. Әр функционалды стильдің өзінде мағынасы мен бояуы жағынан ажыратылмайтын стильдік қабаты болады. Дыбыстық қабаттан мәтінге дейінге аралықтағы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметін талдау көркем шығарма тілінің өзіндік ұйысу ерекшеліктерін, олардың жасалу жолдарын, көркемдік құралдардың лингвопоэтикалық қызметін анықтауға жағдай туғызады.

Осы орайда О. Бөкей шығармаларындағы қарапайым сөздер, диалектизмдер, варваризмдер, этнографизмдер, фразеологизмдер және синонимдердің қолдану ерекшеліктері мен стильдік қызметтеріне талдау жасаудың қаншалықты маңызды екендігі анық аңғарылады.

Қазақ тілінің лексикалық қабатына бойлай келіп, қажетті тұста оларды ұтымды пайдалана білген, сөз қазынасын мол игеріп, оны айтар идеясымен ұштастырған О. Бөкей прозасы тілінің бір шоғырын сөйлеу тілінің элеметтері құрайтындығы көрсетілді. Әр жазушының өзіне тән даралық стилі болатыны мәлім. Жазушының стиль даралығы сөздерді белгілі бір мақсатта қолданылуынан көрінеді.

Оралханды замандас сыншылары «шешен тілді шебер жазушы», «қара сөзбен жырлап өткен жазушы» деп атаған.

О. Бөкей шығармаларындағы кейіпкерлер өмірде прототипі болған кейіпкерлердің өмірін суреттейтін, тарихи оқиғаларға негізделген шығарма. Алтайдың көркем табиғаты мен оның адамдары арқылы қазақ халқының тарихи санасында жатталып қалған, аңыз-әпсаналар мен олардың көзқарастарында қатталған қабаттарды жаңғыртуға ниет еткен жазушының алдында айқын бағыттар анықталады: бірі – Алтай табиғатының ерекше болмысы мен ондағы адамдардың өмірі, келесісі – публицистикалық шығармалар арқылы қарапайым ойлаудан көркем ойлауға оқырманын жетелейтін, соған тәрбиелейтін көркем сөз туындысын жасау. Кейіпкер болмысын табиғатпен байланыстыра суреттеу арқылы таныту да О. Бөкей творчествосының өзіндік бір қыры десек керек. Осы орайда өзін де табиғаты тамылжыған таулы өлкеде туып өскен жазушының шынайы табиғат жыршысы болғанын айрықша атаймыз.

Тілші ғалым Р. Сыздықованың «Жанр мен тіл үйлесімі» атты ғылыми талдауындағы басты тақырып: Алтай – туған өлке. Сондықтан да: «Жазушы Бөкеев туған өлкесі – әсем Алтайдың, асқақ Алтайдың жыршысы! Оның шығармалары Алтай өлкесінің гимні іспеттес», – деп атап көрсетеді [3].

Жазушы – эстет, ол – этиканың мәңгі қызметшісі. Тіл мәдениеті мен әдеби тіл нормаларын, заңдылықтарын бұзбай сақтау үшін, оны ілгерілету үшін білімділік керек, өзгенің мүддесін ескеретіндей пайым, парасаттылық пен ерік-жігер қажет.

Қазақ әдеби тілі – қалыптасқан, жүйеленген, нормаланған тіл. Әдеби тілдің бір қасиеті оны диалектілермен, ауызекі сөйлеу тілімен, варваризмдермен, яғни бөтен тілдік жат элементтермен салғастырғанда анық байқалады.

Сөз жоқ, қай жазушының болсын сөз қолданысында өзі туып-өскен ортаның әсері болады. Біз мақаламызда О. Бөкей шығармаларындағы варваризмдердің қолданылу ерекшеліктеріне тоқталмақшымыз. Жеке жазушының стиліндегі

ерекшелікті оның замандастарымен салыстыру арқылы анықтауға болады.

Қазақ тілі энциклопедиясында варваризмдерге мынадай анықтама беріледі: «Варваризмдер – тілге етене болып сіңбеген, соншалықты зәрулігі жоқ бөтен тілдің сөздері. Варваризмдерді қолданудың әртүрлі жолдары бар. Ғалымдардың пікірінше, варваризмдер көркем мәтінде түрлі мақсатта кездеседі:

– кейде бір халықтың шынайы өмірін, тұрмыс-салтын көрсетпек болғанда, сол елдің ұлттық ерекшелігін бейнелеу мақсатымен варваризмдер саналы түрде әдейі қолданылады;

– тыңдаушыға ерекше әсер етіп, күлдіру үшін халық ақындары да варваризмдерді ұтымды пайдаланған;

– өзге тілдердегі сөздерді сөзбе-сөз аударуға қиынға тиген жағдайда, варваризмдер сол қалпында ешбір өзгертілмей алынады;

– варваризмдер кейде қоғамдағы жағымсыз типтерді халыққа мазақ етіп келемеждеу үшін де қолданылады;

– ана тілін білуге мән бермей, оған жүрдім-бардым қарап, тіл шұбарлаушыларды келемеждеу үшін де жазушылар варваризмдерді жиі пайдаланады» [4].

Мысалы, ғалым Б. Момынова тілдің сынын кетіретін элементтердің жазушы шығармасында кездесуінің сырын, нендей қажеттілігі барын былай деп түсіндіреді: «Жазушылардың шығармаларында көбінесе кейіпкер тілінде варваризмдер, билингвизм элеметтері ұшырасады, оны жазушы өз еркімен кейіпкерінің аузына өзі салып отырады. Оның түрлі себептері бар. Кейіпкер тілінде төменгі стиль элеметтерінің кездесуі, жазушының өз кейіпкерін варваризмдермен сөйлетуі көбінесе жағымсыз жақтарын көрсетуге тырысудан, характерін ашудан, заманның сипатын көрсетуден т.б. туындайды. Оралхан тілдің мұндай элементтеріне бағалылықты сіңірмейді, бағаны оқып отырған оқырман беретініне сенімді. Оның мақсаты – реалды өмірдің шынайы суретін жеткізу. Мысалы, Оралхан шығармаларының ішіндегі варваризмдер ең көп кездесетін туындысы – «Қар қызы». Өйткені «Қар қызының» кейіпкерлері – жастар. Жалпы кешегі оқиға – бүгінгі тарих, сол оқиғаны өз заманының, тарихтың куәсі – тіл арқылы суреттеуіміз рас, әдебиет – кешегі тарихтың өріліп, бүгінге жеткен шежіресі деп түсінеміз [5].

Бұрын, Қатонқарағай ауданында «кержактардың» қалдығы, орыс ұлты өте көп болған, сондықтан жергілікті халықтың тілінде варваризм жиі ұшырасады.

О. Бөкей прозаларында орыс сөздері кекесін не болмаса кейіпкердің сауатсыздығын немесе оның сауаттылық дәрежесін аңғарту мақсатында, сондай-ақ шығыс қазақтары тіліне әбден етене араласып кеткен орыстың сөз оралымдарын көрсету үшін қолданылған.

Атасы: *Оқы, қызым, – деді. Апасы: – өзің біл, қалқам деді. Ол: –* ***да ну надоела,*** – деді» (Өнерге өлердей ғашық едім, 66-б.).

«–Сиыр сауууды үйренсең қайтеді? – ***Не хачу, боюсь.*** – Үйреніп кетесің. – ***Айттым ғой. Не хочу»*** (Өнерге өлердей ғашық едім, 68-б.).

«Аманжан: ***Какая разница****. Жейтін нәрсенің төркіні – бір*» (Қар қызы, 312-б.).

«– ***Фу... понимаешь,*** *мынау не деген мылжың еді.* ***Давай****, анау алдыңдағы арақты ішіп қой*» (Құм мінезі, 28-б.).

«– ***Понимаешь, беда*** *деген аяқ астынан. Да жиырма бес, қой,* ***тфу,***

***безобразие**, ішпей-жемей» (Құм мінезі, 36-б.).*

*«**Хватит!** – деп айғай салды Алмажан. – **шалтай-балтайды** қойыңдар» (Құм мінезі, 360-б.).*

Автор стилінде орыс сөздері қазақ *мәтініне бейімделген* түрде де көрініс табады:

*«**Личносымды оскорбит** еткен сөз айтты. Бұл да мені бірнеше рет қорламақ болған» (Жетім бота, 384-б.).*

*«Аякөзге барар **жезланы** әзірше бермеуге тура келеді, ал мына кісі **настайвать** етеді» (Өз отыңды өшірме, 286-б.).*

Сондай-ақ қазақша *сөйлеу тіліне* бейімделген орыс сөздері кейіпкер образын ашуда өте нәтижелі пайдаланылады:

«***Нешауа***, шыдай тұр. Үйге барған соң бір астау сыра құйып беремін» (Атау-Кере, 363-б.).

«Пәдөнікті көрсетейін мен саған!» (Қар қызы, 316-б.).

«Нәшәндік тағы күлді» (Өз отыңды өшірме, 86-б.).

Автор шығармаларында орыс сөздері кейіпкерлер тілінде тұтасымен, сөз оралымы ретінде де беріледі:

«– Браво. Джентельмен двадцатого века» (Қар қызы, 396-б.).

«Здравствуйте незванные гости» (Қар қызы, 297-б.).

«Ну что же, – деді шал тағы да орысшалап, идемте поговорим дома...» (Қар қызы, 301-б.) .

Сонымен, жазушы шығармаларында кездесетін кірме сөздерді тіл шұбарлығы деп емес, стильдік мақсатта қолданған деп түсінеміз.

Ал дінге байланысты енген араб-парсы сөздерін автор көбіне дала қазақтарының стилін ашу үшін алады. Олардың қатарына: ***уағалайкүмассалам*** т.б. жатады:

Авторлық баяндауда діни сөздер қоғамның келбетін, соны сынаған автор көзқарасын жеткізуге пайдаланылған:

«Уағалайкүмассаламын» айтып қопаңдап орнынан қозғалып еді, Ерік «отыра беріңіздер», – деп, өзі барып қолдарын алып шықты» (Өз отыңды өшірме, 49-б.).

Тіл лингвистикалық құндылық қана емес, дәуірге тән ұлттық мәдениет пен өркениеттің формасы болып табылады. Осы тұрғыдан келер болсақ, О. Бөкей шығармалары белгілі бір мәдени кеңістік пен уақытқа сай өмірдің «тілін» көрсетеді. Қаламгер шығармаларында кірме сөздер стильдік мақсатта қолданылған.

Қорыта келе, О. Бөкей шығармаларындағы варваризм сөздердің дені әлеуметтік қоғамды, яғни Шығыс Қазақстан қазақтарының тілдік ерекшеліктерінен хабар береді. Жазушы орыс сөздерін өркениеттерді өзгерістерді көрсетуде, кейіпкердің мінез-құлқын ашуда, кейіпкердің білім, мәдениет дәрежесін аңғартуда, сол кездегі жастардың тілінің ерекшелігін, еліктеушілігін көрсету үшін пайдаланады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Кекілбаев Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 1999. – 10-Т. – 400 б.

2 Кәрімов Х. Көркем текст өнер туындысы ретінде зерттеудің өзекті мәселелері / Көркем

шығармалар тексін талдаудың мәселелері. – Алматы, 1993. – 17-18 б.
3 Сыздық Р. Жанр мен тіл үйлесімі / Оралхан / құрас. Р. Мәженқызы. – Алматы: Өнер, 2000. – 114 б.
4 Қазақ тілі. Энциклопедия. – «IDK-TIPO» Редакциялық-баспа орталығы. – Алматы, 1998. – 79-б.
5 Момынова Б. Оралханды оқығанда. – Дидар. – 2005. – 5 шілде.

ӘОЖ 811.512.122:659.1 (574.42)

Қ.С. Дүсіпбаева

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Өскемен қаласы

ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖАРНАМАЛАРДЫҢ ТІЛДІК ЖАҒДАЙЫ

Мақала авторы Өскемен қаласы жарнамаларында кездесетін қателерді талдап, оларды болдырмаудың жолдарын қарастырады.

Автор статьи анализирует ошибки, встречающиеся в рекламных текстах города Усть-Каменогорска, рассматривает пути их искоренения.

The author analyzes the errors occurring in the advertising texts, the city of Ust-Kamenogorsk, considering ways to eliminate them.

Жарнама (франц. – reclame, лат. – reclamo – жар саламын) – тауарлардың, қызмет көрсетудің тұтынушылық қасиеттері туралы ақпарат беру және оған деген сұранысты көбейту мақсатында таратылатын хабарлама; белгілі бір адамдар, ұйымдар, әдебиет пен өнер шығармалары туралы хабар таратып, оларды әйгілеу [1]. Жарнама – адамдардың беймәлім тобына арналған және жеке немесе заңды тұлғаларға, тауарларға, тауар белгілеріне, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қызығушылықты қалыптастыруға немесе қолдауға арналған және оларды өткізуге жәрдемдесетін кез келген нысанда, кез келген құралдардың көмегімен таратылатын және орналастырылатын ақпарат [2].

Жарнама көпшілік ақпарат құралдары (теледидар, радио, газет, интернет т.б.) арқылы жүзеге асатын компьютердің ақылы түрі болып табылады. Кез келген жарнама хабарламалық, болмаса назар аудартушылық сипатымен ерекшеленеді. Жарнаманың түрлері көп: сату орнындағы жарнама, институционалдық (жақсы пікір қалыптастыру мақсатындағы) жарнама, хабарламалық жарнама, сауда және көлік жүйесіндегі жарнама, көше жарнамасы (афиша, плакат), ауызша жарнама, баспалық жарнама т.б.

Қазір не көп – ілінетін жарнама көп. Олардың негізгі қызметі – тұтынушының назарын аударып, жарнамаланып отырған өнімге не қызмет көрсету түрлеріне деген қызығушылығын туғызып, сатып алуға не басқадай іс-әрекеттер жасауға ынталандыру. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2003 жылғы желтоқсанның 19-нында қабылдаған «Жарнама туралы» Заңының 2-тарау 6-бабында жарнамаға қойылатын жалпы талаптар көрсетілген [3].

Жарнамаға қойылатын жалпы талаптар 8 тармақшадан тұрады. Ал осы салада жұмыс істейтін мамандар жарнама жасауда мынадай ережелерге сүйенген-

дері жөн:

– сөйлемдік жолдың ұзындығы, бір қарағанда тұтастай көріп, қабылдайтындай 8 см-ден аспауы керек;

– негізгі мәтін қарпінің ең төменгі көлемі 8 пункт болады (3 мм шамасында). Одан кіші жазулар қиын оқылады, кейде тіпті көрінбейді;

– ең дұрысы, орташа қаріпті таңдау, сонымен бірге жіңішке және жуан қаріптердің қарама-қайшылығы көп мөлшерде болмау керек;

– егер мәтін бірнеше жаңа жолдан тұратын болса, онда оларды әртүрлі қаріппен басып, бір-бірінен алшақ орналастыру қажет;

– мәтінде бас әріп пен кішкене әріптерді қолдану керек;

– бір хабарландыруда бірнеше қаріптерді қолдануға болмайды, бұл мәтінді қабылдауды қиындатады [2].

Сыртқы жарнамаларда осы аталған қағидалар сақталынып, мәтін мәнді де сәнді еш қатесіз жазылып, тұтынушының назарын аудартса, бұл жарнаманың басты, негізгі мақсатының орындалып, іске асқандығы деп білеміз. Қала ономастикасындағы дүкен, жарнама, мейрамхана, фирма, тұрмыстық қызмет орындары т.б. прагмонимдердің шеттілдік атаулармен әлеміштенуі ұлттық-мәдени дәстүрмен, қазақстандық патриотизммен үйлесе қоймайды.

Бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі – жарнама тіліндегі қателер. Қала көшелеріндегі ілу-шалуда бір көрінетін қазақша жарнамасымақтарда грамматикалық, мағыналық, логикалық қателер көп. Себебі жарнама берушілер, біріншіден, мемлекеттік тілді менсінбейді. Екіншіден, жарнама жазатын сауатты адам іздеп, әуреленгілері келмейді. Үшінші бір ойымыз, әдейі солай істейдіге саяды. Өйткені қазақ тілін мән-мағынасыз, жарымжан етіп көрсету арқылы «бұл тілдің мүмкіншілігі шектеулі» дегенді айту пиғылы да болуы әбден мүмкін. Адамның санасын, көзқарасын қалыптастыру жолында жарнама үлкен рөл атқарады. Қазақстанның Конституциясына және Тіл туралы заңына сәйкес мемлекеттік тіл қазақ тілі десек, онда кез келген таңба, атау, брендтер қазақ тілінің орфографиялық заңдылығына сәйкес сауатты жазылуы керек. Өкінішке қарай, қазіргі кезде көздің жауын алатын сыртқы жарнамаларда түрлі емлелік және де терминдердің дұрыс аударылмауы салдарынан болатын қателер көбейіп келеді. Жарнамалардың мемлекеттік тілдегі мәтіндері мүлде болмайды немесе көрінер-көрінбес ұсақ әріптермен беріледі. Әділет басқармалары тарапынан тіркелген кәсіпорын, мекемелердің атаулары көбіне латын әріптерімен, ағылшын және өзге тілдерде жазылады. Мысалы, *дүкен «Di-tex», дүкен Hadежda, аяқ киім салоны Relax, Selena дүкені* т.б. Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңында аталатын «бірлескен, шетелдік ұйымдардың атаулары мемлекеттік тілде және орыс тілінде транслитерация арқылы беріледі» деген қағида сақталмай келеді. Қандай бір меншік нысаны болуына қарамастан Қазақстанның аумағында орналасқан барлық құрылымдар жарнаманы қазақ тілінде жүргізуі керек. Кез келген атау, сауда белгісі ең алдымен Тіл басқармасында бекітіліп, содан кейін Әділет министрлігінде келісілгені жөн болар. Алдағы уақытта мұндай мәселелерге жіті көңіл бөліп, оны болдырмаудың жолдарын іздестірген абзал. Жарнаманың тілін – кәсіптің, нарықтың, сауда-саттықтың тілін қазақшаға айналдыру мемлекеттік тілді өмірге енгізудегі ең басты шарттардың бірі деп қарағанымыз дұрыс.

Бұл тек «көпке түсінікті болу үшін» кириллицадан бөлек қаріппен берілген

қаптаған сауда белгілеріне қатысты жайт болса, көптің наразылығын тудырып жүрген тағы бір түйткіл – жарнама мәтіндерінің қазақша емле және стилистикалық қателері. Бүгінгі түрлі жарнамалық агенттіктер жарнамалық қондырғылардың орнын белгілеп, дизайнына ғана жауап бермей, мәтіннің ішкі мазмұнына да көңіл аударғаны жөн деп есептейміз. Жарнама жұмысын жоғары дәрежеге жеткізудің негізгі бір шарты – жарнама мәтіндері тілінің көркемдік әсерін мейлінше жақсарту. Бұл іс жарнама ұйымдастыру мәселесін дұрыс жолға қоюмен қатар жүруі тиіс. Баршамызға мәлім, жарнама мәтінінде *сөз* ерекше қызмет атқарады, өйткені *сөз* деген – өмірдің айнасы, лингвистикалық көрінісі. Сондықтан да «сөз – күллі фактінің киімі» дейді. Бұл қағиданы жарнамаға да тікелей байланыстыруға болар еді, себебі *жарнама* мәтінінің стилі мен көркемдігі арқылы ғана бағаланады.

Өркениетті елдерде жарнама, оның тілі әлдеқашан зерттеу нысанасына айналған. Ал біздің елде жарнама мәтіні ғалымдар назарына енді ғана ілініп келеді. Жарнама мәтінінің басқа тілден қазақ тіліне дұрыс аударылуы, сөз мәнерлілігі, мағына айқындығы т.б. мәселелер қарастырылуда. Десек те, бүгінгі таңда жарнамалардағы грамматикалық, стилистикалық қателерден толық арылдық деп айта алмаймыз. Жергілікті телеарналардағы жүгіртпе жолдардағы жарнамалардың грамматикалық және стилистикалық қателерін былай қойғанда, тіпті мазмұны жағынан ешқандай сын көтермейді. Қазақша-орысша аралас мәтіндерден ештеңе түсінбейсің. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысалдар келтіріп көрейік: *«...шығарылған кірпіштерді жүзеге асырады»* – шындығында «...шығарылған кірпіштер сатылады» болуы тиіс. *«...магазинінде маталар мен тюльдердің түсімі»* – көзге оттай басылатыны – *магазин, тюль* сөздерінің қазақ тілінде *дүкен, перде* сынды баламалары тұрғанда орыс тіліндегі нұсқасының қолданылуы. Мұның еш қажеттілігі жоқ. Ал «түсімі» *поступление* сөзін белінен басып отырып аударудың салдары. Дұрысында – «...дүкеніне маталар мен перделер түсті» деп жазылуы керек. Осы сияқты *«артық салмақты жою», «жоғары табысты жұмысқа шақырады», «жұмыспен қамту»* деген жарнамаларды көптеп көруге болады.

Зат немесе қызмет түрлерін тұтынушыларға хабарлау мақсатымен ілінетін сыртқы жарнамаларда емлелік қателер, сөздердің мағына жағынан үйлеспеушілігі мол ұшырасады. Сөзімізге дәлел келтіретін болсақ, «*Әузов көшесі», «муниципалық», «Тоихана», «мулік», «экелінген» «төсеміш», «лактысырлар бұымдары», «ресімдеу», «теміржолдын тұиығы», «жануя», «тыртақты ұзарту», «ЖИНАЗ»* сынды сөздерден әріптердің түсіп қалуын, орын алмасуын және қазақтың төл дыбыстарының орнына орыс тілі арқылы енген дыбыстардың жазылуын байқаймыз. Сыртқы жарнамаларда болсын, жүгіртпе жолдардағы жарнамаларда болсын көп мөлшерде кездесетіні жоғарыда аталған – орфографиялық қателер. Бұл әр жылы түрлі нұсқада бірнеше өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп жарық көретін орфографиялық сөздіктердің кемшіліктерінен деп білеміз. Күні кешеге дейін қазақ тіл білімінде басы ашылмай келген даулы мәселенің бірі – осы қазақ орфографиясының ұстанымы. «Екі сөздің тіркесуі арқылы жасалған кісі, ру, тайпа, жер-су, аң-құс, жан-жануар, құрт-құмырсқа, өсімдік атаулары мен әр алуан ғылыми, саяси-әлеуметтік терминдер бірігіп жазылады» деген ережеміз бола тұра, емлелік сөздіктерімізде сондай

сөздердің және оларға тұрпаты келіңкіремейтін, бірақ біріктіріп жазуды керек ететін түрлі тіркестердің жазылуында ала- құлалық жетерлік. Сөзіміз дәлелді болу үшін 2007 жылы шыққан «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінен» бірнеше мысал келтірейік. *Ағаш төсек – ағашат, ауыз бөлме – ауызүй, әр алуан – әртүрлі, боз іңген – бозшағала, жан қайғы – жанайқай, керуен сарай – керуенбасы, киіз қалпақ – киізқап, көз көрмес – көзкөрім, көк мұз – көктайғақ, көк тұман – көкаяз, көк ми – көксақал, тас жетім – тасжүрек* [4] т.б. Міне, осындай екі түбірдің тіркесуінен туындайтын күрделі атаулардың сөздіктерде біреулерінің бөлек, біреулерінің бірге жазылуы жазарман қауымды әбден шатастырып, жарнама тілінің бүлінуіне себеп болды. Мысалы мынадай жарнамаларды байқауға болады: «*Ауыз үй* бөлмесінің жабдықтары», «*әр түрлі* сапалы маталар» т.б. Айта берсек, сыртқы жарнамаларда мұндай қателер өте көп. Бір ғана Тәуелсіздік даңғылынан 50-ге жуық қате кездестіруге болады. Теледидардан берілетін хабарландыруларда былайша жазып қояды: «Апта соңында күн қатты суытып, *көк тайғақ* болады». Негізінен, сөзтіркесті күрделі сөздердің кейбіреуінің бірге немесе бөлек жазылуына қандай да ұстаным болу керек.

Қазақ орфографиясына қатысты даулы мәселелердің тағы бірі – сөздердің екі нұсқада берілуі. «Орфографиялық принцип бір сөз екі түрлі не одан да көп түрде жазылатын жағдайда соның біреуін таңдап алуды айқындайды» дей тұра, орфографиялық сөздіктерімізде аталған жағдай жиі кездеседі. Мысалы, аузы-ауызы, аулы-ауылы, даусы-дауысы [4] т.б. Ал бауыр сөзі үшінші жақта тәуелденгенде – бауыры, ойын – ойыны, мұрын – мұрны түрінде жазылады. Осылардың алдыңғы жазылғандардан ешқандай айырмашылығы жоқ. Сондықтан орфографиялық принципке жүгініп, көпнұсқалы сөздердің біреуін ғана қолданысқа енгізген жөн деп санаймыз.

«Орфографиялық ережелер» бірізге түсіп, әбден қалыптаспайынша жалпы-халықтық тіл нормасын жасау, әдебиет тілінің еркін дамып, қалыптаса беру процесін тездету, жалпыға ортақ орфографиялық норма жасау, мектептерде оқытуды дұрыс жолға қою мүмкін емес» (М. Балақаев). Өйткені біздің заманымыз – сауатты жазу заманы. Демек біздің әліппемізден бастап, үлкен ғылыми еңбектеріміз, әдеби кітаптарымыз, жарнамаларымызға дейін түгел мәнді, оқырманға түсінікті, ең бастысы, сауатты жазылғаны абзал.

Жарнамаларда терминдерге байланысты туындайтын қателерді қазіргі терминологиялық сөздіктердің басым дерлік сапасыздығының айқын көрінісі деп білеміз. Сапасыздық оған әсер етуші бірнеше дәлелдермен түсіндіріледі. Сондай дәлелдердің бірі – терминологиялық сөздіктердің басым дерлігінің қажеттілікке жарамсыз болып, қолданылмай жүруі. Сөздік сұраныс қажеттілігін өтей алған жағдайда, олардың кез келген мекемеде сұраныс уақытын талғамастан пайдаланылған болар еді. Сөздіктердің іске жарамсыздығын оларға деген қажеттіліктің жоқтығымен емес, адамдардың аталған сөздіктерге сенімсіздігімен түсіндіруге болады. Бір ғылым саласының ғылыми ұғымдарын қамтыған түрлі терминологиялық сөздіктерде бірнеше термин нұсқаларының берілуі пайдаланушыларда сенімсіздік тудырып, оларды екі ойлы етеді. Осындай келеңсіз жағдайлардың болмауы үшін әрі жарнамалардағы бірқатар қателерден арылу үшін барлық шығарылған сөздіктердегі, ондағы мәліметтерде айқындалған кемшіліктерді негізге ала отырып, олардың қатарын әлі де зерттей,

анықтай отырып, тиімді сөздіктің әлемдік лексикография мен терминографияда бар түрлерін айқындап, олардың қазақ қоғамына қажеттісін белгілеп, сапалы терминологиялық сөздіктер шығаруға бет бұрған жөн.

Жарнама тіліне қатысты тағы бір мәселе «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі туралы» Заңының 4-бабының 14-тармағынан келіп туындайды: «Қазақстан Республикасының барлық қызмет көрсету салаларында, жарнамалар мен хабарландыруларда мемлекеттік тіл қолданылады. Қажет болған жағдайда, мемлекеттік тілмен қатар басқа да тілдерді қолдануға болады. Олардың орын алу ауқымы мемлекеттік тілдің орын алу ауқымынан аспауы қажет, мемлекеттік тілдегі жазудан кейін орналасуы керек» [6]. Мемлекеттік тіліміздің барлық жарнамаларда қолданылғаны дұрыс-ақ, бірақ өзге тілдегі жазудың алдында келуі кейде мәтіннің, сөздің мағынасын жоғалтып жібереді. Мысалы, *сұлулық салоны «Арай», гастрономы «Рахат», дүкені «Солнышко»* т.б. Қазақша атауын бірінші жазған, ал мағынасы жоқ. Дұрысында, *«Арай» сұлулық салоны, «Рахат» гастрономы, «Солнышко» дүкені* болу керек. Біздіңше, мекеме, дүкен маңдайшаларындағы жарнамаларды, хабарландыруларды тек мемлекеттік тілде жазсақ, мұның қазақ тілінің мәртебесін көтеруге ықпалы тиер еді. Күнделікті «дүкен», «шаштараз», «нан», «мейрамхана», «сусын» т.б. сөздерді көріп, өзге ұлт өкілдері оларды жаттап алады, тілді меңгеру оңайырақ болады. Міне, осы тұста мемлекеттік тіл туралы Заңымызды қайта қарастырған жөн. Бұл қаншалықты қиын әрі ұзақ уақытты, шыдамдылықты талап ететін іс екенін біле-міз. Дана халқымыз айтқандай, «Көз – қорқақ, қол – батыр». Демек ойдағыны жүзеге асыру үшін еш нәрседен тайынбаған жөн. Мысалы, Әкімшілік Кодекстің «Жолда жүру Ережелеріне» былтырғы жылы бірнеше өзгерістер енгізілді. Жолдағы тәртіп бұзушылықтардың көбеюі салдарынан жүргізушілерге де, жаяу жүргіншілерге де Заң талаптары қатайтылды, айыппұл көлемі бірнеше есеге өсті. Тіл туралы да, соның ішінде жарнама тіліне байланысты заңдарды да күшейту керек. Мәселен, жарнамада жіберілген қателер үшін жарнамалық агенттіктерге бірінші жолы ескерту жасауға, ал жағдай қайталанып жатса, айыппұл төлетуге болады.

Америка Құрама Штаттарында жарнамаларды реттейтін бірнеше органдар бар. Атап айтсақ, Штаттар арасындағы барлық сауда түрін қадағалайтын жарнама саласындағы ең ірі орган – *Федералдық сауда комиссиясы;* әуе толқынына хабар тарататын станциялар қызметіне лицензиялар беретін, жарнамаларды жанама түрде бақылайтын – *Комиссия құрамының федералдық комиссиясы;* жапсырмалар мазмұнының жазбаларын талап ететін, қорапта бейнеленген терминдердің пайдалану және сақтау мерзімін бақылайтын – *Тамақ өнімдері және дәрі-дәрмек басқармасы;* дұрыс таңбаланбаған немесе тіркеуге қойылмаған улы химикаттарды мұқият қадағалап отыратын – *Ауылшаруашылық министрлігі;* авиатасымалдаушылардың әуе хабарлары мен барлық жарнамаларын қадағалап отыратын – *Ұлттық авиациялық кеңес;* бидай өнімдерінің жарнамаларын бақылап, тұтынушыларға жалған ақпараттар таратылмауына жауапты орган – *Ауылшаруашылық министрлігіне қарасты бидай басқармасы* [7]. 2010 жылдың 9 сәуірінде Облыстық тілдерді дамыту басқармасы мен С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен «Сауатты жарнама – тіл мәдениетінің көрінісі» атты «дөңгелек үстел» отырысы өтті.

Дөңгелек үстелге ғалымдармен қатар жарнама агенттіктерінің директорлары, қызметкерлері қатысты. Дөңгелек үстелдің қорытындысында төмендегідей ұсыныстар қабылданды:

«Дөңгелек үстелге» қатысушылар ұсынған тақырыптарды талқылай келе, Өскемен қаласы бойынша жарнамалардың қателері көрсетіліп, оларды болдырмаудың жолдары ұсынылды:

– «Лингвоэкологиялық орталық» құру, оның мақсаты мен міндеттерін айқындау;

– қаладағы жарнама агенттіктері мен лингвистикалық орталық арасында байланыс орнату;

– жарнама агенттіктері арасында ай сайын түрлі сайыстар ұйымдастырып, сайыс қорытындысы бойынша «Үздік жарнама агенттігі», «Ең сауатты жарнама» сынды номинациялар тағайындау;

– мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер, дүкендер, сауда орталықтары арасында «Сауатты жарнама» атты байқау ұйымдастыру;

– жарнама жасайтын мамандарға тіл мәдениетінен семинар өткізу;

– сыртқы жарнамадағы қателерден арылу мақсатында «Өскемен» қалалық газетіне «Қала көркі – қатесіз жарнама» атты айдар енгізу. Мұнда сыртқы жарнамалардағы, дүкен маңдайшаларындағы, «жүгіртпе жол» арқылы берілетін жарнамалардағы қателер сарапталып, жанында дұрыс нұсқасы жазылу керек.

«Тіл бұзарға тосқауыл» атты акция үнемі өтіп отырады. Осы акциядан кейін жарнамадағы кейбір қателер түзетіледі.

Осы органдар АҚШ-тағы жарнаманы реттеп, жалған жарнаманың жолына тосқауыл қойып, таратылуына мүмкіндік бермейді. Ал біздегі, Қазақстандағы жарнамалардың бәрінің дерлік тек шындықты насихаттайтынына ешкім кепілдік бере алмайды. Сондықтан мемлекетіміздің барлық қала-аудандарында озық елдердегідей жарнаманы бақылап, қадағалайтын органдар қажет деп санаймыз. Түгел жауапкершілікті бір ғана Әділет министрлігіне немесе Тіл басқармасына жүктеп беруге болмайды. Жарнама саласында кездесіп жататын келеңсіз жағдайлардан аталған екі орган арқылы арылу мүмкін емес. Өнеркәсіптің әр саласын бақылайтын республикалық орындар тәрізді жарнаманың да әр саласының жұмысын қадағалайтын органдар құру – басты қажеттілік. Бұл істің бастамасы ретінде қазақ тілін ана тілім деп құрметтейтін, тілге жаны ашитын белсенді жастарды жинап, мемлекеттік және басқа тілдерде берілген жарнамалардың әдеби тіл нормасына сәйкес келуін әрі қатесіз жазылуын қадағалайтын, жарнама тіліндегі қателерден арылуға септігін тигізетін «Тіл полициясы» атты орган құрған жөн. Біздіңше, тек нағыз ұлтжанды адамдар ғана ұдайы тіл мәселесін ойлап, жарнамадағы қателерге мән беріп, оларды болдырмаудың жолдарын қарастырып жүреді. Осындай жандар қазіргі студенттердің арасында көптеп кездеседі. Аталған орган мүшелері мынадай қызметтерді атқаруы тиіс: телеарналарда берілетін жарнамадағы, жүгіртпе жолдағы қателер үшін телеарна қызметкерлеріне ескерту жасау; мекеме, ұйым, дүкен маңдайшаларындағы қателер туралы жарнаманы дайындаған агенттіктерге хабарлау, оларды түзетуді талап ету; қоғамдық көліктердегі хабарландыру парақтарындағы қателер үшін көлік әкімшілігіне ескерту жасау. «Тіл полициясының» бұл қызметтерді толық мәнді атқаруы үшін Тіл басқармасынан рұқсат қағазы берілуі тиіс немесе «сауатты

жарнама – тіл мәдениетінің көрінісі» атты дөңгелек үстелдің ұсынысымен қабылданған «Лингвоэкологиялық орталықтың» аясында жұмыс атқару қажет.

Жарнамадағы қателерді болдырмауда немесе олардан арылуды қарастырғанда үнемі ескерту, әкімшілік жаза, айыппұл тәрізді шаралардан басқа анағұрлым жеңіл әрі қызықты жолдар бар. Мысалы, ай сайын қаладағы (аудандағы) радио, теледидар арқылы берілетін жарнамалар және сыртқы жарнамалар арасында сайыстар өткізіп тұрған дұрыс. Қатысушыларды «Айдың ең үздік жарнамасы», «Сауатты жарнама» т.б. номинациялар бойынша мақтау қағаздарымен марапаттауға болады. Осы кезде жарнама жасаушылар арасында бәсеке туындап, ол жарнаманың сапасының артуына септігін тигізеді.

Осы аталған ұсыныстарымыз қабылданып, іс жүзінде жүзеге асырылса, жарнама тіліндегі қателерден біржолата арылатынымызға сеніміміз мол.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. – 4-Т. – Алматы, 2005. – 585-б.

2 Якупова Р.И., Шортанова А.А. Кітапханалық жарнама: теория және практика. – Алматы, 2006. – 4, 34, 35-б.

3 Қазақстан Республикасының Заңы: Жарнама туралы // Егемен Қазақстан. – 2003. – 26 желтоқсан. – 4-б.

4 Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Алматы, 2007.

5 Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. – Астана, 1999.

6 Қазақстан Республикасының Заңы: Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі туралы // Ана тілі. – 2008. – 3 сәуір. – 4-б.

7 Садық М. Деректі фильмнен үлкен киноға дейін. – Астана, 2004. – 129-134-б.

УДК 821.09 (47+57)

Л.Н. Демченко

Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова, г. Усть-Каменогорск

«СОВЕТСКАЯ» ЛИТЕРАТУРА: ВЗГЛЯД СПУСТЯ СТОЛЕТИЕ (К ПОСТАНОВКЕ ПРОБЛЕМЫ)

Мақала авторы кеңес әдебиетін XX ғасыр әдеби үрдісінің ажырамас бөлігі ретінде зерттеудегі әдебиеттану ғылымының заманауи жағдайын қарастырады.

Автором статьи рассматривается современное состояние литературоведческой науки в изучении советской литературы как неотъемлемой части литературного процесса XX века.

The author considers the current state of literary science in the study of Soviet literature as an integral part of the literary process of the XX century.

Литература XX в. – это своеобразный феномен, требующий к себе внимания и изучения, и сегодня в первое десятилетие XXI века это особо ощутимо и важно, поскольку открывает иные горизонты оценки и изучения литературной эпохи

в новом историческом контексте. Оценивая минувшее столетие, невольно создается впечатление об утраченности и непонимании целого пласта литературы, которую относят к советскому периоду. Литературоведы после длительных дискуссий и различного рода споров, появившихся на страницах периодических изданий в 90-е годы 20-го столетия, изъяли из литературного процесса авторов и произведения со знаком «социалистический реализм», практически не вдаваясь в суть имеющейся проблемы.

В первую очередь следует говорить о «слагаемых» понятия «литература XX в.». Само по себе это понятие довольно обширно, и в нем можно выделить «русскую литературу XX в.», «отечественную литературу XX в.», «литературу ближнего зарубежья», а также «советскую литературу», или «литературу советского периода», под которой может пониматься «литература социалистического реализма», «маргинальная литература», «возвращенная литература».

Обозначение «советская литература» подразумевает под собой идеологическую направленность литературы. Советская литература, или, по-другому, «литература советского периода» сохраняет в себе отголосок принадлежности к идеологии государства, для которого приоритетом является подавляющая власть «Советов», победивших в политической борьбе. Приверженцы политического курса утверждали себя не только в лозунгах и призывах, но и, конечно же, в литературе, которая, в свою очередь, становится глашатаем, трибуном в установлении правомочности выбранного политического пути. Литература советского периода стала средством художественного воспроизведения истории советского государства: от периода Октябрьской революции по 90-е годы XX века. Закрепилось деление советской литературы на периоды, совпадающие с историческими и политическими вехами, в частности, теоретики советской литературы выделяют периоды 1917-20-е годы, 1930-е годы, 1940-50-е годы, 1960-80-е годы. За каждой из указанных дат мыслится конкретное историческое событие: революция и годы гражданской войны, период коллективизации, период Великой Отечественной войны и восстановления, период оттепели и культа личности, который именовался как «доперестроечный». Интерес представляет и концептуальный подход к художественной идее советской литературы. Главенствующей тональностью творений советских писателей являлось изображение только позитивных сторон, отсутствие какой бы то ни было оценки и критики. От писателей требовалось изображение роста и достижений экономики и политики советского государства. Пафосное изображение реалий действительности превращалось в панегирик социальной формации и лишало полноценного представления об явно существующих картинах жизни общества и, как результат, в литературе появился эффект пустоты, неудовлетворенности. Сюжеты произведений стали страдать схематичностью, а герои произведений превратились в повседневных типичных персонажей [1]. Появился целый ряд произведений на производственные темы, где ставились и решались задачи выполнения государственного плана, победы в социалистическом соревновании и т.д. Иными словами, литература утратила свое главное назначение и превратилась в летопись трудовых буден, где, как в журнале учета, фиксировались даты, достижения, экономические показатели. В этот период литература переживала духовный кризис. Но одновременно с этим процессом проявила себя и другая

литература – непризнанная, которая в то время получила определение «маргинальная» литература, но и более острая литература – запрещенная. Литература, которая не вписывалась в политическую концепцию. Она либо подвергала критике установившийся миропорядок, или же вообще создавалась на отвлеченные темы, не связанные с «трудовыми буднями». Такая литература шла вразрез с магистральным направлением советской литературы.

Советская литература стала порождением социально-политической системы, где главенствующим направлением был «социалистический реализм». Сложилось однозначное понимание советской литературы как литературы социалистического реализма.

Обозначение «социалистический реализм» впитало в себя негативное отношение теоретиков литературы, особенно 90-х годов [1]. «Социалистический реализм» отрицался наравне с социальным строем, ушедшим в лету, как отживший себя. Социалистическое государство перестало быть, на смену ему пришел хаос в умах и в устройстве политической системы. Социалистическая реальность превратилась в миф, Советский Союз распался. Крах системы и государства привел к деградации личности, которая потеряла почву под собой, ту основу, которая создала и питала советского человека. Теперь «советский человек» превратился в атавизм, а вместе с ним рухнули и идеалы, в которые он верил на протяжении семидесяти лет. Вместе с крушением мировоззрения начали рушиться и созданные за этот период «памятники» советского искусства. В литературе подобное явление уже происходило в первые десятилетия XX века, когда отрицалось в искусстве всё, что связано было с прежней эпохой, писателями дворянского происхождения, вспомним графа Льва Толстого. Этой же участи в конце XX века подверглись писатели эпохи социалистического реализма: Горький, Шолохов, Твардовский. Однако, с другой стороны, появились авторы произведений, которые вышли из сумрака небытия, это Платонов, Булгаков, Солженицын и многие другие. Их творения шли вразрез с установившимися нормами и правилами социалистического реализма.

По поводу социалистического реализма также образовался коридор мнений, разделяющий позиции теоретиков социалистического реализма и их только что появившихся оппонентов. 90-е годы стали временем полемики, споров, дискуссий.

Принципы, на которых строился метод социалистического реализма, сводились к идеологической концепции. Принципы народности и партийности исходили из марксистко-ленинской эстетики, которые раскрывали художественную сущность искусства. Произведения, в которых усматривались принципы народности и партийности, принимали идеологическую окраску. Но что же собой представляют принципы народности и партийности? Истинно народный писатель – тот, кто чувствует свою принадлежность к той или к иной этнической группе, это с одной стороны, в этом плане уместно говорить о национальном писателе, который выражает мысли и чаянья своего народа, произведения которого близки и понятны читателю, образы, созданные в художественном тексте, узнаваемы, а мысли и идеи, высказанные автором, читатель воспринимает как свои. С другой стороны, узкое понимание народности связано со словом «народ» в его социальном толковании. Народность в этом случае выражает жизнеописание

простого люда: крестьянства, а затем и рабочего класса. В этом ключе «народность» приобретает классовое звучание, и с этой подачи искусство (литература) трактуется как выразитель рабоче-крестьянского класса. Литература воспитывает трудового человека, изображает его борьбу с враждебным классом, вначале с буржуазией, потом с капитализмом, и в масштабе с империализмом. Тем самым идеологическая установка придает искусству и литературе не художественно-эстетическое своеобразие, а политическое содержание. Полагалось, что «рабочий класс не следует отвлекать от идеологической борьбы» «пустыми» темами и образами. Лирическая, любовная тематика подменялась пафосом революционной борьбы, а чувство любви оспаривалось как враждебное по отношению к чувству долга перед обществом и государством.

Весь предыдущий художественный опыт прошлых столетий трактовался именно с позиции социальной, классовой. Любовной сюжет, являющийся центральным в произведении, переносился на второй план, а эпицентром становилась социальная проблематика. Любовный сюжет трансформировался в социальный и выступал как протест против неустроенности социального общества. Вспомним классические примеры: «Гроза», «Бесприданница», «Воскресенье», «Кто виноват?», «Накануне» и др. Теоретики видели в произведениях художественной литературы в довольно преувеличенном масштабе социальный сюжет, а всё остальное подчинялось ему. В целом произведение утрачивало художественную перспективу. Последующие трактовки произведений классиков не отходили от выбранного когда-то образца и проникали в сознание читателя в виде штампов и образных клише. Практически невероятно было сломать сложившиеся идеологические стереотипы в интерпретации художественных произведений и образов. Теории литературы стало недоставать первозданности художественной трактовки и оценки предмета изучения. Лишь в конце XX века наметились поползновения в сторону переосмысления всего художественного наследия так называемой эпохи советской литературы и того, что организовало ее порождение. Появился свежий взгляд на творения писателей XIX и XX веков [2]. С чем это было связано? Наверно, в первую очередь, с переосмыслением самого назначения искусства и литературы, а также с пониманием излишней идеологичности искусства и литературы, которой придавалась теоретиками социалистического реализма особое значение.

В истории культуры известны разные формы существования такого направления, как реализм: наивный реализм древних, ренессансный реализм, просветительский, классицистический реализм, сентиментальный реализм, критический, или по-другому, классический реализм и др. [3]. Каждое из обозначенных определений было напрямую связано с конкретной культурной эпохой и несло в себе эстетическую концепцию искусства данного столетия, времени. По сути, указанные направления в целом демонстрировали пути становления и развития самого искусства реализма от наивного реализма эпохи Античности, ренессансного эпохи Возрождения, просветительского – эпохи Просвещения до классического реализма XIX века. В XX веке реализм приобрел специфические черты. Содержание реализма базируется на эстетических принципах, которые и являются его отличительными признаками, а именно, искусство реализма основано на принципе детерминизма, и в определенном смысле – на социальном детер-

минизме. Искусство и литература, в частности, во все века определялись своей принадлежностью к тому или иному сословию: это рабовладельцы в древние времена, духовенство и феодальное общество в Средневековье, буржуа в эпохе Нового времени. С утверждением определенного сословия было связано появление и особого положительного героя, как выразителя доминанты эпохи. Античный герой отличался своим мужеством, силой, выносливостью в сражениях, противлением злу; средневековый рыцарь отличался служением своему королю и поиском славы в турнирах за честь Прекрасной дамы, выступал выразителем идей католицизма. В XIII веке появляется герой, который был противопоставлен герою из феодальной знати и духовенства, – это простой человек городской, сельской среды, и он уже сражался не в поединке со злыми духами и мифическими драконами, а с трудностями повседневными, бытовыми, его оружием были не мечи и кинжалы, а ум и находчивость. В XVIII веке появился герой из третьего сословия – буржуа, главным аргументом которого было стремление достичь всего благодаря своим знаниям и уму, что были дарованы ему природой. Этот «естественный человек» отвергал социальное неравенство.

В продолжение этой идеи социального детерминизма в XIX веке усилилось социальное влияние на искусство и литературу [3]. В русской литературе обозначилось явление революционных демократов, они, в свою очередь, утвердили роль литературы как рупора революционных идей. Литература превратилась из художественного достояния в политическую программу. Литературе был придан статус идеологического органа, способного призвать на борьбу угнетенный класс. Художественное произведение брало на себя нагрузку философского трактата. Наследие XIX века перекочевало затем и в XX век вместе с социальной установкой и обрело свое продолжение в отстаивании правоты победившего в революции класса.

Рабочий класс, якобы занявший элитное положение в обществе, на самом деле не являлся таковым. Элитное положение, какое и ранее занимала лишь правящая (руководящая) верхушка, заняла партия большевиков. Победа рабочего класса, которая давалась ему кровью и потом, на поверку оказывалась мнимой. Как и в древние времена, у власти находилась привилегированная группа людей, именовавшая себя партийцами. Такой политический перекос вызывал к жизни внутренние распри и противоречия, которые выражались в гонениях инакомыслящих и в политических репрессиях. Литература, которой отводилась роль рупора передовых идей, отражала и негативные явления в истории советского общества, но литература не должна была затрагивать подобные политические проблемы, здесь и вступала цензура, и цензором выступала та самая политическая верхушка и ее служители. Цензура пристально следила за всем и вся, наблюдала за тем, что происходило в литературе и что зарождалось в умах создателей этой литературы. Любое поползновение в сторону критического осмысления пресекалось, тексты изымались, а инакомыслящие писатели («товарищи пера») отправлялись (в лучшем случае) в различные рода ссылки и заключения, а на произведения такого рода накладывалось табу. В этом плане литературу социалистического реализма сравнивают с классицизмом как регламентированным искусством, где главенствующая роль отводится долгу и разуму, а не чувству и ощущениям.

Враждебность, посеянная политической элитой, впоследствии набрала обороты, и вся литература советского периода превратилась в литературу, воспевающую утвердившийся строй. На самом деле литература по-прежнему оставалась видом искусства, а писатели, увлеченные темой труда и созидания, видели в этом положительную сторону для человека. Идея недопустимости угнетения человека, воспевание его значимости для общества, а иногда и мощности его духовных и физических сил достигла значения ренессансного (возрожденческого) масштаба [4]. Человеку всё было по плечу, его мощь приобретала грандиозный размах, он становился колоссом, способным достать звезды и развернуть реки вспять. Это ощущение свободы духа угадывалась в творениях писателей XX века. Вспомним Маяковского: «Эй, небо! Снимите шляпу – я иду!», это звучит как вызов самой вселенной. В этом и проявился художественный антропоцентризм, так ярко являющий себя в эпоху Возрождения.

В сущности, советская эпоха отражалась одновременно в двух образах: идеальном, согласно которому утверждались идеи свободы, равенства и братства, и образ конформистский, что раскрывается в явном противостоянии регламентированности, жесткой цензуре, политическим преследованиям. Не случайно многое, что принадлежит искусству советской эпохи, заслуживает внимания и вызывает душевный восторг, ведь люди, верящие в силу идеи справедливости, вдохновенно воплощали ее в художественных творениях – это и скульптура, и архитектура, живопись, литература. Художник, в том числе художник слова, запечатлевал монументальную идею на века, формируя художественное наследие советской эпохи.

Двоякое восприятие советской эпохи не случайно в силу указанного выше факта, поэтому следует оценивать художественное произведение именно исходя из его идейной сущности. В литературе советского периода главенствующей категорией является, конечно же, содержание, которое превалировало над формой. Поскольку искусство должно быть понятно большинству, оно должно быть «ясным». Извечный спор «ясного» и «темного» стилей приводило к социальному противоречию. «Ясный» – демократический стиль, «темный» – аристократический. Эксперименты над формой в советской литературе не поддерживались. Форма приобретала характер враждебный по отношению к содержанию, вплоть до того, что формальный признак приобретал оттенок «несоветского» искусства, а всё, что было чуждо для советского мировоззрения, имело отношение к лагерю зла, к лагерю буржуазного искусства.

Принцип партийности, один из принципов социалистического реализма, явился достоянием советской эпохи. Этот принцип определял принадлежность литературы к искусству, идеологически связанному с политикой государства и правительства. Курс на строительство коммунизма стал отличительной чертой советской эпохи. Утопическая идея идеального общества, которая провозглашала служение высоким стремлениям по уничтожению социального неравенства, и отражалась в принципе партийности. В советскую эпоху утверждался лишь один класс – пролетариат, который виделся тем самым строителем коммунизма. В конце 80-х годов XX века принцип партийности был упразднен вместе с переосмыслением политического устройства государства [1]. Смута в головах и в реальном мире привела к пересмотру, казалось бы, раз и навсегда избранного

пути. Наступило время, получившее название «перестройки». Это время явилось переломным пунктом от бессловесного молчания, переосмысления и переоценки происходящего до категорического отказа от прежних идеологических установок. Литературоведы заговорили о пробуждении критического реализма, как переоценке сущего в мире и действительности. Началась, в первую очередь, борьба в сознании и за сознание, а иначе за умы современников. Можно говорить, что обозначился духовный кризис общества, который сказался практически на всех сферах: экономической, политической, культурной. 90-е годы XX века возродили к жизни некогда запрещенную литературу и вернули инакомыслящих писателей XX века. Появились в литературе имена Солженицына, Шаламова, Бродского и других. Литература и в этот период стала выразителем лишь обретающих свой облик противоречивых идей и пока еще неустойчивых позиций, политических и эстетических. Рубеж XX-XXI веков, как и в прежние рубежные века (сравн. рубеж XIX-XX вв.), явился переходным периодом в искусстве и литературе. Стали появляться творения писателей XX века, долгое время пребывающие в небытие, книжные полки пополнились литературой постмодернизма [5]. Советская эпоха канула в лету.

В пошатнувшемся мире, где порушились идеалы прежней эпохи, нужна была опора, своеобразный центр тяжести для удержания мира и порядка в нем. Этим оплотом стали классики литературы XX века, которые из десятилетия в десятилетия несли в своих произведениях неистребимую веру в человека. Они сохранили в себе общенациональный признак и при этом оставались глубоко национальными писателями [6]. В числе таких писателей нужно назвать Чингиза Айтматова, Нодара Думбадзе, Василя Быкова, Иона Друцэ, Тимура Пулатова, Юрия Домбровского, Николая Алексеевича Раевского, Герольда Бельгера, Мориса Симашко.

Литература советского периода, или советская литература, в свое время являлась многонациональной литературой. В ее русле творили писатели и поэты, принадлежащие разным национальным мирам. В период, когда началось разделение на автономные национальные державы, многонациональная литература, именовавшаяся в целом «советской», распалась на национальные литературы, но наследие «советской литературы» требует пересмотра и оценки в современном контексте.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Избавление от миражей: Социалистический реализм сегодня (С разных точек зрения). – М.: Советский писатель, 1990. – 416 с.

2 Мамраев Б.Б. Казахские литературные связи начала XX века. – Алма-Ата: Гылым, 1991. – 95 с.

3 Гуревич А.М. Динамика реализма (в русской литературе X1X века). – М.: ГИТИС, 1994. – 88 с.

4 Кожинов В.В. Статьи о современной литературе. – М.: Советский писатель, 1990. – 542 с.

5 Нефагина Г.Л. Русская проза второй половины 80-х-начала 90-х годов XX века. – Минск: Экономпресс, 1998. – 231 с.

6 Ананьева С.В. Роль авторской позиции в выражении национального и интернационального // Вестник АН РК. – 1992. – № 2. – С. 82-86.

УДК 94: 314.011 (574.42) (091) «19»

Г.М. Ахметова, Б.М. Сеилгазина

Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова, г. Усть-Каменогорск

НЕКОТОРЫЕ ДАННЫЕ О ЧИСЛЕННОСТИ И СОСТАВЕ ГОРОДСКОГО НАСЕЛЕНИЯ СЕМИПАЛАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ (КОНЕЦ XIX ВЕКА)

Мақала авторлары 1897 жылы Ресей империясында жүргізілген Бірінші жалпыхалықтық санақ мәліметтерін пайдалана отырып, Семей облысы қала халқының негізгі сипаттамаларын қарастырады.

Авторы статьи рассматривают основные характеристики городского населения Семипалатинской области с привлечением статистических материалов Первой Всеобщей переписи населения Российской империи 1897 года.

The authors consider the main characteristics of the urban population of the Semipalatinsk region, involving statistics of the first general census of the Russian Empire in 1897.

Городское население Семипалатинской области в рассматриваемый период было изучено с различных сторон во многих трудах. Однако такие характеристики народонаселения городов изучаемого региона, как сословный состав, вероисповедание, грамотность, не были подвергнуты тщательному изучению и анализу. Данные характеристики позволяют выявить новые факторы экономического и социального развития Северо-Восточного региона Казахстана в конце XIX-начале XX веков.

Семипалатинская область в административном отношении входила в состав Западно-Сибирского генерал-губернаторства. Область состояла из Семипалатинского, Павлодарского, Усть-Каменогорского, Зайсанского, Каркаралинского уездов и занимала площадь размером 442242,2 квадратных километров. На ее территории находились шесть городов: Семипалатинск, Павлодар, Каркаралинск, Зайсан, Усть-Каменогорск и Кокпекты.

Наиболее интересные и ценные сведения о численности и составе городского населения Семипалатинской области изучаемого периода содержат материалы Первой всеобщей переписи населения 1897 года. На момент Переписи в городах Семипалатинской области проживало 54488 человек, из которых 29623 мужчин (54,4%) и 24865 женщин (45,6%). Сведения о распределении населения по городам содержат данные таблицы 1.

Как показывают данные таблицы 1, самым многочисленным городом был Семипалатинск. В нем проживало около половины всей численности городского населения (48,2%). К малонаселенным городским поселениям относились Кокпекты (5,4% от общей численности городского населения); Зайсан (8,1%) и Каркаралинск (8,2%). Процент грамотных в числе городских жителей составлял 27,6%, из них в Семипалатинске – 27%, в Зайсане – 31,6%, в Кокпекты – 19,4%, в Каркаралинске – 22,3%, в Павлодаре – 26,3%, в Усть-Каменогорске – 39,3% [4].

Таблица 1 – Распределение населения по городам [4]

Города	Население		
	мужское	женское	обоего пола
Семипалатинск	14119	12127	26246
Зайсан	2810	1592	4402
Кокпекты	1492	1438	2930
Каркаралинск	2477	1974	4451
Павлодар	4173	3565	7738
Усть-Каменогорск	4552	4169	8721
Всего	29623	24865	54488

По вероисповеданиям городское население делилось на несколько групп. Данные о составе городского населения по вероисповеданию содержатся в таблице 2.

Таблица 2 – Состав городского населения по вероисповеданию [4]

Города	Правос. и единоверцы	Старообряд. и уклон. от православия	Римско-католики	Протестанты	Магометане	Иудеи	Христиане	Нехристиане
Семипалатинск	11194	62	106	34	14660	183	1	6
Зайсан	2229	31	13	5	2112	12	-	-
Кокпекты	1695	-	1	1	1233	-	-	-
Каркаралинск	1127	-	10	1	3313	-	-	-
Павлодар	5260	435	34	13	1940	54	2	-
Усть-Каменогорск	7387	116	59	4	1107	48	-	-
Всего в городах	28892	644	223	58	24363	297	3	6

Как видно по данным таблицы 2, население городов принадлежало к разным верам. Большинство населения составляли православные и единоверцы – 53% или 28892 душ обоего пола. По городам также большую часть населения составляли люди этой веры. Основная их масса проживала в Усть-Каменогорске и составляла 84,7% от общего числа жителей города; в Павлодаре – 68%; в Кокпекты – 57,8%; в Зайсане – 50,6%. В городе Семипалатинске их проживало несколько меньше и составляло 42,7% от общей численности населения. А в городе Каркаралинске православные и единоверцы составляли одну четвертую часть или 25,3% населения. На втором месте по количеству приверженцев веры находятся магометане. Их доля в общей массе городского населения составляет 44,7% или 24363 душ обоего пола. В городах население этой веры проживало следующей численностью: большинство проживало в Каркаралинске – 74,5%

от общего числа населения этого города; в Семипалатинске – 55,8%; в Зайсане – 48%; в Кокпекты – 42%; в Павлодаре составляли четвертую часть населения или 25%; в Усть-Каменогорске проживало 12,7% магометан от общего числа устькаменогорцев. Старообрядцы и уклонившиеся от православия составляли 1,2% городского населения области или 644 душ обоего пола. В городах массовая доля людей этой веры по сравнению с первыми двумя тоже была невелика и составляла в Павлодаре 5,6% от общей численности населения города; в Усть-Каменогорске – 1,3%; в Зайсане – 0,7%; в Семипалатинске – 0,2%. В городах Кокпекты и Каркаралинске их не было вообще. Люди, исповедовавшие иудейскую веру, составляли 0,5% от общего числа городских жителей или 297 душ обоего пола. В городах иудеи в процентном соотношении размещались следующим образом: в Павлодаре и Семипалатинске составляли по 0,7% от общей численности населения этих городов; в Усть-Каменогорске – 0,5%; в Зайсане – 0,3%. В городах Кокпекты и Каркаралинске, как и в предыдущем случае, иудеев не было вообще. Людей римско-католической веры по области было 0,4% от общего числа городских жителей или 223 душ обоего пола. В городах число представителей римско-католической веры составляло меньшинство и распределялось следующим образом: в Усть-Каменогорске – 0,7% от общей численности жителей этого города; в Павлодаре и Семипалатинске – по 0,4%; в Зайсане – 0,3%; в Каркаралинске – 0,2%; наименьшее количество проживало в городе Кокпекты – 0,03% от общего числа населения. Также меньшинство в городах составляли приверженцы протестантской веры – 0,1% от общей численности городского населения или 58 душ обоего пола. В городах люди протестантской веры проживали в следующих процентных соотношениях: в городах Семипалатинске, Зайсане и Павлодаре составляли по 0,1%; в Усть-Каменогорске – 0,04%; в Кокпекты – 0,03%; в Каркаралинске – 0,02%. Приверженцев христианской веры среди городских жителей было совсем мало: всего 0,005% от общего числа жителей городов или три душ обоего пола. Из них один проживал в городе Семипалатинске и двое – в городе Павлодаре. Всего из числа городских жителей области шесть человек отнесли себя к приверженцам нехристианской веры, что составило 0,01% от общей численности городских жителей. Все шестеро людей нехристианской веры проживали в городе Семипалатинске. Сведения о составе городского населения по языку содержат данные таблицы 3.

Как показывают данные таблицы 3, русское население составляло 53,9% от всего городского населения. В Семипалатинске проживало 42,6% русских от общего числа жителей этого города; в Зайсане – 50,9%; в Кокпекты – 57,8%; в Каркаралинске – 24,4%; в Павлодаре – 73,4%; в Усть-Каменогорске – 85,7%. Казахи численностью 16030 человек составляли 29,4% горожан. Они проживали в городах в следующих соотношениях: в Семипалатинске – 8873 человека или 33,8% населения данного города; в Зайсане – 36,6%; в Кокпекты – 26,8% от общего числа жителей этого города; в Каркаралинске – 62,1%; в Павлодаре – 17,2%; в Усть-Каменогорске – 7,3% населения. Татары численностью 7983 человека составляли 14,6% городского населения. По городам люди данной национальности распределялись следующим образом: в Семипалатинске – 21,6% от общей численности жителей данного города; в Кокпекты – 15,1%; в Карка-

ралинске – 10,2%; в Зайсане – 9%; в Павлодаре – 7,2%; в Усть-Каменогорске – 5,1% населения этого города. Сарты численностью 344 человека составляли 0,6% городского населения. В городах люди сартской национальности проживали в следующих процентных соотношениях: в Зайсане – 2,3%; в Каркаралинске – 2%; в Семипалатинске – 0,4%; в Павлодаре – 0,2%; в Усть-Каменогорске – 0,06%; в городе Кокпекты представителей данной национальности не проживало. Евреи, численностью 277 человек, составляли 0,5% городского населения. По городам жители данной национальности распределялись следующим образом: в Семипалатинске проживало 0,6% от общей численности жителей этого города; в Усть-Каменогорске – 0,5%; в Павлодаре – 0,4%; в Зайсане – 0,2%; в городах Кокпекты и Каркаралинске евреи не проживали. В составе городского населения проживали поляки численностью 179 человек или 0,3%. По городам люди польской национальности распределялись следующим образом: в городах Павлодаре и Семипалатинске – по 0,3% поляков от общей численности жителей этих городов; в Усть-Каменогорске – 0,5%; в Зайсане и Каркаралинске – по 0,2%; в Кокпекты поляки вообще не проживали. Мордва численностью 98 человек составляли 0,1% населения городов. В городах представители этой национальности проживали в следующих процентных соотношениях: в городе Каркаралинске проживало 0,8% населения данной национальности; в Павлодаре – 0,2%; в Семипалатинске – 0,1% населения данного города; в Усть-Каменогорске – 0,08%; в Зайсане и Кокпекты мордва не проживали. Меньшинство во всех городах составляли немцы – 0,1% населения или 71 человек. По городам люди немецкой национальности проживали в следующих соотношениях: в Семипалатинске, Зайсане и Павлодаре проживало по 0,1% населения от общей численности жителей этих городов; в Кокпекты – 0,06%; в Усть-Каменогорске – 0,03%; в городе Каркаралинске немцы не проживали. Остальные национальности, не указанные выше, численностью 122 человека составляли 0,2% городского населения. В городе Павлодаре проживало 0,5% населения данной категории; в Усть-Каменогорске – 0,3%; в Зайсане – 0,2%; в Семипалатинске и Кокпекты – по 0,1%; в Каркаралинске – 0,08%.

При анализе социального состава городского населения изучаемого региона необходимо уточнить, что под сословием следует понимать социальную группу с закрепленными законом наследственными правами и обязанностями.

Общество в рассматриваемый период делилось на привилегированные сословия (дворянство, духовенство, чиновники, почетные граждане и т.д.) и податные сословия (крестьяне, мещане и т.д.).

Согласно данным источников, городское население по сословной принадлежности распределялось по следующим социальным группам: дворяне, офицеры, чиновники недворянского происхождения; духовенство; почетные граждане и купцы; мещане; крестьяне, казаки; «инородцы». Термином «инородцы», употреблявшемся в дореволюционный период, в узком смысле слова, на языке законодательства, обозначалась принадлежность к особому сословию, приравненному к крестьянскому, но отличному от последнего в некоторых отношениях; в более широком смысле – как этнографический термин для обозначения многочисленных коренных народностей окраин.

Таблица 3 – Сведения о составе городского населения по языку [4]

Города	Всего населения	По языковой принадлежности								
		русск.	польск.	немец.	еврейск.	мордов.	татар.	казах.	сарт.	ост.
Семипалатинск	26246	11192	83	47	181	37	5678	8873	123	32
Зайсан	4402	2243	13	5	13	-	399	1614	105	10
Кокпекты	2930	1694	-	2	-	-	443	787	-	4
Каркаралинск	4451	1090	9	-	-	37	456	2765	90	4
Павлодар	7738	5684	27	14	35	17	561	1335	20	45
Усть-Каменогорск	8721	7481	47	3	48	7	446	639	6	27
Всего в городах	54488	29384	179	71	277	98	7983	16030	344	122

Однако с предложенной социальной градацией общества можно не согласиться, так как сословие «инородцы» или «казахи», которые составляли абсолютное большинство в составе данной социальной группы, искусственно выделено, так как казахское население входило в другие выше перечисленные сословия, как привилегированные, так и податные, составляя большинство в сословии мещан в городах и крестьян – в сельской местности. Но в связи с отсутствием точных данных о численности казахского населения в других социальных группах будем придерживаться предложенной источниками социальной дифференциации общества.

Сведения о распределении городского населения изучаемого региона по сословиям в 1897 году содержат данные таблицы 4.

Абсолютное большинство населения городов в рассматриваемый период составляли мещане – 35,5% от общей численности проживавших в городах области. «Инородцы» составляли 29,9% или 16343 душ обоего пола; крестьяне составляли 18,1%; казаки – 8,7%; дворяне потомственные и личные – 3,7%; купцы – 1,6%; иностранные подданные – 0,1%; духовенство – 0,3%. На долю остальных сословий приходилось 1,1%.

Рост числа предприятий в городе способствовал увеличению численности наемных работников и расширению товарно-денежных отношений. Но, по мнению Касымбаева Ж.К., говорить о формировании в эти годы промышленного пролетариата нет оснований. В области складывался «предпролетариат», малочисленный и слабоорганизованный [5].

Купечество в связи с профессиональной деятельностью концентрировалось главным образом в городах (89% от численности купцов), превратившихся в центры внутренней и внешней торговли. Внутренняя торговля осуществлялась в двух формах: денежной и меновой. Денежная торговля велась круглогодично, преимущественно с казахами и крестьянами, проживавшими в городской черте.

Меновая торговля осуществлялась в основном с кочевым казахским населением. Единицей мены служили баран по первому году (тохты) и годовалый баран (сэк) [6].

Таблица 4 – Распределение городского населения по сословиям в 1897 году [4]

Города	Сословия								
	дворяне	духовенство	купцы	мещане	крестьяне	воиск. казаки	инородцы	иностр. подан.	всего обоего пола
Семипалатинск	1071	78	436	10020	4480	642	9101	21	26246
Зайсан	191	5	77	793	835	835	1625	60	4402
Кокпекты	26	8	119	594	85	1377	783	-	2930
Каркаралинск	173	16	89	508	389	422	2832	1	4451
Павлодар	232	22	105	2840	2190	781	1327	7	7738
Усть-Каменогорск	336	59	98	4753	1933	730	677	3	8721
Всего в городах	2029	182	921	19368	9912	4787	16343	92	54488

Развитие торговых отношений с Китаем и Монголией способствовало увеличению состава купеческого сословия. Только в 1912 году из Восточного Казахстана в Китай выехало 1121 русских подданных и прибыло из Китая 678 русских купцов по вопросам развития российско-китайской торговли [7].

Таким образом, городское население Семипалатинской области в конце XIX века состояло из разных народностей, сословий и социальных групп, которые, в свою очередь, отличались по вероисповеданию, грамотности и другим характеристикам.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Коншин Н. Краткий исторический очерк Семипалатинского края (с XVIII века до 1917 года) // Наше хозяйство. – 1928. – № 1. – С. 34.

2 Алексеенко Н.В. Усть-Каменогорск и устькаменогорцы. – Усть-Каменогорск, 1995. – С. 30.

3 Коншин Н. Краткий исторический очерк Семипалатинского края (с XVIII века до 1917 года) // Наше хозяйство. – 1928. – № 1. – С. 35-39.

4 Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. – Т. 84. – Семипалатинская область. – СПб., 1905.

5 Касымбаев Ж.К. Города Восточного Казахстана. – Алма-Ата, 1990. – С. 76, 132.

6 Семипалатинск. История городов Казахстана. – Алма-Ата, 1984. – С. 42.

7 Обзор Семипалатинской области за 1889 год. – Семипалатинск, 1890. – С. 38.

ӘОЖ 821.512.122.09-3

Р. Зайкенова

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қаласы

ҚАЗАҚ РОМАНЫ: ТАРИХИЛЫҚ ПЕН ДЕРЕКТІЛІК

Мақала авторы Қазақстанның халық жазушысы Қ. Жұмаділовтің тарихи-көркем шығарма стилінде жазылған «Тағдыр» романына талдау жасайды.

Автор статьи анализирует роман народного писателя Казахстана К. Жумадилова «Судьба», написанный в стиле историко-художественного произведения.

The author analyzes the novel, the national writer of Kazakhstan K. Zhumadilov "Destiny", written in the style of the historical and artistic works.

Қазақ прозасының дамуы тұрғысын межелесек, 1960-1980 жылдар аралығындағы әдебиетке іркес-тіркес келген мол шоғырдың жуан ортасында Қ. Жұмаділов те өзіндік қолтаңбасымен бірден танылған-ды. І. Есенберлин, Ә. Нүрпейісов, Т. Әлімқұлов, С. Жүнісов, Қ. Ысқақов, А. Нұрманов, Ә. Кекілбаев, С. Сматаев, О. Бөкей, Ш. Мұртаза, С. Мұратбеков, М. Мағауин, Р. Сейсенбаев, Д. Исабеков, С. Елубаев сияқты жазушылардың қаламгерлік шеберлігін талдау тұрғысынан келгенде Қ. Жұмаділовтің жөні бөлек. Себебі кеңес өкіметі тұсында жазушы шығармашылығы жекелеген мақалаларда ғана айтылғаны болмаса, арнайы зерттеу нысаны болған жоқ. Тек тәуелсіздік таңымен бірге ұлттық эстетика мен мәдениетіміздің барлық саласында қалыптасқан аморфтық түбірлерді қайта қарау жазушы туындыларын талдаудың аясын кеңейте түсті.

Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қабдеш Жұмаділовтің 12 томдық шығармаларының ішінен шекара мәселесі, оның екі жағындағы адамдар тағдыры егжей-тегжейлі сөз болатын «Тағдыр» романына ғана тоқталмақпыз. Аталмыш роман жанрлық сипаты жағынан тарихи-көркем туынды болғанымен, бұл шығарма 1880 жылдары екі алып империя шекара бөліскенде қызыл сызықтың арғы жағында қалып қойған қазақтардың шежіресі іспетті. Цин (Чин, Ежен хан, Маншың) империясының (1644-1911жж.) XVIII ғасырдың орта шенінде Орта Азияға дейін ірге жайып келуі қазақ тарихында ұлт-азаттық көтерілістердің тууына аса үлкен ықпал жасады. Кейбір зерттеу еңбектерде Чин атауы қолданылады. Негізінде Чин, Цин, Еженхан, Маншың сөздері бір ұғымды береді. «Қытайды Шығыста Чин деп атайды, яғни Иисус Христос туғанға дейінгі 221-206 жылдары патшалық құрған бірінші монархиялық император әулетінің Цин деген атымен атап, бірақ Цин деудің орнына Чин деп бұрмалап кеткен. Бұл әулеттің негізін қалаушы Цин Ши-Хуан-ди деген кісі болған. Цин әулеті екінші буынында ішкі өзара соғыстардың салдарынан құрып кеткен»,– деген Шоқан Уәлихановтың тұжырымдамасына сай жазушы Цин деген атауға табан тірейді [1]. Роман сюжеті Тарбағатай өңірі, Құлыстай өлкесі және Маньчжур өкіметінің «Сунцзай-чан», яғни «жаңғырған қала» деп атаған, бірақ қазақтар бөтен сөзге тілі келмегендіктен Шәуешек деп атап кеткен қаласында

бас кейіпкер, тарихта болған адам Демежан айналасында өрбиді.

1988 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Тағдыр» романының Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығына ие болуы тегін емес. Өйткені тарихи шығарма жазғаннан кейін ондағы деректерге ешкім дау айтып, күмән келтірмеуі керек. Автордың өзі сол өлкеде туып өскендіктен, оған Демежанның ел ішіндегі өмірі, баққүндес ағайындармен, алпауыт халдайлармен тартысы бала жастан қанық болғанымен, сол кездегі Маншың хандығының ішкі-сыртқы жағдайы, орыс-қытай қарым-қатынасы, шекара бөлісінің жай-жапсары әлі де толық емес еді. Сондықтан жазушы бір жылдай уақытын архивтерді ақтарып, тарихи зерттеулерге үңіліп, Маншың династиясының үш ғасырлық шежіресін бастан-аяқ сүзіп шығады. Әсіресе, соңғы жесір патшайым Цыси тұсындағы сарай төңкерістері мен оның Шыңжанға жеткен думпуін түгел оқып зерттейді. Шекара бөлісудің құжаттары: 1861 жылғы Петербург келісімі, 1881 жылғы Бежин келісімі, 1884 жылғы Шәуешек хаттамасы да назардан тыс қалмаған. Сол тұста Шәуешекте тұрған алғашқы орыс консулдары (Татаринков, Балкашин, Федоров т.б.), Тарбағатай аймағын билеген амбылар (князь, губернатор мағынасында) мен халдайлар (шекара қызметшілері), шекара бөлісінен кейін ел ішінде өткен алғашқы сайлау, қазақтан шыққан тұңғыш үкірдайлар (үкірдай – аға сұлтан дәрежелі лауазым)... Міне, осылардың бәрін де автордың өте жетік білуі – Шыңжан аймағындағы қазақтардың қоғамдық-әлеуметтік өмірінен толыққанды тарихи-көркем шығарманың жазылуына себеп болды.

Роман төрт бөлімнен, қырық тараудан тұрады, әр бөлім – он тарау. Шығармадағы бас кейіпкер Демежанды әкесі Керімбай 13 жасында Тарбағатай және Алтай аймақтарының губернаторы, Цин империясының жоғары дәрежелі өкілі Ши-амбыға аманатқа тапсырады. Ол уақытта ру көсемдері өз балаларын бауырынан жырып, ұлыққа әкеп беруге тиіс болған. Сөйтіп Демежан Ши-амбының қолында қытай-маньчжур балаларымен бірге бір мектепте оқиды. Гимназияны бітірген соң, Ши-амбының шырмауынан шыға алмай, оның қолында қалып қояды.

Шекара бөлісі тұсында елді тыныш ұстап, бей-берекет шашыратып алмауды Керімбай зәңгіге қатты тапсырған Ши-амбы, шекара бөлісі аяқталған соң, қыр еліне бірінші рет жаңадан сайлау жүретінін, зәңгілерді (зәңгі – болыс дәрежелес лауазым) біріктіріп, үкірдайлардың қол астына қарататынын, егер бытырап жүрген Төртуылдың басы бір жерге жиналатын болса, оған Керімбайдан артық үкірдайды шырақпен іздесе де таппайтынын айтады. Шындығында Керімбай тарихта болған адам, ол 1880 жылдан бастап Төртуыл руының біраз жыл үкірдайы болады.

1860 жылдары екі империяның өкілдері өздерінің шекараларын қалай белгілеу мәселесі бойынша келіссөз жүргізді. Олар қазақ жеріндегі мемлекеттік шекара шебін белгілеу тұспалдарына көп таласып, ұзын-сонар айтыстан кейін барып бір мәмілеге келіп, 1864 жылы Шәуешек қаласында «Қытай-Ресей батыс солтүстік шекараны белгілеу келісіміне» қол қойды. Сонымен Қытай мен Ресейдің мемлекеттік шекарасының негізгі шеп шеңбері (линиясы) белгіленді. Осы келісімшарттың 5-тарауында: «…Жер қайсы мемлекетке бөлінсе, онда отырған адамдар сол жерімен бірге сол мемлекеттің басқаруында болады», –

деп келісілген. Сөйтіп қазақтың жерінің Қытайға тиген бөлігінде отырған қазақтар жерімен бірге Қытайға, Ресейге тән болған өңірдегі қазақтар жерімен бірге Ресейдің басқаруына қарады [2].

Десе де, бұл келісім сол қалпында жүзеге аса қалған жоқ. 1864 жылғы батыс өлкелердегі ұйғыр-дүнген көтерілісі келіссөздердің жүргізілуіне кесірін тигізді. Көтеріліс нәтижесінде пайда болған Дүнген, Ұйғыр, Қашғар феодалдық құрылымдары өзара қырқыстарға ұшырап, сайып келгенде олар Қытай әскерлерінің соққысынан құлады. Қытаймен жанжалға барғысы келмеген Ресей 1879 жылы Құлжа өлкесінен кетіп қалды. 1881 жылы Санкт-Петербург шарты жасалды, ол бойынша Іле өлкесінің батыс бөлігі, яғни ежелгі қазақ жерлері Ресей жағында қалды. Бірақ Қытайдың да үлесіне аз тиген жоқ: өйткені өлкенің Қытай жағында қалған шығыс бөлігінде Найман руының 5000-дай қожалығы, яғни 20000-дай адамы бар 12 болысы (сыбан, байжігіт, қызай) көшіп жүретін еді. Сөйтіп бір халықты екі империя екі бөлікке бөліп алды [3]. Осы деректер романда терең ашылып, өзінің көркемдік шемімін тапқан.

1864 жылғы Шығыс Түркістанда болған көтеріліс туралы осы өлкенің тарихын зерттеуге 20 жылын арнаған тарихшы Құрбанғали Халид (1843-1913) 1910 жылы шағатай тілінде Қазан қаласында басылып шыққан «Таварих хамсе- и шарки» атты еңбегінде бұл шабуылдан негізінен төртуыл елі көбірек зиян шеккендігін атап көрсеткен [4]. Бұл мәлімет тарих ғылымының докторы, профессор Н. Мұқаметханұлының «Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы» (1860-1920) атты монографиясында да жан-жақты талданған. Бұл арқылы жазушы келтіріп отырған деректердің шынайы өмір шындығынан алынғандығы айдан анық көрінеді.

«Іленің халқы жергілікті мұсылмандар, қашқарлықтар мен тараншылар, манчжурлық әкімдер мен қытайлар қалаларда тұрады. Сибо мен солондар әскери халық... Сибо мен солондар – Манчжуриядан қоныс аударып келген тайпалар. Солондар шекаралық Саха-лян-ола округінен шыққан даурлармен (моңғол тектес халық) тектес, затында манчжурлар мен даурлардан өрген халық. Сибо- манчжурлар мен солондардан шыққан аралық тайпа. Олар бұл жерге осы өлкені жаулап алған кездерде ауысқан. Тараншылар – манчжур тілінде диқан деген сөз. Қашқардан қоныс аударылып келген шаруалар» – деп Ш. Уәлиханов айтып отырған «сибо мен солондары» романдағы ең сұмпайы образ Мәтен амбы мен халдайлардың шыққан тегі. Бұл мәлімет романда Демежанның ұстазы, Қытайдағы тарих ғылымының атасы Сыма-сяннан бастап, кейінгі оқымысты ғалымдардың еңбегін түгел тауысып, көп оқыған оқымысты, гимназияның директоры Ли-шансынның жазбаларын Ши-амбыға оқыту арқылы баяндалады. Жалпы қазақтың өткен тарихына шолу роман композициясына Ли-шансының қолжазбасы түрінде кіріккен. Ли-шансын образы ойдан алынса да, өз ісіне берілген, осы арқылы шәкіртін де баурай білген нағыз педагог-ғалым ретінде шынайы бейнеленген.

Сөйтіп Ши-амбы қазақтар тұратын аймақты төрт бөлікке бөліп, тұңғыш үкірдайларды сайлайды. Соның бірі Демежанның әкесі Керімбай зәңгі еді.

Аймақ әміршісі Ши-амбының орынбасары, Тарбағатайдағы халдайлар кеңесінің бастығы Ши-халдай Демежанды қазақтардан шыққан кең тынысты қайраткерлігін, қабілеттілігін біле тұра, қайда салса да бұзып-жарып шығатын

біліктілігінен, әділеттілігінен сескеніп, орайы келсе, көзін құртып жіберуді ойластырады. Керімбай үкірдай ауырған күннен бастап, төртуыл атқамінерлерінің біразы үкірдайлықтан үміткер еді. Ши-халдай мен оның артында тұрған айдары тоқпақтай халдайлардың тұтас тобы Демежанды құлату үшін қазақтармен тіл табысады. Ши-халдай төртуыл жуандарының арасына жік салып, әрқайсына жеке-жеке уәде беріп, үкірдайлықтан үміттендіріп, Ысқақтың қолтығына дым бүркіп, Демежанға қарсы қайрап салады. 67 жасында Керімбай қайтыс болғаннан кейін, қазақ салтына жүйрік Ши-амбы қыр еліне төртуылдың бар билігі әзірше Демежанның қолында болатынын айтып, өз қолымен жазылған грамота-хатты Ши-халдайдың қолына ұстатып, Керімбайдың бата оқырына деп өз атынан атан түйе, тайтұяқ жамбы бастатқан бір тоғыз ақтық жібереткізеді. Құлық-сұмдық, пәле-жаланы, жеті қырдың астындағыны болжайтын көреген құмалақшыдай білетін Ши-амбы төртуыл зәңгілерінің меселін қайтару үшін мұны әдейі істейді. Расында да, желдің қай бағыттан соғатынын аңдап қалған ру басылары әзірше сыр алдырмай, Керімбайдың қырқынан кейін көкек айының ортасында Шәуешектегі төртуыл елінің сайлауында Демежанға амалсыз дауыс береді. Бірақ аймақ әміршісі Ши-амбы олардың жәшікке салған шарларын санамай-ақ, дүйім елдің көзінше Маншың өкіметінің Уаң (ақсүйек, князь мағынасында) дәрежелес шенін білдіретін көк тасты тәжіні Демежанның басына өз қолымен әкеп кигізеді. Бірақ өз билеушілерінің таза өз руларынан болмай, керей тайпасынан жаралуы төртуыл ұлықтарына іштей бір енжарлық туғызып, көңілдері олқы күйінде аттанады.

Сөйтіп, Демежан Тарбағатай аймағын мекендейтін төртуыл елінің үкірдайы болады. Ши-амбыға тілмаш болып жүрген кезінде, 1880 жылдары екі елдің шекара бөлісі тұсында комиссияның құрамында болып, шекара сызығы жүретін межені нақты айқындауда қырғын болып кететін талай қиын-қыстау сәттерден екі жақты да аман сақтап қалады. Шекара бөлісі тұсында неден болса да тайынбауға дайын тұрған қарулы қазақтарға істің мән-жайын түсіндіріп, екі жақты да қантөгістен сақтап қалса, шекара бойына тақау отырған қазақтардың екі елдің қайсысына қараймын десе де ерікті болуы және қараған жағынан өріс-қоныс берілу мәселесінің шешілуіне де ықпал жасайды. 70-тен асқан шағында Ши-амбы қызметінен кетеді, оның орнына келген Мәтен амбының саясатына Демежан бірден қарсы шығып, жайылым жерді жөнсіз егіншілікке айналдыру, сондай-ақ егіншілік жерлер мен суды халдайлардың жеке иелігіне беруге қарсы батыл қарсылық білдіреді. Мәтен амбының парақорлығын әшкерелейді. Демежан тағдырына байланысты романдағы осы оқиғалар тарихи деректермен нақтылы үндесіп жатыр.

Демежанды ақтаған халық атынан жазылған арызды тексеруге шыққан өкіл князь Дуаньді Мәтен амбы қалайда Шәуешекке келтірмеуді алдын ала ойластырады. Жазушының суреттеуінде бұл өңір ұрттам суы жоқ сексеуіл жыңғыл ғана өсетін, жергілікті халық «Тозақ-жетеу, Шепейзімен сегіз» дейтін алыс жол, Оның үстіне жан шыдатпайтын масасы бар. Жол азабынан әбден қажыған князь Дуаньді бәрі ортаға алып, Демежанды қаралайтын қағазға қол қойдырып алады да өзін Жайыр тауының жайлауына әкеліп жақсылап күтіп, сый-сияпат жасап жібереді. Сонымен бірге өкілге Шәуешекке баратын ендігі жол өкілдің басып

келген жолынан да ауыр екенін айтып, үрей тудырады. Сөйтіп алдауға түскен өкіл Демежан басына төнген ауыр қылмысты ашудың орнына халдайлармен ауыз жаласып, істі жауып кетеді. Демежанның ісі ақ болғанмен, осындай қолдан жабылған жаланың, бюрократтық машинаның құрбаны болып, 1908 жылы дарға асылады.

Қытай отаршыларының сан алуан зобалаңын бастарынан өткере жүріп, онымен күресе жүріп, халықтық рухани құндылықтарды, ұлттық болмысты сақтап қалған қандастарымыздың тарихи тағдыры туралы қазақстандықтар тұңғыш рет Қ. Жұмаділовтің «Соңғы көш» (1974, 1981), «Тағдыр» (1988) романдары арқылы танып білді. Бұл романдар жанрлық сипаты жағынан тарихи көркем туындылар болғанымен, алғашқы роман ХХ ғасырдың ортасына дейін Қытайда ғана сақталған көшпенділер тұрмысы, олардың ұлт-азаттық жолындағы күресі, Шығыс Түркістан мемлекетінің күйреуі, сол өлкеде Қызыл империяның орнау кезеңі (1950-1960), ұрпақ қамын ойлаған қандастарымыздың бір бөлегінің ата жұртқа қалай келіп қоныстанғаны туралы сөз болса, екіншісінде патшалық Ресей мен көршілес Цин империясының XIX ғасырдың 80-жылдарында Шығыс Түркістан мен Орта Азиядағы иеліктерін айқындап, шекара сызығын тартқанда, осы өлкені жайлаған қазақ қонысын да қақ жарып өткендігі тарихи деректер негізінде сипатталады. Аталмыш екі шығармадағы Ысмайыл, Күдері, Қанағат би, Қайынбай, Жағфар (Жағда Бабалықов), Естай, Нартай, Оспан, Тұрсын, Шәкен, Керімбай, Нұрбек, Демежан, Балкашин (орыс консулы), Жасыбай (Башпай) т.б. сияқты кейіпкерлер тарихта нақты болған адамдар.

Сонымен Қ. Жұмаділовтің романдары тұтас бір кезеңнің тарихи шындығын, ұлттық көркемдік дүниетанымын ашып берген құнды шығармалар екендігін уақыттың өзі дәлелдеп отыр. В.Г. Белинскийдің: «Ізгі ниетті адамның қай-қайсысы да туған жермен өзінің қандас туыстығын, өзінің жан-тәнімен байланысты екенін терең сезінеді», – деген сөзі жазушыға арнайы айтылғандай [5].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 397 б.

2 Мұқаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920) – Алматы: Қазақпарат, 2000. – 15, 336 б.

3 Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы: Атамұра, 2000. – 279 б.

4 Құрбанғали Халид. Тауарих хамса. (Бес тарих) Алматы: Қазақстан, 1992. – 139, 148-б.

5 Даналардан шыққан сөз. Нақылдар жинағы. (Жинап, құрастырып, орыс тілінен аударған Асылов Ұ.). – Алматы: Мектеп, 1987. – Б. 20.

ӘОЖ 821.512.122

Ж. Камалқызы

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қаласы

«БІРЖАН – САРА» АЙТЫСЫ – ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ ЖАНРДАҒЫ ТУЫНДЫ

Мақалада айтыс (ақындар сайысы) стилінде жазылған қазақ романы жайлы сөз болады.

В статье говорится о казахском романе, созданном в стиле айтыс (состязание акынов).

In the article is about kazakh novel, which is created in style aitys (competition of poets).

«Қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған. Бұл есепке, көбінесе дін мақсұтымен жазылған қиссаларды кіргізбесек те, айтыс өлеңдерді кіргізбеуге болмайды. Наурызбай мен Тілеуқабақтың қызының айтысуы, Біржан мен Сараның айтысуы, бір жағынан, ауызша әдебиетке кірсе де, бір жағынан жартылап келіп жазба әдебиетке кіреді» [1]. М. Әуезовтің бұл пікірі біздің еңбегімізге негіз болды. Академик жазушы ауыз әдебиетінен жазба әдебиетіне көшу – «көшпелі дәуір» туралы анықтама береді. Айтыс өнері басқа ешбір елде кездеспейтін біздің ұлттық әдебиетіміздің асыл мұрасы екеніне тоқталғанын ғалымдар есепке алғанымен, оның жанры туралы М. Әуезовтің сөзі ескерілмей келеді. Ғұлама бұл көркем туындыны роман жанрына жатқызады. Бұл да әлі күнге дейін мән берілмей жүрген бағалы пікір деп есептейміз.

«Айтыс өлеңдердің ерте кездегілері ауызша әдебиетке кірсе де, бергі замандағы айтыстың ішінен ұзақ әңгіме тудыратын Наурызбай мен Біржан – Сара сияқтылары жазба әдебиетке кіреді. Екі кісінің айтысуынан немесе екі кісінің жайынан туатын әңгімелер ертерек уақытта ағылшын әдебиетінде (Гранди-сон, Ричардсон) кездескен, Достоевскийдің «Бедные люди» деген еңбегінде де бар. Мұндай әңгімелерді эпистолярный роман деп атаған. Біздің айтыстардың көбі – осы эпистолярный роман түріндегі өлеңдер» [1]. «Біржан мен Сара айтысының» біз оқып жүрген нұсқасын Ғ. Мүсірепов тоқтау айтқанға дейін тарихи болмағандығын сөз етіп, өз асылымызды желге шашқандай күй кешкеніміз рас. Ұлы М. Әуезов оны қазақ әдебиетіндегі эпистолярлық роман түрінде қарастыруға бағыт берген. Бұл да әдебиетімізді тануға салынған анық жол деп есептейміз. Енді айтыстың роман талаптарына сәйкестігін мәтін арқылы дәлелдеп көрейік. Айтыстың болған сәтін Сараның сөзімен жағдай арқылы суреттейді.

«Үйінде отыр едім Тұрысбектің,
Бұл үйге құдай айдап дұрыс кеппін.
Қасында жеті-сегіз жат кісі бар,
«Сөйлес» деп даусы шықты Жүнісбектің.
Кісі екен отыз екі жолаушымен,
Ақ үйдің жабығынан көрсем санап.
«Сүйінші, іздеген қыз осында деп,
Біреуін ортаға апты жаудай талап.
Сырлаған домбырасын қолына алып,
Ән шырқап қоя берді жүндей сабап.

Біреуі атын ұстап тұрды шаужайынан,
Сөзінің білдім Біржан ыңғайынан,
Толықсып, төңкеріліп ән шырқап тұр,
Сөйтсе де шошымадым айғайынан» [2].

Ең бірінші үйден сыртқа көз салғанда, Сара көзіне түскен сурет осындай. Таза романдағы жағдайдың суреттелуі (жағдай туралы роман теориясы мәселелері тарауында айтылатындықтан, бұл суреттеудің мәнін ашуды қажет деп таппадық). Зерек ойлы, аңғарымпаз ақын қыз Біржанның сыртқы портретін де бірден сол сәтте суреттей кетеді. Сырттан келіп, әй-шәйға қарамай үйдегі ақын қызды айтысқа шақырған Біржан сөздері естіледі. «Біржанның төңкерілген әуенімен, «Ешкіөлмес» ел жиылды бауырында». Айтыс өткен уақыт белгісі де, оқиға өткен мекен де көрсетілген. Айтыс дәстүрінің шарты бойынша, қазақ арасында айтыс өткен соң, оны ел арасына жеңілген ақын таратады. Жеңген ақын мақтан үшін айтпайды. Сондықтан айтыстың болғаны туралы мәлімет айтыста жеңілген ақын Сара сөзімен беріледі. Біржанның аруақты ақын екенін ә дегеннен Сара мойындайды:

«Арындап дәуірлейді барған сайын, Екпіні соққан желдей көрдім жайын». Бұл ақын Сараның өз қарсыласы Біржанға берген бағасы. Сол сәттегі ақынның творчестволық көңіл күйін өзі ақын Сара дәл танып көрсетеді. Айтыс бір ғана Сараға сын болмай қалады. Сол ауылдың иесі Есімбек пен Тұрысбекке де, одан әрі бүкіл найман еліне сын болғалы тұрғанын Есімбектің абыржып, Сараға келіп, айтысқа шығуын, намысын бермеуін, тілегін тілеп, құдайдан абыройын сұрап тұратынын айтатын көріністен байқаймыз. Бұл әлі айтыстан бұрынғы өтіп жатқан хал-жағдай. Бүкіл елді дүрліктірген, «Орта жүзді әнмен қырған» сал Біржанның ақын қызды іздеп келіп, Ешкіөлместе отырған атақты қажы ауылындағы әрекеті ғана. Осы арқылы ақындардың қазақ қоғамындағы орнының қаншалықты биіктігін көрсетеді. Сол уақыттағы қазақ қоғамының мәдениеті көрініс береді. Көрініс береді деу аздық ететіндей, сөзбен соғылған сурет болып мәңгіге қалдырылған. Оның келгенін кінә көріп жатқан жан адам жоқ. Ақынға күш көрсетіп, ауылдан қайтаруды да ойлаған ешкім жоқ. Тек қана соған лайықты сөз қайтара алатын жанның тілеулестері ғана көрінеді. Қазақ қоғамындағы әнші, жыршы, айтыскер ақындардың бар қызметі де, абыройы да, оны тыңдайтын көпшіліктің мәдениеті де айқын көрінеді. Біржан характерін қоғаммен байланыста суреттеп отырғанына анық көз жетеді. Романның бірінші талабы орындалғанын осыдан көреміз.

«Шырағым, Сара, саған не болды?» – деп,
Есімбек кіріп келді ағатайым!
Шырағым, Арғынға орай бар ғой Найман,
Бала едің атағыңды жұртқа жайған.
Кең жерде келістіріп душар болмай,
Қапыда қажы үйінде келді қайдан?»

Бұл сырттан келген Есімбектің сөзі. Қажы ағасының алдында, бірден қарындасына айтысқа шық дей алмай, намысты қолдан да беріп жібере алмай сасып тұрған сәті. Психологиялық толғаныстың көркем бейнесі. Сонымен бірге әр қаһарманның өздеріне тән сөздері. Қиналысы. Бұл да романға қойылар шарттардың негізгілері болып есептеледі. Бұның барлығы романда суреттелген жағдайдың ішкі қозғалыстары ғана. Романға негіз болған оқиға – айтыс әлі басталған жоқ. Бұл да романның басты шарты екені белгілі.

«Тартынба енді, балам, – деді қажы,
Адымың аттан артық шықты тайдан,
Сөзі бұзық ант ұрған көрінеді,
Бар еді бір кісідей өнерге айлаң.
Аптыққан қу Арғынды бір дөңгелет,
Ағаңа осы болсын тиген пайдаң.
Өнері ұлдан артық қарағым-ай,
Тұрайын мен де тілеп бір құдайдан!».

Бұл – қажы Тұрысбектің сөзі. Елдің иесі, қадірі асқан білімді жанның болуға тиіс оқиғаға көзқарасы. Осы арқылы өз аулында айтыстың өтуіне де, айтысқа түсетін ақын Сараға да бата береді. Бұл сөздерден Сара қыз бен ол өмір сүріп отырған қоғам байланысы көрсетіледі. Сара көп қыздың бірі емес, ол – ақын. Бүкіл сол ортаның намысын қорғауға міндетті тұлғаға айналып жүре береді. Қазақ түсінігі бойынша, Сара өзінің тегі Найман руынан шыққан атақты ақындар аруағына сыйынады. «Аспаннан бойға түсті ғайып пірім», – деп, өлеңнің Алла берген ерекше сый екенін атап өтеді. Енді үйде отырған көп қыздың бірі ғана емес, арқалы ақынға айналып:

«Ән шырқап ақ ордадан шыға келдім,
Қозғадым қырмызыдан сөзді талдап.
Төрт қызы Тұрысбектің қасыма ерді,
Ақ үйден шыға келдім «Найман-айлап».
Таңданып жиылған жұрт қарап тұрды,
Біржанға қыз да болсам, балап тұрды.
Кәмшат бөрік, күлдәрі белбеуі бар,
Көк торғын шапанды адам қарсы жүрді.
Түрінен мен таныдым: осы – Біржан,
Сандалтып Орта жүзді әнмен қырған.
Сары сұр адам екен, тым өңді емес,
Құбылар тоты құстай әлгі антұрған».

Сараның өз баяндауымен болған оқиға баяндалып жатар. Сара бірінші кезекте болған оқиғаны жеткізуші – баяндаушы, әлі ақын ретінде айтысушы жағдайына өткен жоқ. Романдағы оқиғаны баяндаушының өзі. Сара баяндауында үлкен сурет бар. Тұтас қазақ тұрмысы бір сәтте көз алдыңа келеді. Көшпенді елдің театр өнері пердесін ашқандай әсерде қаласың. Сара Біржанға бірден мінездеме беріп кетеді. Сыртқы портретін де, өзінің ішкі танымын да көрсетеді. Бұлардың барлығы айтыстың өзі емес. Айтыстың қалай, қай жерде, қандай жағдайда болғанын айтыскердің біреуі әңгіме етіп айтып отыр. Айтушы – Сара. Айтушы өз сөзінің арасында басқалардың да сөзін сол қалпында беріп отырады. Айтушының баяндауы да – роман талаптарының бірі. Айтыс осыдан кейін басталады. Біржан талантты ақын, жезтаңдай әнші қызды өз ортасында жеңбекші болып іздеп келген Арғынның «ақтаңкері», ақыны. Ол да жай қалжың, жігіттердің жеңіл сөздері мен әзілін ғана айтып, шағын топтың көңіл көтерушісі емес. Өз елінің артықтығын танытып, «найманның асыранды бұлбұл құсының» аптығын басып, сол арқылы бүкіл найман елінің өрлігіне сына түсірмекші болған ірі ақын, көптің сөзін сөйлер тұлға ретінде танылады. Одан әрі қарай айтыс өнерінің дәстүрімен кезектесе отырып, ақындардың сөз сайысы басталады. Сара сыртқа шықпас бұрын-ақ дауылпаз ақын өзіне үлкен баға беріп, Сараның айтысқа шығуына

дабыл қаққан. Қамсыз отырған қарсыласының мысын басу үшін, арындаған ақын тоқталмай, Сараға тиіседі:

«Мен Біржан қызға барман аяғымнан,
...Бері кел, ұрғашылық қылма жаным,
Дәндеме Наймандағы саяғыңнан.
Найманның болады екен қызы надан,
Үлгісіз, қандай халық түрі жаман.
Ағаға іні келер біздің елде,
Көп боп па сұрасуға есен-аман!».

Ақындар айтысының шарты. Қарсылысын ауыр сөздермен ықтырып, бастырмалатып, өзінің мықтылығын мойындату. Қарсыласына психологиялық шабуыл жасау. Сара ә дегеннен жеңетін уәж табады.

«Ей, Біржан, кімге дәрі амандығың,
Сөз білсең, бұл да сенің жамандығың.
«Қисса сул әнбиядан» естімеп пе ең?
Белгілі мағлұм болды надандығың.
...Хауаға бұрын барған Адам ата,
Бұл салттан кетпекшісің қалай аттап?».

Дәл осы тұсын әйгілі ақын Ә. Тәжібаев «Жаданның хаттары» дейтін прозалық шығармасында керемет білгірлікпен талдап кетеді. Жаданға айтқан Біржанның өз сөзімен береді. «Әрі қарай толассыз сөйлеп ағындап кете бермей, дәл осы жерден тоқталғанда, мен жеңіліп едім, айтар сөзім қалмап еді, бірақ тұлпардай қызып алған жүйрік ақын кідірмеді, мен одан кейінгі сөздеріне жармаса кеттім», – деген екен. Екі ақын сұлу сөзбен өздерінің портреттерін салып шығады. Айтыстан ақын қыздың көз сүйіндірер көрікті болғаны аңғарылады. Әйтпесе, әрбір сөзін қалт жібермей аңдып отырған арқалы ақынның алдында өзінің сұлу портретін айта алмас еді. Романдағы портрет жасау шеберлігі мінсіз өрнектелген. Біржан оның өз сұлулығы туралы айтқан сөздеріне дау айтпайды. Сара ақын осы бір салтанатымен өзіне-өзі ескерткіш соққандай. Тек ақындық шабытының қанатында өлеңді тасқындатып тұрған қалпында көз алдында мәңгіге қалып кетеді. Айтысты оқып отырғанда жүрегіңе ерекше нұр құйылып, ақын болып тербелесің. Біржан да одан қалыспайды. Өзінің қадірі мен қасиетін танытатын көркем сөзді түйдегімен тоғытады:

«Ақ иық мұзбалақпын жерге түспес,
Қанды көз май жеп алғыш ақ иықпын.
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес...».

Мінездеудің керемет үлгісі. Бұл – роман жанрының бастауы деп танылып жүрген толғаулардан келе жатқан қазақ әдебиетіндегі классикалық мінездеу үлгісі. Сара портретін беруде де Ақжүністің тағдыры шешілер тұста, Қартқожаққа айтатын өзіне-өзінің берген портреттік суреттеулерінің үлгісі бар. Бірақ ақын Сара одан да дәлірек, айқынырақ портрет жасаған. Яғни ауызша романдардағы портрет жасау шеберлігінің эволюциясы деуге болады. Бірін-бірі өздерін өздері бағалап болған соң, елдерінің жақсылықтарын алға тартады. Қарсыласының елдеріндегі етек алған кемшіліктерін беттеріне басады. Ақындар енді қоғамдық айыптаушыға айналып кеткендей. Сара характері көз алдымызда өсіп, жетіліп көрінеді. Айқайдан ығысқандай болып, ел ағаларынан ұялып отырған ұяң қыз басқаша сипатқа ауысады. Романның талабы орындалғанын көреміз. Сөз жоқ,

жан диалектикасының көрінісі. Арқалы ақынмен бетпе-бет келген қыз енді жүйрік ақын болып көсіледі. Ақындар бұдан да тең түседі. Сараның мұқалмас қайраты, білімділігі, сүрінбес жүйрік ақындығы танылады. Сараны биік тұғырдан түсіретін, тұлпар тұяғын сүріндіретін тұсы – қалың беріп, баталасып қойған күйеуі Жиенқұл. Қарсыласынан өз қайғысын жасырып, елін жеңіске жеткізу үшін Жиенқұлды сыртынан мақтап, осы жиынға шақыртуы да Сараның аса сезімтал, алғыр, ұстамды да ақылды мінезін танытады. Елінің намысы үшін жеке басының қайғысын да елемеуге күші жеткен қайратты жасты танимыз. Оның бәрін алдын ала біліп келіп отырған Біржан сырт мақтағанға келіспейді. Осы жерде роман талабына сәйкес Сараның тағы бір қыры ашылады. Ақын Сара көп мұңды қыздардың қатарына түседі. Өз мұңын сол жерде тұрған ағалары, ел сөзін ұстайтын жақсы азаматтар Есімбек пен Тұрысбекке шағады. Енді Біржан Сараның қарсыласы емес, сәні мен салтанаты келіскен қадірлі арудың тілектесіне айналады. Сараға деген ықыласы мен бағасы аса бір нәзіктікпен, қимастықпен өріледі. Екі ақынның да психологиясы айшықты суреттелген. Сонымен бірге бүкіл сол кезеңдегі қоғамның ішкі-сыртқы жағдайы осылай анықтыққа жеткізілген. Біз бұл айтысқа М. Әуезов берген жанрды дұрыс деп есептейміз. Қазақ әдебиетіндегі айтыс үлгісіндегі роман – айтыс-роман. Енді, бұған дау айтушылар, романда қаһарманның біраз өмірлік суреттері көрінбейтін бе еді, бір күнде болған айтыста ол талап орындалмайды ғой деуі мүмкін. Қаһармандар өз сөздерінде өмірлерінен мәлімет беріп отырады. Бүкіл өмірі демесек те, қаһарман туралы жақсы мәлімет берілген.

«Қызы едім Тастанбектің, атым – Сара,
Ішінен ер Қаптағай шықтым дара.
Домбыра ап он үшімде сөз сөйлеп ем,

Келемін бір сүрінбей жеке-дара», – деп өзін таныстыруында роман тілімен айтқанда, монологі арқылы өз өмірінен хабар береді. Біржан ақынға дейін іздеп келген, жеңе алмаған ақындар аталады. Өз өмірінің елеулі тұстарынан осылай хабар береді. Біржан да дәл солай:

«Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын,
Арғынның Алтай-Қарпық ақтан кері.
Ақиық мұзбалақпын жерге түспес,
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес».

М. Әуезовтің эпистолярлық роман дейтін себебі, бұлар хат арқылы өз ойларын жазбаса да, көп алдында кезектесе отырып, өздерінен де, қоғамдағы мәселелерден де хабар беріп шығады. Импровизацияның асыл жауһарлары екі ақынның аузынан да жарқырай төгіледі. Сонымен бірге сол уақыт, қоғамдағы түйткілді мәселелер түгел сөз болады. Роман талаптарын орындаған, бүтін туынды. Айтыс Қазан баспасынан «Қисса Біржан мен Сара айтысы» деген атпен кітап болып басылып шыққан. Сондықтан XIX ғасырда жазбаша шыққан қазақ романы, роман түрі: айтыс-роман деп есептейміз.

Осы жерде тағы да біраз ғалымдардың оқшау пікірлерін келтіре кеткенді жөн көрдік. Ол – Абайдың Пушкиннен аударған Татьяна мен Онегиннің хаттарына байланысты қорытындылар. Б. Шалабаев, М.С. Сильченко сынды ғалымдар бұл аударманы Абайдың өзінің романы, хатпен жазылған роман деген пікір білдіреді [3, 4]. Бұны ғалым Е.В. Лизунова да қуаттайды. Соңғы жылдары бұл мәселе тағы айтылып жүр. Т. Жұртбай мақаласы бұған дәлел. Егер Татьяна мен Онегин хаттарында романдық тұтастық барына сенсек, «Біржан мен Сара»

айтысы одан әлдеқайда толығырақ, жан-жақты, адам психологиясы, қоғамдық суреттеулер толығырақ екені бәрімізге аян. Бұл туындыны айтыс-роман деуге әбден дәлеліміз жеткілікті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Әуезов М. 20 томдық шығ. жин. – 16-т. – Алматы: Жазушы, 1985. – 300, 303, 400 б.
2 Ақын Сара. Айтыс, өлеңдер, дастандар / Құраст. Қайнарбаев С. – Алматы: Жазушы, 1985. – 295 б.
3 Шалабаев Б. Қазақ романының қалыптасуы мен дамуы. – Алматы, 1983.
4 Сильченко М.С. Творческая биография Абая. – Алма-Ата: Изд. АНКазССР, 1957.

ӘОЖ 821.512.122.09-1

С.Қ. Оразалин

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Өскемен қаласы

ПОЭТИКАЛЫҚ МӘТІН ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ЫРҒАҚТЫҢ КӨРІНІСІ

Мақалада поэтикалық мәтіндердің құрылымы, оның бір белгісі – ырғақ мәселесі сөз болады. Автор көркем шығармадағы ырғақты тілдік бірліктердің ішіндегі ең маңызды элементі деп көрсетіп, оның көркем бейне жасаудағы рөлін дәлелдеуге тырысады.

В статье рассматриваются строение поэтических текстов и ритм, как один из его признаков. Автор причисляет ритм к самым важным элементам языковых единиц в художественном произведении и подчеркивает его роль в создании художественного образа.

The article discusses the structure of poetic texts and rhythm, as one of its features. The author classifies the rhythm of the most important elements of the linguistic units in a work of art and tries to prove the role of rhythm in the creation of an artistic image.

Ырғақ өлеңмен жазылған сөздің ең жалпы және жалпы қабылданған белгілеріне жатады. Пьер Гиро ырғақтың мәнін анықтай отырып: «Дыбыстардың дұрыс қайталануы олардың мәні болып табылатындықтан, өлең өлшемдері мен өлең құрылысы статистикалық лингвистиканы басымырақ меңгеруді құрайды», – деп қорытынды жасаған.

Бірдей элементтердің дұрыс алмаса қайталануын ырғақ деп түсіну қабылданған. Ырғақтың дәл осы қасиеті – олардың кезеңділігі табиғи процестердегі және адамның еңбек әрекетіндегі ырғақтардың мағыналық қызметін анықтайды. Біздің зерттеу материалдарымызда «материалистік» ретінде жиі қабылданатын, жалпы өнердегі және сонымен бірге поэзиядағы ырғақтылық бар табиғи және еңбек процестері кезеңділігінің ұқсастығын баса белгілеу дәстүрі анықталды. Г. Шенгели: «Уақыттан алынатын қандай да бір процесті, мысалы, ескекті алайық (ол жақсы, тегіс, епті ескек деп болжай отырып). Осы процесс ескектен ескекке дейінгі үзінділерге бөлінген және әрбір үзіндіде сол кезеңдер бар: күш шығынын талап етпейтін ескекті басу және суда айтарлықтай күш шығынын талап ететін ескекті есу» <...> Олардың әрқайсының әлсізі күштісіне ауысатын тең ұсақ топқа бөлінген, осындай ретке келтірілген процесс ырғақтық деп аталады, ал

кезеңдердің өзінің ретке келтірілуі ырғақ деп аталады», – деген пікір айтады.

Осылардың арасынан табиғаттағы кезеңділік пен өлеңнің ырғақтылығы әртүрлі тәртіптегі құбылыс екенін байқау қиын емес. Табиғаттың кезеңділік процестеріндегі ырғақ белгілі жағдайлардың белгілі бір уақыт аралығы арқылы (өзгерудің тұйық сипаты бар) қайталануынан құралады. Егер біз күнге байланысты жер жағдайларының кезеңділігін алсақ және өзгерулердің тізбегін Қ← К← Ж← К← К← Ж← К← Қ, мұндағы Қ – қыс, К – көктем, Ж – жаз, К – күз деп белгілесек, онда Қ, К, Ж, К орыны өткен кезеңдіктің тиісті нүктесінің дәл қайталануын білдіреді.

Өлеңдегі ырғақ – жоғарыдағы кезеңділікке қарағанда өзге тәртіптегі құбылыс. Өлеңнің ырғақтылығы – әртүрлі элементтердің, тең емес элементті теңестіру және әртүрлі элементтегі ұқсастықты ашу үшін бірдей бағыттағы әртүрлі элементтердің кезеңділік қайталануы, немесе осы бірдейліктің жалған сипатын ашу, ұқсас элементтегі айырмашылықты анықтау.

Өлеңдегі ырғақ *мағынаны айыратын элемент* болып табылады. Әрі өлеңдегі ырғақтық құрылымға кіре отырып, мағынаны ажыратуға қызмет етеді. Басқасы да маңызды: өлеңдік құрылым тек сөз мағынасының жаңа реңдерін ғана анықтамайды – ол кәдімгі тілде жоқ арнайы құралдарды білдіру үшін өмір мен тіл құбылыстарының ішкі қарама-қайшылық ұғымдарының *диалектикасын* ашады. Өлең құрылысын зерттеумен айналысқан барлық зерттеушілердің ішінде, атап айтқанда, Андрей Белый ырғақтың диалектілік мәнін алғашқылардың бірі болып ашқан.

Әдебиеттегі өлеңтануда қабылданған басқа топтастыру принциптерінің ішінен ырғақты бай және жұтаң деп бөлуді кездестіруге болады. *Қайталанатын дыбыстардың саны көп ырғақ – бай ырғақ, қайталанатын дыбыстардың саны аз ырғақ – жұтаң ырғақ* деп бөлінеді. Сонымен ырғақ сәйкес дыбыстардың ырғақ емес дыбыстарға кему мөлшері бойынша біртіндеп жақындай келе, жұтаң ырғақтар нашар дыбысталған уақытта бай ырғақтардағы ырғақ мәнінің дыбысты болуы деп жобалап түсіндіріледі. Сөйтіп, ырғақтың әуенділігі, үнділігі фонетикалық белгілерге, өлең сөзінің мағыналық емес белгілеріне байланысты болып шығады. Осы шешімнің соншалықты айқын болып көрінгендігіне дәлелдемесіз сенуге болады. Алайда бұл пікір тұрақты емес. Қарап отырсақ, қарама-қайшы пікірлер бар. Демек лингвистикадағы ырғақ мәселесі өте күрделі. Бір пікірде қалып қоюға болмайды. Ал мәтінішілік қызметі – көркем образ жасауда ерекше деген пікірге тоқтауға болады.

Екі жағдай да фонетикалық жағынан абсолютті ұқсастықты білдіруі үшін ырғақтың ономастикалық және тавтологиялық екі түрін аламыз және осы жағдайларда ырғақтың үнділігі, әуенділігі әртүрлі екендігіне оңай көз жеткіземіз. Мысалы, Бұқар жыраудың «Көкте бұлт сөгілсе» өлеңін алайық:

Он екі айда жаз келер,
Құс алдына қаз келер,
Айтып-айтпай, немене,
Дәуреніңіз аз келер...

Ырғақты ононимдік ырғақтан тавтологиялық ырғаққа ауыстыра отырып, бірнеше тәжірибе жасаймыз және өлеңнің фонетикалық және ритмикалық шектеріне қатысы жоқ осы талдауда ырғақтың дыбысталуы қалай жоғалатындығына көз жеткіземіз:

Көкте бұлт сөгілсе,
Көктеп болмас, не пайда,
Көкіректен жан шықса,
Қайтып келмес, не пайда...
(Бұқар жырау, 12 айда жаз келер, VII ғ., 46-б.)

Келтірілген мысалдың (не пайда – не пайда) омонимді тавтологиялық қайталаумен ауыстыру жеткілікті және ырғақтың дыбысталуы жоғалады. Ырғақтағы сөздердің дыбысталуы және тілдегі сөздердің дыбысталуы – өз мәні бойынша физикалық дыбысталу мүлде бірдей емес. Тілдің бірдей фонемаларын іске асыратын сөздің физикалық дыбыстарының бірдей жиынтығы ырғақта өте бай және тым жұтаң дыбысталу әсерін туғызуы мүмкін. Осы мағынада келесі мысал өте көрнекті:

Жапырағы жасыл жаутерек
Жайқалмағы желден-дүр,
Шалулығы белден-дүр,
Төренің кежігуі елден-дүр,
Байлардың мақтанбағы малдан-дүр,
Ақ киіктің шабар жері майдан-дүр,
Кешу кешмек сайдан-дүр,
Батыр болмақ сойдан-дүр,
Жалаңаш барып жауға ти,
Тәңірі өзі біледі,
Ажалымыз қайдан-дүр!»
(Шалкиіз жырау, VII ғ., 28-б.)

Екі тәжірибе жүргіземіз. Біріншісі: бірінші өлеңдегі «желден» сөзін «белден», «елден», «малдан», «майдан», «сайдан», «сойдан», «қайдан» сөзімен өзгертеміз. «Дүр» ырғағының фонетикалық та, ритмикалық та мәні өзгермейді. Олардың арасындағы үнділік дәрежесі айтарлықтай өзгереді. Екінші тәжірибе одан да артық қызығушылық туғызады. Қарастырылып отырған мәтінде ештеңені ауыстырмаймыз.

Сонымен өлеңдегі ырғақ мәселесі басқаларымен тығыз байланысты екен: поэтикалық мәтіндегі қайталау деген не? Жалпы дәлелдерді қалыптастырмас бұрын бірнеше жеке байқаулар жасаймыз. Бірінші кезекте, ырғақтық рөл атқаратын қайталаудың ең айқын жағдайларының бірі – ұйқасқа тоқталамыз.


Ырғақ – өлеңнің құрылымдық негізі. Ырғақ түсінігі өлеңмен жазылған мәтіннің жалпы және жалпы қабылданған белгілеріне жатады. Бұл – элементтердің дұрыс алмасуы, қайталануы. Ырғақты үрдістердің дәл осы қасиеті – олардың циклділігі ырғақтардың табиғи үрдістер мен адамның еңбек іс-әрекетіндегі мәнін анықтайды.

Қазақ тіліндегі ырғақты ыңғайластыққа, ритмикалық ұқсастыққа, яғни буын үйлесіміне құрылған поэзияның үлкенді-кішілі түрлерінің өзіне тән мазмұндық-құрылымдық ерекшеліктерімен қатар интонациялық ерекшеліктері де бар. Синтагма мен ырғақты топ поэзияның кіші формалары болып табылатын мақал-мәтел, нақыл сөздерде және оның көлемді формалары – көп шумақты өлеңдерде де, жырлар, толғауларда да орын алып, өзінің интонациялық

ерекшеліктерімен сараланады. Оның үстіне, поэзиядағы ырғақты топтардың түзілуінде, қайталануында, үйлесуінде белгілі тәртіп, жүйе болады. Соның бәрі интонацияда көрініс табады.

Өлеңнің ырғақтылығы – ол тең еместі теңдестіріп, әртүрлілердің ұқсастықтарын ашу үшін арналған бірдей тұрғыдағы түрлі элементтердің циклдік қайталануы немесе бұл біркелкіліктің жалған сипатын ашу, ұқсастықтардағы айырмашылықтарды анықтау үшін қайталануы. Өлеңдегі ырғақ мағынаны айыратын нәрсе – элемент болып табылады, ырғақты құрылымға енгенде әдеттегі қолдануда мағынасыз болып табылатын тілдік элементтер де мағына айыратын сипатқа ие болады. Өлеңдік құрылым сөз мағынасының жаңа реңктерін айқындап қана қоймайды, ол түсініктер диалектикасын, сондай-ақ қарапайым тілмен жеткізу үшін арнайы құралдары жоқ өмір мен тілдің құбылыстарының ішкі қарама-қайшылығын ашады.

Ырғақты қайталаулар бұрыннан бері қазақ өлеңінің, оның ішінде жыраулар поэзиясының негізгі белгілерінің бірі ретінде қарастырылады. Мысалы, Доспамбет жыраудың «Айналайын Ақ Жайық» толғауын алайық:



4-5 шумақты, 24 тармақты, 2-3 бунақты, 7, 8, 9 буынды аралас өлең, аралас ұйқас.

Бұл талдаулардан шығатын қорытынды қандай? Поэтикалық мәтін ішіндегі ырғақ мәтіннен бөлек жатқан дүние емес, керісінше, өлеңге өң беретін тілдік бірлік.

ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

ӘОЖ 159.9:378.5

Х.Т. Шерьязданова[1], А.Р. Ерментаева[1], Ж.Қ. Аубакирова[2]

[1]Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қаласы
[2]С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Өскемен қаласы

ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢДЕГІ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Мақалада жасөспірімдік кезеңдегі тұлғалық даму ерекшеліктері («мен» тұжырымы, қатынастар, интеллектуалдық деңгей, адамгершілік қасиеттер және т.б.) талданады, кәсіби және тұлғалық өзіндік анықтау негізі (жаңақұрылым) қарастырылады.

В статье анализируются особенности (концепция «я», отношения, интеллектуальный уровень, нравственные качества и др.) личностного развития в период юношества, рассматривается основа личностного самоопределения (новообразования).

The article analyzes the features (the concept of "me", attitude, intellectual level, moral character, etc.) of personal development during the period of youth, is considered the basis of personal self (tumor).

Б.Г. Ананьевтің зерттеуі бойынша студенттік шақ негізгі адамның әлеуметтік маңызды дамитын сензитивті кезеңі деп тұжырымдайды.

С.И. Самыгин, Л.Д. Столяренко, В.Е. Столяренко, Х.Т. Шерьязданова, С.М. Жақыпов, А.Р. Ерментаева [1] еңбектерінде жоғары білім алу адамның психикасының және тұлғалық дамуына зор әсерін тигізетіндігі дәйектелген.

Студенттік жас кезеңі жасөспірімдік шақпен сәйкес келеді. Сондықтан жасөспірім шақтағы тұлғалық дамудың психологиялық ерекшеліктеріне тоқталайық.

Жасөспірім шақта адам өзінің өмір сүруіндегі мәнділікті іздейді, өзінің біртұтастылығын игеруге талпынады, басқалар арасында өз орнын табуға тырысады.

Қазіргі кезде жасөспірімдік кезеңдегі зерттеу – өзекті мәселелердің бірі. Мұндай зерттеулердің ішінде жасөспірімдердің психологиялық даму ерекшеліктеріне қатысты еңбектер ерекше орын алады. Л.С. Выготский, Э. Эриксон, Р.С. Немов [2] және т.б. ғалымдардың зерттеуі бойынша жасөспірім кезеңіне қатысты психологияда біршама жалпы теория қарастырылған. Жасөспірім кезеңі 15-

16, 21-25 жас аралыққа дейінгі жас мөлшерін қамтитындығы анықталған. Бұл кезең де жасөспірім сенімсіздік пен жүйесіздік кезеңінен шынайы ержету шағына өтеді. Осы кезеңде жасөспірімде өмір құндылықтарын таңдау мәселесі пайда болатындығы тұжырымдалған.

Ерте жасөспірімдік шақ шынайы ересектік жасқа өту уақыты, оның алғашқы белгілері жеткіншектік шақта көрініс табады. Алайда үлкен сыныптағыларды толық ересектер деп атауға болмайды, себебі олардың бойында балалық шақтың белгілері әлі сақталған. Жасөспірімдік кезеңде тұлғаның адамгершілік тұрақтылығы артатындығы дәріптелген.

Жасөспірімдік кезеңде, жоғары сыныптағы дәстүрлі оқуға байланысты адамгершілік өзіндік сана дамитындығы анықталған. Л. Колберг бойынша бұл кезең моральдың жаңа деңгейіне өтуімен сипатталады, яғни *конвенциональды* деп аталады.

Ғылымда жасөспірім кезеңін дамуына байланысты үш негізгі бағытқа бөлінеді: *биогенетикалық, социогенетикалық, психогенетикалық*. Биологиялық теорияның негізін салушы американ психологі С. Холл онтогенездегі филогенетикалық стадияның қайталануы – даму психологиясының басты заңы деп қарастырды. Көптеген зерттеулерде биогенетикалық бағыттың таза теориясын басқа да жағдайлармен байланыстырады. Ал А. Гезелл концепциясында этаптар мен тенденциялардың дамуына мәдениет себепкер болмайтындығын, тек қана оны жаңартатындығын және жүйелейтіндігін тұжырымдайды.

А. Гезелл зерттеуінде 11 мен 21 жас аралығындағы дамуға мән береді, себебі әр жастағы жаңаны меңгерудегі маңыздылығына тоқталады. Ал 15 жас А. Гезеллдің айтуынша, жасөспірімнің индивидуалды айырмашылығының артуымен ерекшеленеді. Бұл жастың жаңаны меңгеруі бұл тәуелсіздікке ұмтылу, осыған байланысты жеткіншектің жанұядағы, мектептегі қатынасы бұзылады, алайда ішкі бақылаудан құтылуға ұмтылу, өзіндік бақылаудың және өзін саналы тәрбиелеудің бастамасының дамуына негіз болады. Жеткіншекте осы кезеңде өте сезімталдық орын алады. Ал бұл жаста жасөспірімнің ішкі дербестігі арта бастайды, эмоция тұрақталады, қарым-қатынасқа тез түседі, болашаққа бағыт-бағдар жасайды [3].

Социогенетикалық бағыт дамудың әлеуметтену үдерісінің әлеуметтік факторларымен акцентуацияланады. К. Левин теориясында адамның мінез-құлқы бір мезгілде тұлғаның және оның ортасының функциясы ретінде қарастырылады, осыған орай жасөспірім мәселелерін қоршаған орта факторларымен байланыстырып дәйектейді.

Ғылымда психогенетикалық бағыт психологиялық үдерістің өзіндік талдауымен байланысты, осыған сәйкес үш бағытты бөліп талдайды: З. Фрейд және Э. Эриксон теориялары психодинамикалық бағытқа негізделген, Э. Шпрангер, Ш. Бюлер персонологиялық бағытпен байланыстырады, Ж. Пиаже, Л. Кольберг когнитивтік бағдарлау бағыттарын қарастырады.

Өмір жолындағы басқа да кезеңдер сияқты жасөспірімдік кезеңдегі маңызды теориялық-методологиялық негізі, комплекстік меңгеру Л.С. Выготский есімімен байланысты. Ол адамның индивид және тұлға ретінде қалыптасуын, *табиғи және әлеуметтік дамудың диалектикалық өзара* байланыстылығын көрсетеді. Физикалық жетілу үдерісіне – табиғи даму, ал әлеуметтік даму – әлеуметтену

үдерісі деп анықталады.

А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин зерттеуінде жетекші іс-әрекет типі психологиялық жас кезеңдерге байланысты өзгеруінің маңыздылығын негізге алады. Жасөспірімдік кезеңде *оқу-кәсіби* іс-әрекеті жетекші болып табылады.

Д.Б. Эльконин еңбегінде 11-17 жас аралығындағы жетілу кезеңін 2 фазаға бөледі, бірінші 11-15 жас кіші мектеп оқушылары, яғни жеткіншектерге қатысты. Мұнда жеткіншек әр жақты қарым-қатынасқа түсуге үйренеді. Ал 15-17 жаста жасөспірімдердің ең басты оқу-кәсіби іс-әрекетінің арқасында жасөспірімнің танымдық-кәсіби қызығушылықтары артады. Эмоция мен психосексуалдылық даму жағдайына байланысты анықталады.

К. Юнг зерттеуі бойынша жасөспірімдік кезең дағдарыс кезеңі деп дәйектеледі. Ол мұны шынайы өмірдің талаптарына жасөспірім қатынасының сай келмеуіне байланысты деп түсіндіреді.

Л.И. Божович теориясында мектеп оқушылары арасынан жасөспірімдерді бөліп қарастырған. Ғалым тұлғаның мотивациялық сферасының дамуын дәйектеген. Жасөспірімнің өмірдегі орнын табуы және ішкі позициясын анықтау әлемдік көз-қарасын, моральдық сана және өзіндік сананы қалыптастырумен байланысты тұжырымдалады. Жасөспірімдік кезеңге өтуге байланысты фактілік диапазонының кеңейетіндігі анықталды. Осыған сәйкес нормативті міндетті әлеуметтік рөлмен байланысты болатындығы нақтыланады. Бұл кезеңде жасөспірімнің өмірдегі іс-әрекеті арта түседі. Жасөспірімдік кезең белсенді *өмірлік позициясының* қалыптасуымен, өзіндік анықтаумен, өзінің мәнділігін сезінумен байланысты қарастырылады [4].

М.Ю. Красовицкий еңбектерінде жасөспірім – барлық қатынас жағынан ересек адам деп дәйектеледі, бірақ оларды толық жетілген ересек адам деп айту мүмкін еместігі нақтыланады. Осыған сәйкес нақты жасөспірім шақта тұлғаның әлеуметтік бейімделуі белсенді жүретіндігі түсіндіріледі. Сондықтан мектеп пен ата-аналардың жасөспірімдерді, жұмысқа, оқу-танымдық және қоғамдық-саяси іс-әрекеттерге, жаңұя жағдайына, азаматтық борышты өтеуге тәрбиелеуде маңыздылығын толымды анықтайды.

Л.Ф. Обухова психологиялық зерттеулерінде жасөспірім тұлғасының ерекшелігі психологиялық жаңақұрылымдардың түп тамыры, жеткіншек жаста қалыптасып қойған туындысы болып табылатындығын дәйектейді. Өзіндік тұлғасына деген қызығушылықтың артуы, сыншылдықтың көрінуі – бұлардың барлығы ерте жеткіншек жаста сақталады, бірақ олар мәнді өзгерістерге ұшырап, саналы түрде бейнеленеді. Ең негізгі мәнді өзгеріс тұлғаның өзіндік дамуында болады. Оның айрықша ерекшелігі өзіндік рефлексиясының қарқынды дамуымен байланысты. Яғни өзін-өзі тануға, бағалауға, өз мүмкіншіліктері мен қабілеттіліктерін білуге талпынысы жоғары болады. «Мен кіммін?», «Мен қандаймын?», «Менің қабілеттерім қандай?», «Менің өмірлік идеалым қандай?», «Мен кім болғым келеді?» деген сұрақтарға жасөспірімдер жауап іздейді, олар үшін мұндай сұрақтар өзекті болып табылады [5]. Сондықтан жасөспірімдік кезеңде тұлғалық даму ерекшеліктері айрықша өзекті болып табылады.

Э. Штерн жасөспірімдік кезеңді тұлғаның қалыптасуының бір кезеңі деп қарастырды. Ғалымның ойынша психологияның қай бағыты болмасын, барлығынын ортақ мәселесі, ол – тұлғаның мәселесі болу керек. Өтпелі кезең

тек қана ой мен сезімдерден, талпыныс пен идеялдардан ғана емес, сонымен қатар әрекеттің ерекше бейнесімен сипатталу қажетігіне тоқталады.

Жасөспірім кезеңнің негізгі ерекшелігі – дамудың барлық жақтарын өзгерту болып табылады. Осы кезеңде адамның өз беттілігі өмірге деген дайындығымен анықталады. Мұнда жасөпірімнің дүниетанымы, кәсіби іс-әрекетті таңдауы және тұлғаның азаматтылық маңыздылығын нақтылау аяқталады. Факторлар әсерінен тұлғаның қоршаған адамдармен қатынас жүйесі және өзіне деген қатынасы өзгеретіндігі анықталды. Осы әлеуметтік позицияның әсерінен оның қоғамдық пайдалы іс-әрекетке, оқуға деген қатынасы өзгереді. Белгілі бір болашақ мамандыққа деген көзқарас қалыптаса бастайды.

Жасөспірімнің жеке көзқарасы дамиды, үнемі өзінің жетістіктерін көрсетуге, кемшіліктерін байқатпауға тырысысады. Құрдастарының арасында болуға деген ұмтылыс, оларды белсенді түрде үлкендер арасынан өзі соған ұқсағысы келетін адам іздеуге әкеледі. Бұл кезде идентификация туындайды.

Жасөспірім тұлғасының индивидуалды дамуы мен қалыптасуы бірінші кезекте белсенді өзара әрекет, яғни қоршаған ортамен әрекеттесу нәтижесінің арқасында болады. Жас есейе келе адамның психологиялық дамуында әлеуметтік фактордың әсері күшейе түседі.

В.С. Мухина теориясы бойынша жасөспірім шақ пен ересек жас арасындағы онтогенетикалық нақтыланған адам өмірінің кезеңі деп анықталады. Бұл кезеңде жасөспірім тұлға ретінде қалыптаса бастайды. Адам қашанда болмасын онтогенетикалық күрделі жолдан өтуімен ерекшеленеді. Осыған сәйкес тұлғаның әлеуметтік мәнді қасиеті, уайымдауы, ортақтасуға қабілеттілігі дамитындығы дәйектеледі. Өзіне, қоғамға, табиғатқа адамгершілік қатынасы дамитындығы тұжырымдалады. Сондай-ақ жасөспірім конвенциялық рөлді, нормаңы, қоғамдағы тәртіп ережелерін т.б. қасиетерді менгеруімен анықталады. Осы шақта идентификация даму механизмі қалыптасатындығы нақтыланады [6].

Жасөспірімдік кезеңде жасөспірімнің *тұлғалық мәнді қатынасының артуымен* ерекшеленеді. Бұл қатынастар эмоционалды сезімдерге толы болады, бұл – моральды адамгершілік сезім, эмпатия, достыққа, махаббатқа, әріптестікке ұмтылу, саяси, діни сезімдер және т.б. айтуға болады. Бұл кезеңдегі эмоционалдылықтың дамуы адамның индивидуалды-тұлғалық қасиеттерімен, өзіндік санамен, өзіндік бағалаумен және т.б. тығыз байланысты.

Жасөспірімдік кезеңдегі психологиялық жаңақұрылым *тұрақты өзіндік сананың және стабильді «Мен» бейнесінің* қалыптасуына байланысты болатындығы нақтыланған. Мұндай өзгерістер тұлғалық бақылаудың күшеюімен, өзіндік басқару, интеллектінің жаңа стадиясының дамуымен ерекшеленеді. Осы кезеңде жасөспірім *өзінің ішкі әлемін ашады, ересектерден эмансипацияланады.*

Бұл кезеңдегі жас ерекшелік даму басқаны қабылдау, *өзіндік қабылдау, өзіндік тануға* қатысты болады. Жасөспірім *басқаларға ұқсамайтын*, *өзіндік индивидуалды тенденциясын* айрықша бағалайды. Жасөспірімде өзіндік тұлғалық модель қалыптасады, осыған байланысты өзіне және басқаларға деген қатынасын анықтайды.

Жасөспірімнің «Мен» қасиетінің ашылуы, уникальды ішкі әлемі көбінде психодрамалық уайымдаумен байланысты болады. Мысалы, өзінің тұлға құндылықтарының қайталанбайтынын, басқаларға ұқсамайтындығын сезіне

отырып, сонда да *жалғыздық сезімі* пайда болады. Жасөспірімдік «Мен» әлі де тұрақты емес, диффузды, әсерленгіш болып келеді.

Т.В. Снегирова «Мен» құрылымының уақытша құндылық типінің алты түрін анықтайды, жасөспірімдік кезеңдегі тұлғалық өзіндік анықтаудың индивидуалды жан- жақтылығын және «Мен» тұжырымын өткен, қазіргі және келешектің сәйкестігіне байланысты болатындығы нақтыланады.

Өзіндік сана жасөспірімнің үш маңызды жас ерекшелік кезімен акцентуация жасалады: 1) физикалық өсу және жыныстық жетілу; 2) жасөспірім басқалардың өзін қалай бағалайтындығына мазасызданады; 3) қоғам талабына, біліміне, индивидуалды айырмашылығына қарай, өзінің кәсіби қабілетін табуға ұмтылатындығы тұжырымдалады. Жасөспірімдік кезеңдегі өзіндік анықтау, тұлғаның тұрақталуы *дүниетанудың* дамуымен байланысты.

А.В. Петровский зерттеуінде жасөспірімдік кезеңде оқуға саналы қатынас пайда болатындығын атап көрсетеді.

Жасөспірім оқытушылармен қатынаста интеллектуалды деңгейдегі қатынасты жоғары бағалайды. Жеткіншектер оқытушылардың кәсіби педагогикалық сапасын бағалағанда, бірінші орынға адамгершілік қасиеттерін қойса (эмоционалдық қолдау, түсіне білу және т.б.), екінші орынға кәсіби құзыреттілігін, білім деңгейін, оқыту сапасын, үшінші орынға әділетті басқара алушылықты қояды. Ал жасөспірімдер оқытушының кәсіби-педагогикалық қасиеттерін бірінші кезекке қояды. Екінші кезекке бұрынғыдай адамгершілік қасиеттерді қояды, сонымен қатар өзіне ұнайтын, оқытушыларының эмпатия деңгейін жоғары бағалайды. Бұл қысқа кезеңде жасөспірім өмірлік жоспарын жүзеге асыруға тырысады, ол кәсіби өзіндік және тұлғалық немесе моральдық өзіндік анықтаумен байланысты.

Жасөспірім кезеңде кәсіби және тұлғалық *өзіндік анықтау* негізігі жаңақұрылым болып анықталады. Осыған сәйкес жаңа ішкі позиция қоғамда өзін мүше ретінде сезіну, ондағы орнын қабылдау деп тұжырымдалады.

И.В. Дубровина зерттеуі бойынша жоғары сынып оқушысында әзірше өзінің жоспары мен мақсатын жүзеге асыру мүмкін емес болса, ал жасөспірімдік кезеңде нақты корректировка жасау жағдайы болады. Жеткіншектерде жаңақұрылымды меңгеру, бұл тек өзіндік анықтау емес, оған психологиялық даярлықты да айтуға болатындығын ескереді.

Жасөспірім қазіргі кездегі өміріне қанағаттанса ғана, онда келешекке ұмтылыс тұлғалық дамуға жағымды әсер етеді. Ал жағымды жағдайдағы жасөспірім келешекте қазіргі жағдайдан да жақсы болатынына сенімді. Бұл жас стадиясы келешек мамандық таңдаумен байланысты болғандықтан, жасөспірім үшін маңызды кезең болып табылады. Жасөспірімнің келешек мамандық таңдауына қандайда бір жағдайлар, әлеуметтік, моральдық және құқықтық көзқарастар, қызығушылықтар, өзіндік бағалау, қабілет және т.б. түрткі болады. Жасөспірім өз мүмкіндігін жоғары бағалайды. Оның референтті топтары да мектеп қабырғасынан тыс гимназия, колледждерде болады.

Ал студенттер үшін жоғары оқу орнында оқу жылдары – олардың өмірлерінің маңызды кезеңдерінің бірі. Бұл – білімді жетілдіру, кәсіби мамандықты алу, өзінің армандарын, мүмкіндіктерін дамыту кезеңі деп анықталады. Кәсіби өзін-өзі танудың маңызды жағы – экономикалық және әлеуметтік жағынан

жасөспірімдердің мамандықтары және еңбек функциялары өзара сәйкес болуы қажет.

Мұндай зерттеу студенттің сапалары мен қабілеттерін, оның жастық және тұлғалық ерекшеліктерін дамытумен дәйектеледі. Мәселен, егер студентті белгілі бір жастағы адам деп қарастырсақ, онда жасөспірім басқа жас кезеңімен салыстырғанда, есте сақтауының жоғарылығымен, зейінінің ауысуының жылдамдығымен, вербальды-логикалық есептерді тез шешуімен ерекшеленеді. Сонымен студенттік жасты өткен кезеңдермен салыстырғанда, биологиялық, психологиялық, әлеуметтік дамуында ең жоғарғы нәтижелерге жетуімен сипаттауға болады. Студенттік кезең адамгершілік және эстетикалық сезімдердің дамуының, мінезінің қалыптасу кезеңі деп дәйектеледі. Бұл кезеңдегі негізгі ерекшелік ересек адамның әлеуметтік рөлдерінің барлық жиынтығын (азаматтық, кәсіби, еңбек және т.б.) меңгеру болып табылады. Осы кезде экономикалық белсенділік, яғни адамның өзіндік өндірістік қызметке қатысуы, еңбек биографиясының басталуы, өз жанұясын құрумен ерекшеленеді. Бұл кезде бір жағынан, кәсіпкерлікке байланысты арнайы қабілеттердің қарқынды дамуы, екінші жағынан, мінезінің және интеллектінің қалыптасуының ерекше кезеңі ретінде сипатталады. Бұл кезең – спорттық рекордтардың, көркем, техникалық және ғылыми жетістіктердің кезеңі.

Студенттік кезде интеллектуалды және физикалық ерекшеліктер көбі өз дамуының оптимумына жетеді. Алайда, олардың арасында көптеген қайшылықтар кездеседі.

Жоғары оқу орнында оқу кезеңі жастық шақтың екінші кезеңімен, ержетудің бірінші кезеңімен сәйкес келеді. Бұл кезде дамудың өзіндік ерекшелігі – мінездің саналы мотивтерінің дамуы байқалады. Жоғарғы сыныптарда байқалмаған сапалар дамиды. Олай болса жасөспірімнің бағыттылығы, батылдығы, жігерлігі, дербестігі, инициативасы, өзін-өзі басқаруы қарқынды дамиды. Моральды мәселелерге қызығушылығы артатындығымен (мақсаттары, өмір салты, борышы, сенімділігі т.б.) ерекшеленеді.

С.И. Самыгин, В.И. Столерянко зерттеулерінде 17-19 жаста адамның өз қылықтарын саналы реттеуі әлі де толық дамып жетілмегендігі, көп жағдайда дәлелсіз тәуекелге бел буатындығын және өз қылықтарының салдарын болжай алмау байқалатындығын дәйектейді.

Жасөспірімдік кезеңде *өзіндік сыйлау* ең негізгі психологиялық ерекшеліктердің бірі болып табылады. Американдық психолог Морис Розенберг 15-18 жастағы 5 мыңға тарта жоғары сынып оқушыларын зерттеу барысында, өзін-өзі сыйлауы төмен жастарда «Мен» бейнесінің тұрақсыздығы тән екендігін анықтайды. Олар қоршаған адамдардан қорғанып, реалды бейнесін көрсетпейді деген қорытындыға келді. Өзін-өзі сыйлауы төмен жасөспірімдер өздерінің бағалауына қатысты жағдайлардың барлығына өте сезімтал болады. Жасөспірімдер сын, қалжың мен ұялу жағдайын басынан кешіргенде уайымдап, күйзеледі. Олар өзі туралы жаман бағаға қатты алаңдайды. Жасөспірім жұмысын орындай алмағанда немесе өзіне қатысты кемшілікті көргенде осыған мазасызданады, уайымдайды. Сондықтан жасөспірімдердің көпшілігінде тайынбаушылық, психикалық изоляцияға бейімділігі, армандарға берілу тән болады.

Э. Шпрангер еңбегінде студенттік кезеңнің мәдени-психологиялық концеп-

циясын жасап тұжырымдады. Э. Шпрангер бойынша студенттік кезең мәдениет деңгейінің өсу жасы болып табылады. Ол психикалық даму жеке даралық психиканың, осы кезеңде объективті және нормативті рухқа өсуі деп жазады.

Ст. Холл, Э. Шпрангер айтқан тұжырымдарын талқылай келе, студенттің даму деңгейінің үш типін бөліп көрсетеді:

1 Өткір ашулы кризистік уақытпен сипатталады. Ол қайта дүниеге келген адамдай уайым-қайғыға түседі, түп тамырында оның жаңа өзіндік «мені» пайда болады.

2 Өте баяу, ақырын, жайбасар тұлға. Ересектік өмірге өзінің жеке тұлғасында ешқандай өзгеріс енгізбей жай басумен сипатталады.

3 Студенттік белсенді және саналы түрде өзін тәрбиелейді, өзін-өзі дамытады. Өзінің ерік-жігерінің күшімен ішкі кризистерімен мазасыздығын жеңеді, бұл өзіндік бақылау мен өзіндік мінез-құлқы жоғары деңгейдегі адамға тән болып табылады. Бұл жастағы ең басты жаңақұрылым, Э. Шпрангер бойынша, «өзіндік менінің» ашылуы рефлексияның пайда болуы; өзінің жеке даралығын саналы түрде түсінуі, тұлғаның өзіндік анықталуы деп дәйектеледі.

Психологияның ең негізгі міндеті «тұлғаның ішкі әлемін тану» деген қағиданы ескерсек, оның мәдениетпен және тарихпен тығыз байланысты екенін айтып кеткен жөн болар.

Әлеуметтік дамыған тұлғаны тек қоғамда қабылданған нормаларды ұстанумен ғана емес, сонымен қоса белгілі бір топтарға, ұжымдық және қоғамдық құндылықтарға бағытталғанымен ерекшеленеді. Құндылықтар объект жайлы біліммен және оған деген қатынастан тұрады. Психологиялық тұрғыда өзіндік анықталған тұлға – бұл өзіне нені қажет ететіндігін (мақсаты, өмірлік жоспары, идеясы) саналы бағалауымен анықталады. Өз мүмкіндіктерін ашу процесі болып табылады. Осыған сәйкес қоғам, топ талаптарын саналы бағалап, ұжым шеңберінде белсенді іс-әрекет жасай бастайды. Сондықтан өзіндік анықталған тұлғаның көрсеткіші ретінде тек субъектіні қабылдау әлеуметтік маңызды іс-әрекет жасауға даярлықтың, қатынасты жаңғыртуға ғана емес, сонымен қоса шынайы іс-әрекеттің көрсеткіші болып табылады. Э. Шпрангер өзіндік сана-сезімді, құнды бағыт-бағдарлықты жасөспірім дүниетанымын зерттеуге бастауы деп санады.

Бұл жаста алғашқы достық және махаббат сезімдері пайда болады. Бозбала мен бойжеткен қыздар арасындағы сырласқан эмоциялық қатынастардың пайда болу кезеңі деп анықталады. Бойжеткен қыздарда бозбалаға қарағанда бұл құбылыс ерте басталады. Жасөспірімде сенімділік, бауыр басу қасиеттері, жақын адамның тағдырына жауапкершілік сезімі дамиды. Жалпы адамгершілік қасиеттермен қатар, олар «қандай болу керек?» деген сұраққа өзінше жауап береді.

А.Р. Ерментаева еңбегінде тұлға іс-әрекетпен толыққанды аңғарылмайды. Ол адами, ізгіліктік мазмұнға басқалармен тек қарым-қатынас жасау арқылы ие болатындығын анықтайды. Сонымен қатар студент тұлғасы қарым-қатынас нәтижесі болып табылады деп дәйектейді [7]. Сондықтан біз өз зерттеуімізде осы тұжырымды негізге аламыз.

Жасөспірімдер құрбылармен қарым-қатынасы арқылы мәселелерін шеше

алады. Ол арнайы ақпараттың маңызды көзі (қандай да бір себептерге байланысты үлкендерден сұрауға ұят немесе сұрауға болмайтын), іс-әрекетін және өзара тұлғалық қатынастың арнайы түрі (статус пен рөлдерді, қарым-қатынастың коммуникативті дағдыларын, стилін меңгеру), эмоционалды қатынас (топтағы орнын табу, дербестік, эмоционалды үйлесімділік және тұрақтылық) болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Ерментаева А.Р. Студенттерді психологиялық дайындаудың негіздері. – Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2007. – 404 б.
2 Немов Р.С. Психология. – 4-е изд. – М.: Владос, 2000. – Кн. 2. Психология образования. – 606 с.
3 Сапогова Е.Е. Психология развития человека: Учебное пособие для студентов вузов. – М.; Аспект Пресс, 2005. – 2006 с.
4 Божович Л.И. Проблемы формирования личности / Под ред. Д.И. Фельдштейна. – М.; Воронеж: Изд-во ин-та практ. психологии, 1995. – 352 с.
5 Обухова Л.Ф. Детская психология: Теория, факты, проблемы. – М., 1995. – 264 с.
6 Мухина В.С. Возрастная психология: Хрестоматия. – М., 1999. – 384 с.
7 Ерментаева А.Р. Студенттерді психологиялық дайындаудың негіздері: Монография. – Өскемен. С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2007. – 404 б.

ӘОЖ 159.9:378.5

А.Р. Ерментаева

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Өскемен қаласы

ТҰЛҒА, СУБЪЕКТ ЖӘНЕ СУБЪЕКТІЛІК

Мақалада психологиядағы негізгі категориялар – тұлға, субъект және субъектілік авторлық ұстанымммен анықталды, тұлғалық және субъектілік дамудың өзара шарттастығы талданды.

В статье излагается авторская позиция в определении основных категорий психологии – личность, субъект, субъектность и асубъектность, анализируется взаимообусловленность развития личностности и субъектности.

The article describes the author's position in determining the major categories of psychology – personality, subject, and subjectivity, intersectionality examines the development of personal subjectivity.

Тұлға – психология ғылымындағы негізгі категориялардың бірі. Бастапқыда тұлға мағынасын адамның әлеуметтік функциялары немесе рөлдері анықтаған. Содан бастап тұлға ұғымының мағынасы қоғамдық қатынастар сипатына байланысты ұдайы кеңеюмен келеді. Сондықтан психологияда тұлға ұғымы бірмәнді анықталмайды. Ғалымдардың зерттеу жұмыстарындағы мақсат-міндеттерге, зерттеу құралдары мен әдістеріне және тұлғалық қасиеттердің көпжақты әрі күрделі болуына байланысты тұлға әртүрлі сипатталады.

Қазіргі психологияда қорытылған тұлға жайлы 300-ден астам анықтамалардың

барлығының ортақ бір тұсы бар. Бұл – тұлғаның әлеуметтік қатынастарға араласуы арқылы анықталатындығы. Олай болса, *тұлға – өзі және әлеумет (өзгелер) үшін мәнді болатын қоғамдағы қатынастар арқылы танылатын және дамитын тұрақты психологиялық қасиеттердің жүйесі*. Сонда тұлға ұғымының мағынасы негізгі екі жайтты ескеруді қажет етеді. Бірі – адам баласының кез келгеніне тән сипаттар, бет-әлпеті оның әлеуметтік рөлдерінің, функциялары мен қызметінің мазмұнын анықтамайды. Екіншісі – адамдардың әлеуметтік рөлдерінде, функцияларында типтік сипат болады, адамдар өзара қарым-қатынас жасауға қабілетті келеді. Ғылымда тұлға ұғымының мазмұны адамның барлық иерархиялық құрылым деңгейлерін қамтиды. Психологиялық зерттеулер үшін маңызды адамның иерархиялық құрылымындағы төрт деңгейді Б.Г. Ананьев бөліп, негіздеген [1]. Олар: *индивид*, *іс-әрекет субъектісі*, *тұлға* және *жеке-даралық*. Сондықтан тұлға психологиясын терең түсіну үшін «адам», «индивид», «субъект» және «жеке-даралық» ұғымдарын ажыратып, сипаттау қажет.

Бұлардың арасында «адам» ұғымы бәрінен де кең әрі жалпыланған мағынаға ие. «Адам» ұғымына «индивид», «тұлға», «субъект» және «жеке-даралық» ұғымдары қамтылады және соған негізделіп анықталады. Адам индивид ретінде ақыл-оймен ерекшеленетін *Homo sapiens* түріне жатады. Индивид болып дүниеге келген адам баласы қоғамдық қатынастар арқылы *тұлға* бола алады. Яғни индивид қоғамдық қатынастарға тартылып, қоғамның бір мүшесі ретінде жаңа әлеуметтік қасиетке – тұлғалық сипатқа ие болады. Сондықтан тұлғаның қандай болатыны индивидтің дүниеге келгеннен бойында бар биологиялық ерекшеліктеріне емес, тәлім-тәрбие алған, есейіп ержеткен әлеуметтік ортасына байланысты.

Адамның сана мен мінез-құлық, жүріс-тұрыстың қоғамдық формасын, адамзаттың қоғамдық-тарихи тәжірибені меңгеру нәтижесінде қалыптасатын әлеуметтік-психологиялық қасиеттері тұлғаны сипаттайды. Адам баласы тұлға болып қоғамдағы өмірдің, тәрбиенің, оқытудың, қарым-қатынастың, өзара әрекеттесудің ықпалынан жетіледі. Бірақ тұлға ретінде дамуды қоғамдық қатынастармен анықтау адамды сыртқы орта ықпалына қатысты енжар объект екен деп түсінуге тірелмейді. Тұлға тек әлеуметтік ықпалдардың ғана өнімі бола алмайды. Оның осы ықпалдарды өзінше қабылдауға, өзгертуге, түрлендіруге мүмкіндігі болады. Адам баласы қоғамдық қатынастарға араласып, белгілі бір дәрежеде белсенді түрде өзінің тұлғалық дамуының әлеуметтік жағдайын жасауға қабілетті келеді. Сондықтан тұлға сипаттамасына қоғам тарапынан болатын сыртқы ықпалдарды түрлендіретін *ішкі шарттардың, жағдайлардың жиынтығы* да қамтылатынын түсіну керек. Бұл ішкі шарттар биологиялық және әлеуметтік қасиеттердің қоспасы болып табылады. Тұлға дамып, жетілген сайын ішкі шарттарды сипаттайтын қасиеттер тереңдеп, ұлғая түседі. Олай болса, тұлға тек қана қоғамдық қатынастардың объектісі және нәтижесі емес, ол іс-әрекеттің, қарым-қатынастың, сана мен өзіндік сана-сезімнің белсенді *субъектісі* болады.

Субъект категориясының философия аясынан шығып, психологиялық теорияға кіргізілуі болашағы зор, эвристикалық маңызы орасан іс болды. Соның арқасында кейбір іргелі психологиялық проблемалардың методологиялық тіректерін дәлме-дәл келтіруге мүмкіндік ашылды. Субъект категориясы әртүрлі

психологиялық ұғымдарды саралауға әрі оларды ерекше жүйелікпен жинақтауға әдіснамалық бағдар болады. Осыған орай, 1960 жылдары гуманитарлық ғылымдарда С.Л. Рубинштейннің субъект-әрекеттік тұжырымдамасы негізінде субъектінің арнайы категориялары қолданыс табады [2]. Әсіресе психология ғылымдарында іс-әрекет субъектісі, таным субъектісі, қарым-қатынас субъектісі (Б.Г. Ананьев), субъект-субъектілік қатынас (Б.Ф. Ломов), тіршілік әрекетінің субъектісі (С.Л. Рубинштейн), психикалық іс-әрекет субъектісі (К.А. Абульханова) ұғымдары енгізіліп, индивидтік, тұлғалық қасиеттерге қатысты тұрғылар саралана бастады.

Субъект талдамасы психология ғылымдарының бірлігін орнататын, сондай-ақ психологияны жаратылыстану және гуманитарлық тарамдарға айырылып, жікке бөлінуін жеңуге мүмкіндік беретін жол ретінде аса жоғары дәріптеледі [3]. Сондай-ақ психология ғылымдарының барлық салаларының жалпы зерттеу пәні тек субъект болатынына әбден негіз бар деп саналады [4]. Осы орайда психологиялық-педагогикалық ғылыми мектептерде субъект категориясына тіректелу арқылы зерттеулер жүргізу, қисынды теориялар түзу тәжірибесі баршылық. Дегенмен көп жағдайда субъект психологиясының негізгі ілімдерін аса жалпыланған түрде қабылдау, қолдану, түсіну орын алады. Сондықтан олардың теориялық-эксперименттік негіздемесін тиянақты талдау қажет. Осы орайда адам баласының субъект ретінде өзгертуші, түрлендіруші, жасампаз, шығармашыл белсенділігін, осы белсенділік факторлары мен оны жүзеге асыру механизмдерін зерттеу бірқатар мәселені ашады. Ең алдымен субъект қағидасы кейбір психологиялық қасиеттердің, процестер мен жағдайлардың өздігінен ғана әрекетті толыққанды анықтай алмайтынын ескеруді негіздейді. Осыған орай *іс-әрекет пен қарым-қатынасты, өзіндік даму процесін жетілдіру және өзін-өзі актуалдандыру мәселелерін зерттеуде субъект психологиясын негізге алу қажет*. Себебі субъект тұрғысынан сыртқы ықпал нәтижесі ретінде психологиялық даму процесі толымды сипатталады және осы сыртқы ықпалдың әрқашан ішкі жағдайлармен байланысты әрі олардан тәуелді болатыны дәйектеледі.

Тұлғаның психологиялық және биологиялық қасиеттері бойынша, яғни индивид, тұлға және субъект ретінде басқаларға ұқсамайтындығы, ерекшелігі оны *«жеке-дара»* ұғымымен сипаттайды. Психологияда адамның иерархиясы бойынша ортақ көзқарас жоқ. Бұл әсіресе тұлға және субъект деңгейлерінің иерархиядағы ретіне, бір-бірін анықтауына байланысты. Мәселен, С.Л. Рубинштейн, К.А. Абульханова теорияларында субъект ұғымына қарағанда тұлға ұғымына әлдеқайда кең, жалпыланған мағына беріледі. Сонда тұлғалық қасиеттер субъект деңгейін анықтайды. Ал А.В. Брушлинский, В.В. Селиванов субъект ұғымын тұлғаға қарағанда әлдеқайда жалпыланған категория ретінде түсіндіреді. Дегенмен тұлғаның барлығы бірдей субъект дәрежесіне жете бермейді (С.Л. Рубинштейн, А.В. Брушлинский, К.А. Абульханова).

Теориялық және эмпирикалық зерттеулер арқылы пайда болған жаңа сала – субъект психологиясы С.Л. Рубинштейннің [5] адам баласы болмысты және өзін саналылықпен құрауға, өзгертуге, түрлендіруге қабілетті болатыны жайлы басты идеяның негізінде пайда болған. Мұнда постулаттық тұжырым жасалған: *адам субъект болып дүниеге келмейді, субъект болып дамып, жетіледі*. Осы орайда ғалым әрбір адам өзін өзгерту арқылы өз тарихын жасайтынын дәйектейді.

К.А. Абульханова [6] ұстанымы бойынша *тұлғаның субъект ретінде қалыптаса бастауы іс-әрекетке қатысты* әрі оны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін психикалық және тұлғалық қасиеттердің іс-әрекет талап-міндеттері мен тұлғаның өз өлшемдеріне сәйкес қайта құрылу, қайта ұйымдастырылу процесі болып табылады. Жалпы субъект ерекшеліктері көбінесе іс-әрекетке қатысты сипатталады. Бірақ субъект ақиқатты бейнелеп қана қоймайды, ол әрқашан осы ақиқаттың мән-мағынасын айқындап, оның құнды жақтарын ашып, оған өзіндік мазмұн береді. Осыған орай іс-әрекеттің әр түрлерімен қатар *қарым-қатынас та субъект белсенділігі* болып табылады. Бұл түсінік адам жан-дүниесінің айрықша өзгешелігін тануға, осы орайдағы түрлі психологиялық, этно-мәдени зерттеулерге мүмкіндік жасайды. Субъектілік қасиеттің ерекше белгісіне *әлеуметтік сипат* жатады. Субъект басқалардың ықпалына белсенділікпен жауап қайтаруға әлеуетті келеді. Сондай-ақ әрбір субъект басқалар тарапынан кері байланысты дәлме-дәл қабылдай алады. Олай болса субъект өзі жүзеге асыратын іс-әрекет нәтижесінде өзгереді, дамып жетіледі. *Тұлғаның өзіне субъект екендігін басқалар тарапынан жететін кері байланыс білдіреді*. Сондықтан іс-әрекетпен бірге қарым-қатынастың да тұлға субъектілігін анықтаудағы маңызы аса зор. Тұлға қарым-қатынас процесінің субъектісі ретінде әртүрлі жақтарынан Г.М. Андреева, М.М. Бахтин, Э. Берн, В.С. Библер, А.А. Бодалев, Дж. Мид, А.В. Петровский, Х.Т. Шерьязданова, А.У. Хараш және т.б. ғылыми жұмыстарында зерттеледі. Түрлендіруші іс-әрекетпен қатар және осындай іс-әрекетті жүзеге асыруының арқасында адамның *субъект деңгейінде ғана өзін-өзі өзгертуі* орын алады.

К.А. Абульханова, В.И. Слободчиков, Г.А. Цукерман және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде тұлғаның өзіндік сана-сезімге негізделетін жалпы психологиялық дамуы субъектілікті жетілдіріп, «объектіліктен» құтылумен байланысты болатыны ашылады. М.С. Каган тұлғаның өзін-өзі өзгертуін түрлендіруші іс-әрекеттің ерекше формасы деп анықтайды [7]. «Адам мақсаттарды және оларды жүзеге асыруға қажетті әрекеттерді еркін таңдаумен анықталатын сана және өзіндік сана-сезім иесі ретінде ғана субъект болып табылады» [8]. Психология ғылымдарында жас ерекшелікке байланысты Мен-тұжырымдамасының айқындалуы (Г.С. Абрамова, И.С. Кон, В.С. Мухина және т.б.); өзін-өзі бағалауы (А.И. Липкина, Н.С. Неймарк және т.б.); мінез-құлықты өзіндік реттеу (С.Г. Якобсон және т.б.); өз-өзіне қатынастар жүйесі (В.В. Столин, С.Р. Пантелеев және т.б.); өзін-өзі актуалдандыруы (А. Маслоу) бойынша *тұлға өзіндік сана-сезімнің субъектісі ретінде* қарастырылады. Сонда субъектіліктің жоғары деңгейде жетілуі өзіндік даму процесімен тікелей байланысты. Екінші жағынан, субъект өзіндік даму процесінің реттеушісі ретінде психологиялық дамуын мақсатқа лайық құра алады.

Тұлға іс-әрекет, қарым-қатынас, өзіндік даму субъектісі ретінде соңғы жылдары ғылымда «*субъектілік*» ұғымымен анықталады. Мұнда адам баласының іс-әрекетті, қарым-қатынасты және өз-өзін өзгертуге, дамытуға, жетілдіруге деген қатынасы субъектілік болып табылады. Әдебиетте адамның сыртқы орта мен өзін-өзі өзгертуге, дамытуға байланысты субъектілікті қабілет, әлеует, қасиет, ерекшелік, сипаттама, ұстаным (позиция) ретінде қарастырылады. Бұлайша әрмәнді анықталу қағидалық қателік болмас.

Тұлға іс-әрекетке, қарым-қатынасқа байланысты өзін субъект ретінде

көрсететіні жайлы ой нақтылай түсуді қажет ететін сияқты. Іс-әрекет адамның тек белсенділік формасы ғана емес. Ол – тұлғаның субъект ретінде ниет-тілектерінің, қабілеттерінің, мүмкіндіктерінің ерекше жиынтығы. Демек *тұлғаның іс-әрекетті субъект ретінде жетілдіруі* оның кез келген іс-әрекетті оңтайландыруға қабілетті болуын білдіреді. Сол сияқты субъектілік ұстаным негізінде тұлғаның басқалармен қарым-қатынасы «субъект-субъект» сұлбасымен жүзеге асырылатындай ерекше жүйе құрылады. Тек осы жүйеде ғана қарым-қатынас жасау жағдайын, уақытты, әлеуметтік рөл мен статусты, тұлғалардың мақсаттарын, этикалық қағидаларды, дүниеге көзқарасты, ұлттық, мәдени құндылықтарды, психофизиологиялық ерекшеліктерді қатаң ескеруге мүмкіндік болады. *Қарым-қатынасты жетілдіру* өзара қатынаста «субъект-субъект» сұлбасын ұстану арқылы анықталады деп санаймыз. Аталмыш тұрғымен қарым-қатынас жасау оған қамтылған тұлғалардың бір-бірінің психологиялық ерекшеліктерін, мақсат-мүддесін, ниет-тілектерін, бағыттылығын ескеруге байланысты. Алайда қарым-қатынас процесінде басқа адаммен субъект ретінде өзара әрекет пен өзара қатынас құру аса күрделі мәселе. Дегенмен қандай жағдайда болмасын, кіммен болмасын қарым-қатынас жасауда қазақ халқының рухани-адамгершілікке негізделетін қарым-қатынас мәдениеті бар. Ол субъектілік тұрғымен келісті үйлесе алады. Сондықтан субъектілікті дамытуда қазақ халқының қарым-қатынас жасаудағы ұлттық мәдениеті келісті түрде ескеріліп, негізге алынуы тиіс. Алайда қазіргі құндылықтар девальвациясы кезінде адамдар арасында қорлау, озбырлық, аяусыз шеттету сияқты келеңсіз жайттар да кездеспей қоймайды. Сондықтан тұлға үшін *субъект ретінде қарым-қатынасты рухани-адамгершілік тұрғыдан жетілдіру* басты мақсат болуы тиіс. Осы орайда тұлғаның өз «Менін», ар-ұжданын табан асты етпей, намысын сақтау мәселесін субъект ұстанымы негізінде шешуі де көкейтесті.

